

Қонаш  
ҚАЛДЫОРАЗҰЛЫ

Аллаһпен  
ел тарихы



*Қонаш Қалдыоразұлы*

**ШЕЖІРЕ  
ЕЛ АТАУЛЫ**

*Адайдың Бес арыс Бегімбетінің  
шежіресі*

*Атырау-2010*

УДК 929.5 (574)

ББК 63.2 (5 қаз)

Қ 24

Қалдыоразұлы Қонаш.

«Адайдың Бес арыс Бегімбетінің шежіресі» –шежіре-кітап жинағы. «Ағатай» баспасы. Атырау қаласы, 2010. бет.

Автор мұнда ел тарихына, ата-баба шежіресіне қатысты жазбаларды топтастырып, оған терең түсінік беріп, оны кейінгі ұрпаққа өнеге ретінде ұсынуды парыз санаған.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 929.5 (574)


ББК 63.2 (5 қаз)

ISBN 978-601-7018-52-8



*Бұл кітабымды аталарым Өмірбай мен  
Есқожа, әжелерім Маман мен Жібек  
рухына арнаймын.*

*Автор.*





## **Қадірлі оқырман ағайын!**

*Бұл кітап 1996 жылы Қоңырқұдық елді мекенінде бас қосқанда жинақталған материалдар негізінде жазылып еді. Соған байланысты көптеген әулеттің соңғы ұрпақтарының аты-жөні енбей қалды. 2004 жылы Тарих Исақұлов деген азаматпен шежірені бастыруға келісім жасағанбыз. Алайда ол кісі кейін марқұм болып, кітаптың қайда қалғаны белгісіз болды. Кейін Орал қаласындағы бір баспаға тапсырғанын білдік. Өкінішке орай, құйылған диск ашылмай қалғандықтан баспа қызметкерлері баса алмаймыз дегенді мәлімдеді. Ақыры сол компьютерде терілген жазба сол күйінде сонда қалды да, ал бұл кітапты бұрынғы қол жазба бойынша қайта тергізуге тура келді. Осы жайды кітапты оқығанда қатерлеріңізге алуларыңызды сұраймын.*

***Игі тілекпен автор.***



### *Қонаш Қалдыоразұлы*

Белгілі қаламгер, ойы жүйрік журналист, Жылыой ауданының құрметті азаматы, Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі Қонаш Қалдыоразұлы 1942 жылы 7 қаңтарда Жылыой ауданында дүниеге келген. 1959-2008 жылдарда халық шаруашылығының әр саласында еңбек етті. Жоғары білімді журналистің баспадан «Шуақты жүрек», «Тоғысқан тағдырлыр», «Ел анасы – Ер ана» повесть, «Махаббат әні» әңгімелер, «Ана туралы ән», «Қазына мекені» хикая, эссе, очерктер жинағы, сонымен бірге оның құрастыруымен «Аққан жұлдыз», «Жылыойдың жайсаң жігіті», «Өзіміздің Өтекең», «Кие мен қасиет иесі», «Еңбегін елі сыйлаған» атты кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ оның өлеңдері мен очерктері, эсселері мен әңгімелері «Бекет ата», «Қойнауы құтты Кең Жылыой», «Жылыой қаламгерлері», «Мұнайшы арулар еңбегі – ерлік ескерткіші» жинақтарында шықты.


Қонаш Қалдыоразұлы Құлсары қаласында тұрады.



## *БАСТАУ немесе АЛҒЫСӨЗ*

Биссимиллаһи ррахмани рахим!

Уа, ізбасар інілерім, қадірменді жас ұрпақ! Мен бүгін, ХХ ғасырдың аяқ шенінде, яғни 1996 жылы 7 қарашада, бейсенбі күні бесінде, уа Алла жар болғайсың деп қолыма қалам алып, хадари-халім келгенінше ел тарихын, ата баба шежіресін жасақтауға ниет еттім. Ниетім қабыл болып, жұлдызым оңынан туса ұрпақ үшін үлкен бір істі бітіргенім. Әрине, шежіре жасау, тарих жазу оңай шаруа емес екені белгілі. Ол үшін белің бүгілгенше, қарың қарысқанша, қолың талғанша, өкпең өшіп, өзегің өртенгенше, жүрегің үзілгенше ерінбейтін еңбекқор, іркілмейтін ізденімпаз болуың керек. «Жалғыз ағаш орман емес» дегендей бұндай бірегей шаруа, іргелі іс бір адамның қолынан келе қоймауы мүмкін. Бірақ, «Тәуекел түбі жел қайық» деген бар, бабалар рухы үшін, жас ұрпақ алдындағы парызың – жүрек әмірін орындау қажет. Әр азамат өзінің кейінгі ұрпағына өзі білер ата-баба тарихын жазып қалдырса нұр үстіне нұр. Бір әулеттің, бір шаңырақтың өзегінде бүкіл бір ру шежіресі ел тарихы құралып, жасақталары бар. Әлбетте, мен де өзіміздің де, өзгенің де тарихын тереңінен білемін, айқын айта аламын деуге әсте хақым жоқ, өрем де жетпейді. Неге десеңіз біздің аға ұрпағымыздың да, біздің тұстарымыздың да, бізден кейінгі ұрпақтардың да ең басты кемшілігі- ел тарихы мен шежіресін білмеуі, оны білуге ұмтылмауы. Оған басты себеп- ынта-ықылас болмады дейін десек, өтірік айтқандай боламыз. Жасырары жоқ жетпіс жыл бойы коммунистік партияның идеологиясы, орыстық шовинизм






оңдырмай тоқпақтады, тастөбемізден ұрды. Алла сөзі өтірік, құдай жоқ, дін- апиын деп насихат жүргіздік. Соның ықпалымен күн кештік, соның күнқағары, көледікесінде өмір сүрдік. Қазақтың тарихында терең үңілуге, шежіресін насихаттауға, дінінді үгіттеуге жол берілмеді. Қол жайып, ас қайырған кісі әңгімеге ілікті, партбюроға түсіп, күрзі тоқпақ астына алынды. Сондай қатал тәртіп, орынсыз нұсқау көптеген ақ адал, ниеті түзу азаматтардың да көкірек сәулесін өшіріп, тұншықтыра білді. Алайда елі мен жерінен, халқы мен ұрпағының тағдырын ойлаған ойы озық, зердесі зейінді, парасатты перзенттер көкірегін оятып, көзін ашып, айналаға ақылмен, сергек сезіммен қарап елінің ертеңіне, ұрпағының болашақ тағдырына алаңдай бастады. Ел тарихын жинақтау, рулар байланысын зерделеу, ата- бабаның өткені мен келешек жалғасына жан-жақты пайым жасап, парасат таныта бастады.

«Ертеңгі ұрпаққа не қалдырамыз» деген сауал көкіректі тырналап маза бермеуі де мүмкін. Демек, ел азаматтарының, ағалар мен інілердің ізгілікті істері нәтижесінде өзгені емес өзіміз өрген бабалар шежіресін жасауға ден қойдық. Бұл істе аға буын өкілдері Нұрнияз Қожағұлұлы, Қарабатыр Ескожаұлы, Мырзағұл Қарабалаұлы, Егінбай Нұрпейісұлы, Түркпенбай Қошанұлы, Ғабиден Жұмақшамұлы және басқа көптеген көкірегі ояу азаматтар адал ниеттерімен, шын пейілдерімен көмек ете білді. Оларға «Жомарт ата» қауымдастығы атынан айтар алғысымыз аз емес.

Қадірлі ұрпақтарым! Бұл шежіре толық нұсқа деп айта алмақ емеспін, әйтеуір сұлбасы десе де болады. Алайда, алаштың азаматы сүйсініп оқыр шежіре жазу үшін ғылыми






деңгейің мен білімің, өрелі ойың, зерде зейінің болуы тиіс. Елден естімішің көп болып жатса, оны қиыстырып шежіреге шебер енгізе білсең тіптен жақсы. Шежіре бір жағы ел тарихы болуымен қатар ел оқыр, ертеңгі ұрпақ оқыр көркем дүние болуы тиіс.

Әрине, менде де толық мәліметтер бар деуден аулақпын. Қолға түскенін, елден естігенді жинақтаған сыңайлымын. Көп болып көмектесілді, шежіре жасақтауға ағалар, азаматтар араласты, дегенмен кемшілік жайлары, олқы тұстары, қалып қойған ұрпақтар дәуірі болуы мүмкін. Ал оны толықтыру, кейінгі ұрпақ, сенің игілікті ісіңе айналуы керек. Біздің мақсат- сіздерге шежіре - сырдан бүгінгі өздеріңе дейінгі ірге тасын қалап беру болды. Олай дейтінім, менің өз басым әкесіз, анасыз, ата- бабаның әңгімелеріне қанықпай, әлденеше өңірде өмір сүргенім өз алдына, ал жүдә әдемілеп әңгіме айтатын ақсақалдарымыздың сырларына мезгілінде көңіл бөлмегеніміз өкінішті- ақ..

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім, қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкінген Абай сыры бізге де жат емес. Өйткені, шежіре - сыры терең, құпиясы мол ғылым. Ол-елінді, жерінді, тегінді білу деген сөз. Ол - өткенінді еске алу, бүгініңе байыппен қарау, болашағыңа батыл барлау жасау дегенінді алға тартады. Шежіре - жеңіл шаға салатын жаңғақ емес. Шежіре жасақтау үшін көп жайды білу жөн. Осыны есте тұтып, ел тарихына, ата-баба тарихы, атамекен мен жер сырына ден қойсақ біздерге де, Сіздерге де келер ұрпақ, ата баба рухы дән риза болары ақиқат.






---

## АҚИҚАТЫМ-АДАМДЫҒЫМ

### */бірінші шегініс/*


Мен адаммын. Біз адамбыз. Адам деген атымыз Алла тағала жаратқан Адам атадан алынған болуы керек. Жалқы есімнен жалпы есімге айналған сыңайлы. Иә, Алла тағала Адам ата мен Хауа ананы жаратып, қасиетті жер-мекенге ие еткенін неше бір ықылым замандар айтады, әртүрлі пайымдайды, әртүрлі аңыздайды. Біреу топырақтан десе, екіншісі бір ғылым иелері маймылдан жаратылған деп уәждайды. Қайткенде де жаратылыстың күрделі бір құбылысы сәтінде Адам атты тіршіліктің, ақыл-ойдың және басқа жағымды, жағымсыз қасиеттердің иесі жаратылған. Шынтуайтында Адамды, оның жан-серігі Хауаны кім қалай, неден жаратты, ақыл-ой, зейін-зерде, ақыл-парасат қалай берілді? Міне бұның бәрі жаратылыстану ғылымымен байланыстыра зерттеліп келе жатқан, әлі болмаған, бірақ зерттеле беретін бірегей ілім. Адам мен Хауа ана жер планетасын мекендеп, ұрпақ өрбіткелі, табиғатты түрлендіріп, жан-жануарды қолға үйреткелі қаншама уақыт өтті десеңізші. Содан бері адамзат құбылысы сан өзгеріп, небір нәубеттерді бастан кешірді. Қоршаған орта, тарлан табиғат, қасиетті Жер-Ана алуан жайға тап болғаны, содан адамзат өмірінің тіршілігінің сан мәрте тығырыққа тірелгені ақиқат. Десек те, қандайма қайғы-қасіретті бастан кешсе де адамзат қоғамы дамыған үстіне дами түсіп, бүгінгі дәуірге жетіп отыр. Адам бір күндік болмыс емес. Ұрпаққа ұрпақ жалғасып, тіршілік керуені ілгері тарта береді. Дөңгелек дүние деген осы болса керек. Адамзаттың жаратылысы, дамуы, жетілуі Құранда, Інжіл





мен Тауратта және басқа ғылыми еңбектерде ерекше айтылғанын кейінгі жылдарда оқып, біліп жүрміз. Ал оларға түбегейлі тоқтау мүмкін болмас. Мақсатымыз- сол Адам ата мен Хауа анадан өрбіген ұрпақтың титімдей ғана бір бөлшегі өз ата-бабаларымызға қарай әңгіме бағытын ойыстырсақ оңды болар еді. Қайткенде де менің адамдығым ақиқат.

Көпті көрген көнекөз қариялардың әңгімесінен, кейбір қаламгерлер шығармасында өрнектелгендей сонау шығыста асқар Алтай тауларынан, батыста Каспий теңізіне, теріскейде Орал тауларынан түстігінде Тянь-Шань тауларына дейін созылып жатқан ұлан дала, кең мекен— менің елім, қазақ елінің құтты қонысы екен. Кең шалғайлы құтты қонысты қазақтың қаһарман ұлдары қаһарлы жауларына қарсы тұрып, қорғай білген. Қорғай отырып, ұрпақтарына аманат етіп қалдыра білген. Әлбетте, ел жөнінде де, оның жері жайында да жүйелеп-жүйелеп айтуға болар еді. Алайда бәріне уақыт, жағдай керек. Ал біз асыққан заманның адамдарымыз. Олай дейтінім, қазіргі қуырдақтай қуырған нарықтық кезең кең отырып көсілуге, елім деп есілуге, жерім деп жайғасуға мұрсат берер емес. Бір айтарым- осынау кең мекенді, өркенді өңірді — қасиетті қазақ халқымен бірге көптеген өзге ұлт өкілдері де қоныстанып, дәмін татып, суын ішіп отыр. Әрине, бұндай даңғайыр далиған дархан даланы, бақыты тасып, байлығы артқан кең даланы бүгінгі ұрпақ үлесіне қалдырған ата бабалар алдында қашан да қарыздармыз. Бабаларымыз осы даланы қорғау, оны мекен еткен қазақтардың тұтастығын сақтау жолында жан аямай тер төкті, жан-жақтан ентелеген, көз алартқан жаулармен шайқасты, қанын төкті, қажет болса






шыбын жанын пида етті. Сонымен қазақ даласын мекен еткен жүздеген ұлыстар мен рулардың ішінде менің және сенің де ата-бабаларың бар. Олардың бірі Алтайды, екіншісі Теріскейді, үшіншілері Сарыарқа мен Түстікті мекендесе, менің ата-бабаларым Батыс аймақта, Каспий теңізі жағалауын мекендегендер. Міне, олар жайында не білеміз.

## *АДАЙ*

### *деген ел едік*

#### */екінші шегініс /*

Қазақ қазақ боп, мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасқалы аймақтық басқару да жүзеге асты. Соның ішінде кең байтақ Қазақстанның батыс аймағын мекен еткендерді- Кіші жүз деп есептейді. Алайда Кіші жүз құрамындағы рулардың дені о баста асқар Алтай, Алатау жағында қоныс еткенге ұқсайды. Ол жайында әдеби шығармалар аз емес. Біз де сол Кіші жүз құрамындағы көп ұлыстардың біріміз. Соның ішінде Атырау өңірінде, Каспий теңізінің шығысындағы ұлан даланы мекен еткелі қашан. Егер ата-бабаларымыздың жылжи-жылжи Сыр бойын басып өтіп, осынау өңірге тұрақтағалы да 300 жылдай мезгіл артта қалғанын айрықша айтқан жөн. Наркескендері мен ақ найзаларын өңгерген, бір өзін мыңға теңгерген қазақ батырлары осы өңірден құба қалмақтарды түре қуып, қыр асырып тастап, қайта оралмайтындай етіп меселін қайтарып, күн өткен сайын қонысы мен жайылысын жаңарта, кеңейте беріпті. Ата-бабаларымыздың алды барып Маңқыстау ойына қоныстаса, бірқатары Жем-Сағыз




өресінде, Қаракұм қойнауында қоныстанып қала беріпті. Содан бері де ғасырлар, сан жылдар, кезеңдер артта қалды. Дүниеге сан ұрпақ келіп, сан ұрпақ кетті. Құбылысы бөлек замандарға ілесіп, құрылысы бөлек қоғамдар, елдер өтті. Қоғамдардың, қауымдастықтың дәуірлеген, дүбірлеген, құлдыраған, құрдымға кеткен кезеңдері де болды. Бірақ тіршілік дөңгелегі тоқтаусыз алға жылжи береді. Заман озады, заман тозады деген бар. Ал, қоғамды, қауымдастықты, халықты- жеке-жеке ұлттар, ұлыстар, рулар құрайды. Біз мұсылман халықпыз, қазақ ұлтымыз, Адай ұлысымыз. Бәрімізде Құдайдың құлы, Мұхамбет Ғалейәссәләмнің үмбетіміз. «Адай» деген елім бар деп ақындар мен шайырлар жырлаған халықтың аңыздары мен жырлары қалыптасқан. «Ежелгі Қазақстан жерін мекендеген халықтың құрамында көптеген тайпалар, рулар кірген. Бұлардың ішіндегі ең көбі де, ең жауынгер күштісі де сақтар, скифтер болды. Ежелгі гректер сақ, массагет, дай, исседон Каспий және басқаларды «скиф» деп атаған. Сондықтан скиф сол кездегі сақтар сияқты ең күшті тайпаның жиынтық аты» деген.

Қазіргі ғалымдардың бірқатары массагеттер тайпалық бірлестігінің Кіші жүз қазақтарының ең көне этноаумақтарының негізгісі десе, ал ата кәсібі жылқышылық болған /дахи/ Маңғыстау мен Үстірттегі адай рулы қазақтардың арғы тегіне жатқызады.

Сақтардың бір бөлігінің біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырда Сыр бойынан батысқа – Каспий теңізінің батыс жағалауына өтіп, Арменияға баса көктеп кіргендігін Страбон да айтады. /Ол атақты грек географы ғой/. Сақтардың армян жерінде болғандығына ғылыми болжам





ретінде «Сагопеие» деп аталатын облыс: «Адайхох» деген тау шыңы бар екенін білеміз. Сақтардың дай аталатын тайпасының бір бөлігі түркімен даласына өтіп, Қаракұм шөлін мекендеген. Дайлар үнемі қозғалыста болып, жер-жерге көшумен Каспийдің шығыс жағалауына, одан әрі Еділ, Жайық асып, шығыс Еуропаға өтіп жүрген.

Біздің заманымызға дейінгі дәуірдің IV-III ғасырларда массагеттер хундармен одақтасып Канка /Қанлы/ Хорезм мемлекетін құрайды. Хорезм мемлекетін сақ /Адай/ қызынан туатын Сияуыш батыр-ды. Македонскийдің өзі Сырдариядан өтер кезде Сақ жауынгерлерінің садақ оғынан жараланады.

Маңқыстау жерін көптеген тайпалар ежелден мекендеген. Тарихи деректерге қарағанда Маңқыстауда сақтар мен скифтер, гунндер мен сарматтар, алаңдар мен қаңлылар, оғыздар мен қыпшақтар, түрікмендер тұрған, ал кейінірек ол Кіші жүз қазақтарының құрамындағы.

Адай руының мекеніне айналды. Адай жұртшылығы Жоңғар және Орта Азия феодалдарының қыспағынан ығысып XVIII ғасырдың орта кезінде Маңқыстау түбегіне көшіп келе бастайды.

1926 жылғы Маңқыстау экспедициясының материалдарына қарағанда XVII ғасырдың ортасында Сауран өңірінен ойысқан Адайлар батысқа бет алып, Ойыл, Жем өзендеріне дейін, жетіп, қалмақтарды тықсырып, олардың жерін тартып алған. Ал, XIX ғасырдың бірінші жартысында Адайлар Россияның көмегімен Маңқыстау, Үстірт және Бозашыдан түркімендерді ығыстырып, Арал теңізінің батыс жағалауына, Красноводск және Хиуаға қарай баратын жолдар бойларына дейінгі кең атырапты алып өзінің көші-


қон шекарасын кеңейтеді.

Адайлар- көне замандағы тайпалардың бірі. Ол туралы сан алуан пікірлер айтылған бірқыдыру ғылыми зерттеулер бар. Сол сияқты адайдың шығу тегі туралы ел арасында сақталған әртүрлі аңыз- әңгімелер аз емес. Адайдың Бәли бөлімінен шыққан ақындардың бірі Қашаған Күржіманұлының ХІХ ғасырда елдің шежіре тарихына сүйеніп шығарған «Адай қонысы», «Адайдың әкесін табуы» сияқты көлемді дастан шығармалары Адай руының шығу тегі мен қоныстану тарихына байланысты айтқандары бұл мәселеге аз да болса себін тигізетіні даусыз. Адайлардың арғы тегі «Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауын мекендеген ежелгі Дай /Дах/ тайпалары болса керек. /К. К. Э. – I том, 3бет/. /Үркімбай Қыдыралин «Дайлар кімдер?» 16.ХІІ.1995 ж. «Атырау» газеті/

Сондай-ақ, Ыбырайым ахунның, Өмірзақ Қалбаевтың жырларында Адай ұлысының ерлігі мен өрлігі, жомарттығы мен сақилығы сырбаз жырлардың өзегі болғанын аңғарамыз.

Тарихшылар мен шежірешілердің айтуына қарағанда сонау заманалар бастауынан сөз қозғар болсақ, Адам ата мен Мұхамбет пайғамбар Ғалейәссәләмға дейін 49-50 атаға жетіпті. Жалпы Адам ата, Хауа ана жаратылғалы 6100 жылдан асыпты деген сөз бар. /газеттен/ Мұхамбеттің жолдасы Әнес сахаба екен. Әнестің әкесі Мәлік, Мәліктің әкесі Нәсір екен.

Әнестің үш әйелінен 106 бала туыпты. Әнестен- Жәлел, Мағаз, Сейіл, Сейілден- Ақшолпан, Қуырай, Қуырайдан- Дүйім, Алаш. Алаштан- Сейілхан, Жайылхан. Сейілханнан- Сегіз арыс Түрікпен. Жайылханнан Ақсақ, Естек, Татар,




Башқұрт. Майқы биден- Өзбек. «Сөз атасы Майқы би» деген аталы сөз сол кезеңде қалыптасыпты. Созақтан- Жиенбек, Жиенбектен- 1. Айыр. 2. Қалпақ. Соның ішінде Айырдан- Қазақ /Ғабдолқақ/, Қалпақтан Созақ, одан Қарақалпақ өрген. Әрине, бұл ауызекі әңгімелер өресінде қалып қойып жатқан тақталар болса кешірім өтінемін. Қазақтан- Төре, Қожа, Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс туыпты дейді.

Қазақ /Ғабдолқақ/ Түрік халқының патшасы Сүлеймен Махмудов қазақтың ғылым, батырлығы үшін Ғабиден Зақия деген атақ берген. Қазақ сол патшаның Ғазиза деген қызын алған. Одан Шаһзада деген ұл туған, бұл бала патшаның жиені болғандықтан Төре аталған. Осы күнгі Төрелер соның тұқымы.

Қазақ Арабтан /Абуталип баласы Ғали, Құсайын тұқымынан/ Июсып Әшимовтың Нұрғайн деген қызын алған, одан Сейдзада деген бала туған, бұл патшаның жиені болғандықтан Қожа деп аталған. Осы күнгі Қожалар солардың тұқымынан.

Қазақтың үшінші әйелі Қалмақ қызы екен, одан Ақарыс /Ұлы жүз/, Жанарыс /Орта Жүз/, Бекарыс /Кіші жүз/. Бұдан үш жүзге қарасты рулардың ұрпақтары тараған. Соның бірі Бекарыстан Алау мен Арғымақ, ал Алаудан Алшын туады. Сол Алшыннан туған Құдуардан Нұрқожа, Алқожа, Сәдірқожа, Нәдірқожа, Қыдырқожа, Асанқожа атты алты ұл өреді. Ал бір шежіреде /К. Боқановтан жазып алынған шежіреде үш ұл- Қыдырқожа, Сәдірқожа, Нәдірқожа бар да үшеуі жоқ/. Себебі жоқ емес екен. Соның ішінде Нәдірқожадан алты аталы Әлім, Сәдірқожадан жеті ру, Ерқожадан Ожырай ұрпақтары тарайды екен. Ал,





Нұрқожа, Алқожа, Асанқожа жастайынан жау қолынан қаза тауып, олардан қалған бірді-екілі бала Қыдырқожадан пана тауып, тәрбиесінде болады. Ақыры олар Қыдырқожадан өрген 12 Ата Байұлының санатына кіреді. Бұлар- Есентемір, Беріш, Жаппас /кейде Алтын Жаппас деп аталынады/ аталары екен.

Сонымен, 12 Ата Байұлы кімдер? Бәйбішесінен 1.Қыдырсиық, 2. Сұлтансиық, 3. Бақтысиық. Кіші әйелінен 1. Ысық, 2. Мысық, 3. Майса, Ерқожадан- Жаппас, Қалпақтан- Таз. Елтайдан- Адай.Естайдан – Беріш. Қыдырсиықтан – Шенеш, Шеркеш. Атадан – Есентемір, Сұлтансиықтан –Алаша, Байбақты, Қызылқұрт, Масқар, Тана. Бақтысиықтан – бала болғаны белгісіз. Кіші шешесінен туған інісі Ысықты бала етіп алған деген қариялар сөзі бар.

Ғакіз ерте өліп қалып Шекті мен Нияз байдың / Қыдырқожа нын/ қолында қалған, артынан еншіге өкпелеп, Әлім қолына шығып кеткен. Нұрқожа жастай өліп, әйелі Тастыны Қыдырқожа алған. Сондықтан Есентемір Байұлы аталады. Тастыдан Алтын туған.

Асанқожа да жасында жауда өліп, Сәду, Сәлду жау қолында кетеді. Кейін қашып келіп Қыдырқожаның қолында болады. Қыдырқожа ол екеуін бала етіп, Сәдуді – Ожырай, Сәлдуді – Жаббас деп атаған. Ожырай еншіге өкпелеп Әлім болып кеткен. Алқожа да жаудан өліп, әйелін Қыдырқожа алады. Содан Беріш іште келеді. /Бершімек болып қалған/. Содан Байұлы болып аталады.

Қыдырқожа – бай, әулие, керемет қасиет дарыған адам болған. Сондықтан Қыдырқожадан туған балаларды Байұлы, өзін бай деп атаған.

Қыдырқожа Шәміссір /Мұсылман перінің патшасының/  
қызы Гүлжиһанды алады. Гүлжиһан баймен 40 күн бірге  
жатып ғайып болады. 9 ай 10 күннен кейін бай төбеге  
шығып отырғанда белгісіз бір адам- Гүлжиһанның баласы,  
бай өзіңіз тәрбиеленіз деп баланы беріп кетеді. Бай ол  
баланың атын Адай қойып, Таздың шешесі Күнжанға /  
Моншақты қара күнге/ асыратады. Сондықтан Адай, Таз  
емшектес, ағайындас боп келеді.

Қыдырқожадан – Кете, Шекті, Ожырай, Жаббас,  
Есентемір, Беріш /бұлар жақын тумаларынан/, Қыдырсиық,  
Алтын, Таз, Адай /бұлар өзінің балалары/ туған. Бұл 12  
баланың үшеуі – Кете, Шекті, Ожырай еншіге өкпелеп Әлім  
болып кеткен. Олардың орнына үш немересі – Алаша,  
Қызылқұрт, Байбақты /бұлар Сұлтансиықтан туған/  
қосылып 12-ге толып, 12 ата Байұлы аталады.

Шеркеш атақты батыр, бай адам болған. Содан болса  
керек ағасы Шенеш есімі ескерілмей, оның ұрпақтары да  
Шеркеш болып кеткен. /Бұл шежірені араб жұртының  
шежіресінен алып, құрастырған Беріштің атақты ақыны  
Мұрат Мөңкеұлы, үзіндісін келтіріп отырмыз. Қ.Қ./

Өзгені қоя тұрып, емшектесім Тазға, оның бөлімдеріне  
аз-кем тоқтала кетейін. Әрине, менің жазбаларым дұрыс  
та болмауы мүмкін. Сондықтан Таз ағайынның  
ұрпақтарынан алдын-ала кешірім өтінемін. Менің жазбам  
– естімішім. Сонымен Таздан Ес, одан 1. Өзбек, 2. Сарт,  
ал Өзбектен 1. Жастабан, 2. Шарға, Сарттан Абдол  
ұрпақтары өрген. Жастабаннан 1. Байсары, 2. Сүйірбас, 3.  
Тілес, Байсарыдан – Асан, Шапай, Базар, Өтеміс ұрпақтары  
өреді. Ал Сүйірбастан – Шора, Жанай, Қарт туған,  
Шарғадан 8 бала туған. Олар 1. Ақсерке, 2. Жақсыбай, 3.

Жантай, 4. Сайлыбай, 5. Жиен /қыздан туған/, 6. Асан, 7. Жолым /жолдан қосылған/, 8. Күнбас.

Енді бір әңгімеде Таздан 1. Абай, 2. Қабай атты екі ұл өргізеді. Соның ішінде Қабайдан Шонтықұл, Құлай, Құлайдан барып Абдал тарайды. Абдал алты балалы болған екен. Олар 1. Өтес, 2. Жапақ, /бұл атадан – 1. Есберлі, 2. Қайып, 3. Ботақан, 4. Барақ, 5. Ойшы, немесе бес Жапақ аталған ата балалары тарайды/, 3. Мәмбеткұл, 4. Көшей /Бәйімбет, Бәйбіше, Рысымбет, Досымбет, Бура, Тайлақ, Тұрымбет атты жеті ұрпақтары біріктіріліп Жетіқара тармағы қалыптасқан/, 5. Келдібай, 6. Кішкене.

Осының ішінде Келдібайдан 1. Бердібай, 2. Берсүгір тарайды. Ал, Бердібай – Ормамбет, Жәлмәмбет немесе Орыс – Жәлімбет атасына бөлінеді.

Берсүгірден 1. Сейтімбет, 2. Құлет ұрпақтары қалыптасады. Соның ішінде Сейтімбеттен 1. Беккұлы – одан Олжабай, Құлжабай, Сапы, Сағал, Иткүшік, Мақат, Кенжалы, ал Жантайдан- Қожамбет, Дәуленбай, Сасықмойын, Бокет, Тамтық, Шот ұрпақтары тарайды.

Ал, Құлеттен – 1. Қатпа одан Қожан, Түмен, 2. Медет одан Досбол, Есбол, Жанбол, Көйке тарайды екен.

Әрине, әр атаның өзіндік тарихы, ұраны мен белгілері, белгілі де беделді адамдары, азаматтары болған. Елдің игі жақсылары жайында жазылған жауһар жырлар қаншама. Байбақты Сырым батыр, Есентемір Бөкен би, Беріш Құлбарақ батыр мен Мөңке ақын, Исатай батыр, Қызылқұрт Құрманғазы, Беріш Махамбет, Таз Төремұрат, Өтен Нарымбай батырлар, Есенбақ, Қашқынбай, Бала Ораз ақындар, Шеркеш Туманшы би, Байбақты батыр есімі барша қазаққа қадірлі.

1. Алашадан - 7 бала, 1. Алтыбас, 2. Әйтеміс, 3. Түкбас, 4. Сары, 5. Құбылай, 6. Барамық, 7. Қоңырбөрік.

2. Байбақтыдан - 1. Ботан, 2. Жанбақты, 3. Танбақты, 4. Әйтiмбет, 5. Қара, 6. Тоқсаба.

2.Берiш 2. Байбақтыдан. 1. Әсiлбас 2. Құсылбас 2. Байсейiттен 1. Қитас, 2. Тiлес.

Есентемiрден – 1. Көн. 2. Тағашыдан - Әжiмбет, Қожамбет, Бердiмбет.

Жаппас/Алтын/нан – 9. 1. Шаштақ, 2. Самұрын, 3. Бесбалуан, 4. Баймұрат, 6. Қалқаман, 6. Үңгіт, 7. Ысық, 8. Өтей, 9. Киек

Ендiбiрде -4. 1. Қосқұл, 2. Қазалы,3. Шүңгiр,4. Жапалақ делiнедi.

Ысық- 2. 1.Ақсары, 2. Тоғыншы.

Қызылқұрт – 4. 1. Елғұлы. 2. Байғұтты 3. Жантелi 4. Шора.

Масқар - 2. 1. Құттықадам 2. Масақ.

Тана – 7. 1 Жиенбет 2. Қараман 3. Қалқаман 4. Асан 5. Бессары 6. Әлiке 7. Жетiбаулы Тана деп аталады.

Шеркеш – 1. Шенештен – Қосым, Досым.

1.Қойыс 2. Жауқашты 3. Шумақ 4. Қылыш 5. Кестен болып беске бөлiнедi.

Ендi ел iшiлiк әңгiменi көбiрек бiлетiн, ұзақ жыл партия, шаруашылық саласында жемiстi еңбек еткен Хабдешев Хамидолла ағамыздың қалдырған шежiрелiк жазбаларын келтiрсек:

Қазақтың үш баласы: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Соңғысынан Кiшi жүз тарайды. Бекарыстан Маңғыбай/дан/ Алшын /Кiшi жүздi Алшын дейтiнi осыдан/нан Алаубатыр/дан/ Қыдуар осы кiсiден Кiшi жүздiң негiзгi 25 ру тарайды.

Сонымен Қыдуардан – Қыдырқожа, Сәдірқожа, Нәдірқожа, Тайқожа.

Қыдырқожадан – Сұлтансиық, Қыдырсиық, Бақсиық.  
Сұлтансиықтан- Масқар, Алаша, Байбақты, Қызылқұрт, Тана.

Қыдырсиықтан – Ысық, Шеркеш. Бақсиықтан – Жаппас, Алтын- Жаппас деген де тіркес бар. Жаппастың өте жас кезінде әкесі Бақсиық қайтыс болып, баланы тәрбиелеген әйелі Алтын екен.

Алтын- Жаппастың тек бір ру- Жаппас екені Мұхамбетжан Тынышбаевтың 1925 жылы Ташкен шарынан орыс тілінде шыққан ру-шежіре кітабында Алтынның да, Жаппастың да ұраны Байбақты делінеді.

Қыдырқожаның кіші інісі Тайқожаға Орта жүз Құба бидің қызы Сұлуды әперген. Бірақ қайын жұртына мал қыстата кеткен Тайқожа келер көктемде оқыстан дүние салады. Қыдырқожа құдасы Құба бидің ауылына келіп інісіне бейіт салып, аяғы ауыр қалған келінін елге, алып оралады. Елге оралған келін көп ұзамай жеңілденіп ұлды болады. Салт бойынша атасының ұйғаруымен Беріш деп ат қойылады. Қыдырқожаның төрт ұлының ортасында Назым атты қызы болған. Оны Тоқтамыс ханның Елтай деген баласына ұзатқан. Алайда Едіге батыр шапқанда Тоқтамыс та, Елтай да қазаға ұшырайды. Аяғы ауыр қалған Назым төркініне келіп жеңілденеді. Аты Адай қойылады. Адай жиенін Қыдырқожаның өзі тәрбиелеп, өсіреді. Кейін Байұлының бір шаңырағы еткен. Он екі Ата Байұлының бір шаңырағы Есентемір- Ұлы жүздің адамы екен. Елінде Байбоз деген биді өлтіріп, қоныс аударып, Кіші жүзде Қыдырқожадан пана тапқан. Есентемір де Байұлының бір

шаңырағына айналды. Сонымен он екі ата Байұлы:

1. Масқар 2. Алаша/Алтынбас/3. Байбақты 4. Қызылқұрт  
5. Тана 6. Ысық 7. Шеркеш 8. Жаппас 9. Алтын 10. Адай  
11. Таз 12. Беріш 13. Есентемір. Бұның негізі де болуы  
мүмкін, зерттеу керек.

Құдуардың келесі балалары: Сәдірқожа, Нәдірқожа.  
Сәдірқожадан алты аталы Әлім:

1. Қарасақал 2. Қаракесек 3. Ойлықара 4. Төртқара 5.  
Шөмекей 6. Шекті.

Нәдірқожадан- Жетіру: 1. Табын 2. Тама 3. Кердері 4.  
Керейт 5. Жағалбайлы 6. Рамазан 7. Тілеу.

Сондай-ақ, Кіші Жүздегі 25 ру құрамына кірмейтін  
Ноғай- Қазақ, Төре, Төлеңгіт, Қожа рулары бар.

Ноғайдың тегі Ноғайдан, төрт атаға бөлінеді. Ал төре  
Абылайхан тұқымы болып табылады. Төлеңгіт Төренің  
қызметшісі. Қожалар негізінен ағартушылық қызметпен  
айналысқан. Әр рудың өз қожасы бар. Мұқтар Әуезовтің  
орта жүздегі Арғын руы екенін айтсақ та жеткілікті.

1. Беріш/тен/-1. Байбақты 2. Байсейіт.

Байбақтыдан- Асылбас, Құлкеш, Шақай, Бегіс.

Асылбас тан- Себек, Шақайдан- Есен.

Байсейіттен- Жайық, Қаратоқай, Есенғұл. Ағайынды екі  
кісіден өрген 7 бала есебінен жетібаулы Беріш тақтасы  
қалыптасады.

Жайықтан-1. Дәулет.2. Арықпан/нан/. а/. Бақалай/дан/,  
Сатыбалды/дан/, Құттығай/дан/, Тасболат/тан/, Можай/дан/,  
Жанақан/нан/, Хабдеш/тен/, Байдолла/дан/ Хамидолла.

б/. Наурыз/дан/, Тілеуке/ден/, Ағатай/дан/, Тайман/нан/  
Исатай.

2. Таз/дан /: Ес//тен Абай, Қабай. Абайдан Жастабан,

Шарға. Жастабаннан: Байсары, Тілес, Сүйірбас.

Шарғадан: 1. Асан 2. Сырлыбай 3. Жақсыбай 4. Жантай 5. Жолым 6. Күңбас 7. Жиен 8. Ақсерке-бәрі 8 арыс шарға.

Қабайдан: Абзал/дан/ Шолтұғыр, Құлай. Шолтұғырдан Өтес, Жапақ, Мәмбеткүл. Жапақты Бессары деп айтады. Жапақтың 5 баласы мыналар: Есберлі, Қайып, Ойшы, Ботақан, Барақ.

Құлайдан- Келдібай, Көшей, Тұрымбет.

Келдібайдан- Нұрым, Тұнық Бердібай, Берсүгір. Бердібайдан- Орманбет, Жолманбет. Екеуін қосақтап Орысжәлімбет деп атайды.

Берсүгірден- Сейтімбет, Құлет, Сейтімбеттен: Бекқұлы, Жантай.

Тазда 2 жантай бар, Шарғада, Келдібайда.

Бекқұлыдан: Құлжабай, Олжабай, Сапы, Сағал, Кеңжалы, Мақаш, Иткүшік. Алты арыс Абдал деп осы атамыздың екі баласынан тараған алты немересін айтқан. Тұрымбет ағасы Көшеймен еншілес, соның есебінде болған. Көшейді кейде Жетіқара деп те атайды.

Мен бұл мәліметтерді Нарын бойындағы кезінде Мақаш правительдің жылқысын баққан Қуанәлі Әшенәліұлынан / аттың сынын жарату, баптау әдісін білгір/, туыс аталарым Хайролла Ідірісұлы, Қуат Бекбербетұлы, Жылыой өңірінен Адай Қайшыбай, Таз Сиязбай, Алаша Ашығалы сын-ды ақсақалдардың айтқан әңгімесінен сусындадым,-дейді Хамидолла Хабдешев.



## АТАЛАР

### туралы сыр

#### /үшінші шегініс /

Алайда, қадірлі ұрпақ, біздің арғы атамыз Адай жайына ауысуды жөн көріп отырмын. Адай атамыздан 1. Құдайке 2. Келімберді атты екі бала туған. Соның ішінде Құдайкеден- 1. Қосай, 2. Тәзіке ұрпақтары өреді. Қосайдан- 1. Әйтей, 2. Бегей, 3. Байбол, 4. Тіней, 5. Бәли, 6. Сүйіндік атты аталар тарайды. Бұларды, немесе, Түркмен Адай деп те атайды. Оның өзіндік тарихы, елге тараған аңызы бар. Ал Тәзіке атадан: 1. Жезбике, 2. Өте, 3. Сәрке, 4. Қабақай рулары қалыптасады. Соның ішінде Қабақайдан: 1. Мойнақ, 2. Құдайменді, 3. Есен, 4. Пысық тарайды. Ал Қосайдың Байболынан - 1. Есенкүл 2. Жұлдыз 3. Мәмбеткүл 4. Есенбет/тен/- 1. Есен, 2. Ебіл, 3. Нұрбай, 4. Өрезек, 5. Қоңыр.

Есек, Еділ бір одақ, Өрезек жеродақ деген сөз осы аталардан тараған.

Немесе Тіней атамыздан: 1. Арық, 2. Таңат. Арықтан-1. Құдайберген, 2. Тәңірберген. Таңаттан- 1. Тойғұлы, 2. ЖЫЛЫС.

Мол дәулеті тасқындап,  
Қабыл болған табасы.  
Құнанорыс, Ақпан, Балықшы,  
Бұзау, Мұңал, Тобышпен  
Алтау екен баласы.  
Қарақалпақ Өтемістің қызы екен,  
Осы алтаудың анасы.  
Он екі ата байұлы,





Жау қорғаны тіреуі  
Адай еді біреуі,  
Ортақ болған ырысы,  
Шамалы жерге жетіпті,  
Жастайынан дабысы.  
Келімберді елдің ағасы,  
Артық еді бағасы.

Ал Келімбердіден- 1. Құнанорыс, 2. Ақбан, 3. Шыбынтай, 4. Бұзау, 5. Мұңал, 6. Тобыш ұрпақтары тарайды. Сөйтіп осы балалар негізінде сегіз арыс Адай ұлысы қалыптасады.

1.Құнанорыстан-1. Жортан / Жортыс/, 2. Құбажар / Қоламжар/, 3. Жонды /Жүнді/, 4. Мес, 5. Қайыпназар. Местен- Қазақбай, Тоқсары, Аққұлы, Сүгір.

2. Ақбаннан- 1. Таңатар, 2. Жылыс, 3. Бәтек.

3. Шыбынтай /Балықшы/дан 1. Есберді, 2. Көшей, 3. Жүйрік.

4. Бұзаудан-1. Айтумыс 2.Жеменей.

5. Мұңалдан-1. Жаулы, 2. Шоғы, 3. Әли, 4. Бәйімбет, 5. Алақұлан өрген.

5.1. Жаулыдан- 1.Ескелді 2. Қосқұлақ 3. Жары

5.2. Шоғыдан-

5.3 Әлиден-

5.4. Бәйімбет,тен- 1. Рсай, 2. Жәдігер, 3. Райымберді,  
4. Сабытай

5.4.1. Рсайдан-

5.4.2. Жәдігерден-

5.4.3. Райымбердіден- 1. Жанак, 2. Боқсары,  
3.Сарықасқа, 4. Текей.

1.1. Жанақтан-

1.2. Боксарыдан-

1.3. Сарықасқадан-

1.4. Текейден- 1. Әтембет/Абыз/2. Байжегір 3. Мамыртай, 4. Жақау, 5. Әнет/тен/- 1.Қырымқұл, 2. Қыдырша, 3. Бабақұл, 4.Мая, 5. Қоштан, 6. Төлей.

Атақты Ер Төлеп батыр Қырымқұлдан шыққан.

5.4.4. Сабытайдан- 1. Жандай, 2. Медет 3. Сүгірәлі/ден/ Аққошқар, Ақтеке.

4.1. Жандайдан – 1. Бокқара, 2. Көрпе, 3. Салитан, 4. Сарболат, 5. Сүгіралы.

4.1.1. Бокқарадан – 1. Байбоз, 2. Жанбоз/дан/ Айым, Шақа, Өтеулі, Матай, Жаманқара.

5.1.3. Жарыдан-1. Базар, 2. Назар, 3. Бектеміс, 4.Токтамыс, 5. Кеше/Мұрат/, 6. Мете, 7. Дәулеталы, 8. Жетімек.

3.2. Назардан-1. Тастемір 2. Шотан 3. Майлан 4. Құдайберген.

3.8. Жетімектен-1. Рсалы 2. Қосақ 3. МПан 4.Пұсырман

8.1.Рсалыдан- 1. Жәнібек 2. Өмірзақтан/ Көшек/тен/ Құлшық/тан /1. Дәрмен 2. Шәрмен

а/ Дәрменнен Бөлтек/тен/ 1. Батырбай 2. Таумақ 3. Айтбай 4. Ізтұрған 5. Қатпа 6. Бисен 7. Сәуле.

б/. Шәрменнен – 1. Аралбай 2. Дәметкен/қыз/. Аралбайдан - 1. Қоштай 2. Оразалы 3. Қалбөпе 4. Ақмоншак 5. Қарашаш 6.Торғай.

І. Қоштайдан – 1. Сағындық 2. Қуанбай/дан/ Асхат,3. Жұмабике/қыз/, Ізім/нен/ 1 Әсет, 2. Дәурен, 3. Ислам.

II. Оразалыдан- Тыныштық/қыз/

3.5. Кеше/Мұрат/ден -1. Меңдібай 2. Сасықбай 3.

Қожакелді.

3. Шортық/тан/- 1. Бұқар 2. Сырым 3. Нұрым /нан/ бес бала 1. Алушы 2. Ақпан.

Белгілі қазақ батырларының бірі және бірегейі Сүйінқара Үргешбайұлы Жарының Жетімегінен /1756-1841 ж. өмір сүрген/

Тобыштан 1. Ораз 2. Бегей. Ораздан- 1. Жайық 2. Шегем. . Жайық тан- Әлмембет/тен/ 1. Табынай 2. Шоңай 3. Баубек 4. Зорбайдан- 1. Тоқаба 2. Құл 3. Өтеғұл 4. Тінеке 5. Жанай. Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында ақ ісі қараға айналып, жау, банды атанған Құрмаш Тоқаба атамыздан өрсе, ал әлемнің Әбіші, Сарабдал сөздің зергері, қазақтың қазынасы, қамал бұзар ділмәрі, Адайдың абызы ерен жүйрік ақтабаны, Тобыштың Тарланбозы Әбіш Кекілбаев Зорбайдың Жанай ұрпағынан өрген перзент.

Сондай-ақ, Шоңайдан- 1. Бөгенбай 2. Тоқсанбай 3. Боқай- одан 1. Қожакелді 2. Мурзат 3. Дақ 4. Монша 5. Жарық.. Шоңай әулетінде елге, халыққа кең танымал әйгілі шежіреші ақсақал ағамыз Алшын Мендәліұлындай қадірлі қария өткен.

Табынайдан – 1. Арыстанбай 2. Дауылбай 3. Табылды.

1.1. Арыстанбайдан- Айкұл, Айбас.

Белгілі батыр Сүйінқараның нағашысы Табынай екен, соның ішінде Арыстанбай, одан Айтқұл, Айбас болса керек.

Нағашым Айтқұл, Айбас ер Табынай,

Болайын сірә осал мен неғып-ай, деген екен.

Енді әңгіменің бағытын Бұзау атамызға ойыстырып отырмын.

Бұзаудан: 1. Айтумыс 2. Жеменей.

Айтумыс атамыз жасынан ер атанған адам. Жаумен

шайқаста шейіт болған. Бір әңгімелерде он жеті жасында опат болғанға ұқсайды. Бірақ әйелі жүкті болып қалып, аман босанады. Жеменейдің қамқорлығымен аман есен өскен перзент Айтумыстан гөрі Жеменейміз деп келгені белгілі. Алайда 2002 жылдың көктемінде Айтумыс жөнінде деректер іздестіріліп, табылып, Айтумыстан қалған Шылым балалары Бейнеуде бас қосып ілгеріде өздерін Айтумыспыз деп атаймыз деп бәтуаласқан.

Сонымен: Айтумыстан -1. Шылым/нан/-1. Бәйбіше, 2. Көшке, 3. Ақбота, 4. Қаратоқа /Кішкіл, Намаз/, 5. Өрдек өреді.

1.1. Бәйбішеден – 1.Жанқұлы 2. Жанақ 3. Қожағұл 4. Төлек туған.

1.2. Көшкеден –

1.3. Ақботадаң – 1. Байкелді 2. Ханкелді 3. Аман.

1.3.2. Хангелдіден -1. Тоғызақ, 2. Үсен.

1.3.1. Байгелдіден-

1.3.2. Аманнан- 1. Базар, 2.Бұқар, 3. Төлеген, 4. Пұсырман, 5. Қозыбай.

3.3.1. Базардан-1. Тапанбай, 2. Танық.

3.3.2. Бұқардан-

3.3.3. Төлегеннен- 1. Уәлі, 2. Мұңайтпас, 3. Дәбік

3.3.4. Пұсырманнан-

3.3.5. Қозыбайдан – 1. Ерназар 2. Келдібай 3. Құлыс 4. Мәмбетәлі 5. Тей 6. Сапақ 7. Жанбай 8. Күнбай 9. Түнбай 10. Байқұман, 11. Кенбай, 12. Серім Қарақалпақ қызы Мақпал шешемізден туған бес ұл бес қалпақ деп аталады./ астын сызған біз/

Мәмбетәліден-1. Абылай /Сармандар/ 2. Біләл /Әнестер/ 3. Шүйішбек /Орамақтар/ 4. Қосбай /Өткелбай,

Базархандар.

3.1. Шүйішбектен -1. Байтұр 2. Бектұр 3. Қарабек.

3.1.1. Байтұрдан – 1. Ермағамбет 2. Жүсіп 3. Сақау 4. Өтеулі 5. Соқыр /тоқалдан/- 1. Оразалы 2. Қожахмет 3. Қартмағамбет /тен/ - 1. Нұрдаулет 2. Бакдаулет 3. Асқар.

1.1.3. Сақаудан -1. Орамақ 2. Сарқожа 3. Тоқан.

3.2. Бектұрдан – 1. Дүйсенбай 2. Дүйімбай 3. Күркімбай 4. Тайтық 5. Аяқбай 6. Тырбай.

5.1. Ерназар/дан/- 1. Қашқынбек 2. Алшынбек 3. Мыса.

1.4. Мысадан-1. Қатынбай 2. Шолақ 3. Мүсірәдін 4. Шәмекен 5. Бірәмдар.

1. Қатынбайдан- 1. Боранбайдан Әзиден 1. Ақжігіт 2. . Байжігіт 3. . Ержігіт.

2. Мүсірәдін/нен/ - 1. Төремұрат 2. Зәбіхан 3. Ишан/ нан/ Сыдиық/тан/ Қабиболла/дан/ Оспан, Манас.

4. Жанбоз/дан/- 1. Молдажан/нан/ а/. Өтебалы/дан/ Нұрлан, Нұрсұлтан б/. Аманжол. 3. Дүйсен/нен/ - а/ Амандық-

б/ Аманияз

Шәмекен/нен/ - 1. Шарухия/дан Сағидолла, Қармыс - 2. Әбдуайт/тан – 1. Жәрдемхан-

2. Айжарық

2. Бірәмдар/дан/- Ахмет/тен Баху/дан Өтеп, Серік, Жәрдем.

1. Өтептен- Асқар

2. Серіктен –

3. Жәрдемнен-

5. Шолақ/тан/ - 1. Ірәбіл/ден/ Ұлғат/тан/ 1. Талпақ/тан Бағыт, Ізтұрған. Бағыттан- 1.

Ізтұрғаннан –

2. Бек/тен/: 1. Аман/нан/

2. Боранқұл/дан/-

2. Мүһти/ден/ - Әбдәрахман/нан/ 1. Сембай, 2. Көшербай/дан/ Ақылбек.

3. Шамғұл/дан/ : I. Нәдір/ден/: - 1. Жұмағали/дан/ а/ Әбу/ден/ Қанат, б/ Жәрдем/нен/ 1. Тілеубай 2.

Сәндіғали/дан/-

Қайраттан –

2. Дүйімбай/дан/ - 1. Мейрам 2. Қуат 3. Ербол 4. Қоныс.

5. Нұрлан

II Қожағұлдан- Зияш деген қыз

III Қодар/дан/ - Сәрсенғали/дан/- Сәрсембай/дан/ 1. Жеңіс 2. Ерсін 3. Ерәлі 4. Серәлі 5. Ботакөз 6. Сара

б/ Серікбай/дан/ - Абай, в/ Бағытжан

Ботакөз, Сара

4. Рәпбілден- Қарлығаш, Нағима

5. Дәретбай/дан/ - Сүлеймен/нен/- 1. Құрманбай/дан/

а/ Мұқанғали/дан/ а/ Қуаныш/тан-ә/ Серік, б/ Берік

б/ Дүйсенғали/дан/- Мейрамғали, Сырым, Айтқали

2. Тәжмағамбеттен – 1. Әжіғали/дан/ 1. Абат /1962-1998/  
, Қанат/1968/

2. Әндірғали/дан/ а/ Иманшарт б/ Иманшадияр в/  
Бақтыгүл

3. Жаушаншар-

4. Уәли /1922-1968/-1/ Наурызбай /1946/, 2/ Мәншүк /  
1948/, 3/ Бақтыгерей /1950/ - әйелі Роза /1955 ж.т./  
Шеркеш Жұмағалидың қызы /ден/:-

а/ Света /1980/, ә/ Лена /1981/, б/ Динара /1986/, в/ Данияр  
/1987/

4. Мәнет /1953-1961/  
5. Ақзия /1958-1977/  
6/ Дәулеткерей /1959-1960/  
7/ Жәнібек /1961/-әйелі Сәнжан- 1963 жылы туған-  
Шарға Таз Бабайқызы/-тен: а/ Гауһар /1989 ж.т./, ә/ Шынар  
/1990/, б/ Гүлназ /1995/, в/ Жансая/1997/

5. Әбдіғали /1922-1942/

IV. Қаратоқайдан/-

V. Өрдек/тен/-1. Олжашы, 2. Бөкен, 3. Есен, 4. Мамыр,  
5. Кенже. Кенже өскен, өркендеген, айтулы адамдар  
шыққан ауыл. Ерлер мен шешендер, зергерлер мен  
шеберлер көптен көп шыққаны белгілі. Адай ревкомының  
төрағасы Тобанияз, айтулы зергер, ұста, шеберлер Ізғара  
мен Қайшыбай, атақты Ақтан ақын, қаһарлы Қонай батыр  
осы елдің еншісінде.

Кенженің бәйбішесінен- 1. Қойсары, 2. Қонай, 3.  
Қаракемпір /аты Болаш/ - одан 1. Едіге, 2. Жұлдыз, 3.  
Құрала, 4. Тоқтамыс.

4. Сарыкемпірден /аты Таңсық/ - 1. Сатыбалды/дан- а/  
Аймұрат, б/ Таулы, в/ Самұрат, г/ Баймұрат, д/ Қияс туған.  
Кенженің бір ұрпағы Қойсарыдан ғана ортан қолдай он  
ұрпақ өрген. Олар кімдер десек 1. Барғана, 2. Көккөз, 3.  
Орман, 4. Дүкен, 5. Теңізбай, 6. Төлес, 7. Жабу, 8. Тапберген  
/Байбике/, 9. Көшей, 10. Жәдек.

Қонайдан 1. Бегеш, 2. Жанұзақ, 3. Дауымбай /бұл қалмақ  
әйелден туған/ Бегеш екі әйел алған адам екен. Бәйбішесі  
Бөпенайдан 1. Өтеулі/ден/ Қазыбек/тен/ Қуаныш/тан/

1. Ләтіп/тен/ Сайын/нан/ Шайқы, Нұғымет.

2. Жақып/тан/ Қаражан/нан/ Мәмбет/тен/-

3. Жағалбай/дан/ Беген/нен/ Махамбет, Хайдар

II. Қосқұлақ/тан/-

III. Бәйімбет/тен/-

IV. Жаулыдан-

V. Өрдек-

VI. Шалабай

Ал, тоқалы Толқыннан 1. Шоғы, 2. Құрман, 3. Құлақа, 4. Жары атты он перзент көрген.

Сарыкемпірдің Сатыбалдысының Аймұратынан 1. Аралбай, 2. Үсен, 3. Қорғанбай, 4. Айту, 5. Күнту туған.

Сатыбалдының екінші баласы Таулыдан 1. Кемелбай, 2. Теңелбай, 3. Лай, 4. Марабай, 5. Сығай.

Кемелбайдан- Есіркеп, Өсер.

Теңелбайдан- Естен/нен/ Көбейсін, Бисен, Дәулетқали.

Лайдан- Қайыр, Алай/дан/ Темірзақ/тан/ Қуандық/тан/ Жалғас.

Сығайдан- Шегебай/дан/ а/ Тастемір/ден/ Сейту.

б/ Жақсылықтан-

Сатыбалдының тоқал алғаны Бөбектен 1/ Тұрлымұрат, 2/ Бекмұрат, 3/ Таңатар, 4/ Таубасар.

Тұрлымұраттан Жиенбай, Әуке, Өтесбек, Жиенбайдан Шәкір, Байқұл, Әзізбек, Бақтыгүл, Өмірбек, Айтқұл, Өтепберген.

Байқұлдан Мүфти/ден/ Аманқұл, Қыдыр/дан/ Қадыр, Батыр.

Әзізбектен-1. Рахманберді /одан Әбдіхалық, Шығанкүл/ , 2. Құраш, Өмірбектен- Қожабай, Меделхан.

Өтепбергеннен – 1. Алдаберген/нен/ Жеткізген, Таңатар, Құдайберген. Жеткізгеннен- Қуаныш, Таңатардан- Ыбырай, Құдайбергеннен-

2. Әукеден- 1. Бердікүл, 2. Шәді.



3. Өтенбектен- 1.Жартыбай/дан/ Несіпбай,Тәжікұл,  
Қаныш.

Таубасардан- Отарбай/дан/ Айтқара, Петр.

Темірбектен – Лепен/нен/- 1. Бағыт, 2. Аманғали, 3. Әбді.

Сатыбалдының тағы бір әйелі Жөкеден –

1. Баймұрат/тан/ - 1.Тұңғатар/дан/ Әліш, Дербіс.

2. Шауыннан- Аралбай, Өтеп, Сары.

а/ Әліштен-1. Қараш/тан/ Айтуған, 2. Досымбай, 3.  
Қосымбай, 4. Бесімбай, 5. Тарбақ, 6.Жүндібай.

3. Дербістен- 1. Сәуірбай/дан/ Ахмет/тен/ Тұманшы.

2. Тарабайдан-1. Қарасат, 2. Боқшан.

Кенже ұрпағының бірі Қонай ерен батыр болған адам көрінеді. 1731 жылы Сыр бойынан көшіп келгенде Қонай 14 жаста екен. Сол шақта Сырбойында қалған ағасы Есеннің ауылын көшіріп әкелуге оны жіберді. Сырдың тасуымен көше алмай тұрғанда қалмақтар аяқ астынан Есен ауылына тап береді. Есен өледі. Жас берен Кенже Есеннің бір қызы мен Таңсық деген әйелін алып келеді.

Қонай 17 жасында Есеннің кегін алу үшін қалмаққа аттанады. Қалмақ батырларымен жеке шайқасқа шығып, 3 батырын қатар өлтіріп, бес қыз алып келеді. Қонай әкелген 5 қызды алғандар

1. Қожаназар /Жанай/- одан /Шолым қыздан/- 1.Сәрсен,  
2. Шумақ, 3. Таған туған.

2. Екінші қыздан- Орыс, Байқұл балалары 1 Келімбет,  
.2. Жолымбет.


3. Үшінші қызды Түрікпен досы Бектұрлыға береді,  
одан- 1. Қара Ишан, 2. Сары Ишан өрген.

4. Қойсарыға берген қыздан- Тұрнияз, Шабан есімді екі  
бала туады.

Қонайдың өзі алған қыздан Дүйімбай мен Қошан дүниеге келген.

Ендігі әңгіме- Бұзау бабамыздың Жеменейінен өрген ұрпақтар хақында Жеменейден 1. Аталық /Жомарт/; 2. Алдасай, 3. Кедей/Нұрмағамбет/ /Ақша, Тілеу/ туған. Алдасайдан Зерең.


Қадірлі кейінгі ұрпақ! Ескі дәуірдің естен шыққан жайттары көп. Оны бізге жеткізер аға буын өкілдерінің алды өкімет өткелдігімен өмірден өтсе, олардың ізбасар, тетелестерін соғыс өрті жалмады. Кейінгі аға буын өкілдері өз күндерін көре алмай, ұрпағына ұлағатты тәрбие бере алмай, бастарынан алмағайып заман кешіп, запыран құсып өтті. Өйтпегенде ше? Жиырмасыншы ғасыр- өлім сепкен ғасыр. Қазақ ұлтын құрту, құрбан ету, тұншықтыру кезеңі болды. Орыстық өктем саясат ғасыр басынан аяғына дейін көмейімізді бітеп, тілімізді кесіп, тұншықтырып, тентіретіп, дініміз бен ділімізден айырып, тегімізді тәрк етіп келді. Тектіміз тұл болды, қариямыз құл болды. Содан да болса керек 70 жылдық үзіліс ұрпақтардың ұлағатты байланысын ұятсыздыққа ұластырды. Ел мен жер тарихы, шежіресі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы ұмытыла бастап, сана-сезімсіздікке, иба-имансыздыққа, зейін-зерде таяздыққа айналды. Содан болса керек жиырмасыншы ғасырдың шенінде дүниеге келген қазақ ұлтының ұрпағы мәңгүрттікке бой алдырып, жер мен ел, ұлт пен ұлыс үшін жаны ауырып, балтыры сыздамады, бүйрегі бұрмады. Ұлтсыздықты жақтаған, орыс болуды оңды көрген жандайшаптар арам шөптей қаулап өсті. Патша ағзам заманында қазақ өлкесінің байырғы қазақтарын «бұратана» ұлт десе, Кеңес кезеңінің шенеуніктері қазақтарды екінші,



үшінші топтағы халық, тобыр деп есептеді. Енді болмағанда елдігіміз сетінеп, шілдің боғындай бытырап кететін ек. Қазірде де шықпа жаным шықпа деп күн кешудеміз. Қайда барсаң да Қорқыттың көрі дегендей қазақ халқы жабайы тұрмыстан, анайы өмір кешуден тіршілігін арылта алмай келеді. Соның ішінде Адай руының көрген зәбірін, шеккен азабын ауызбен айтып жеткізу қиын. Асыл аталарымыз ажалынан бұрын құрбан болды.

Бұл күнде сегіз арыс Адай әлемнің әр шалғайында қоныстаған. Берекелі ғұмыр кешіп, өткенін өтеп, өшкенін жағып, жан-жақты көбею үстінде. Дейтұрғанмен біздің ата-бабамыз өз ата-қонысынан көп шалғайға кетпегенге ұқсайды. Сонымен Бұзау атамыздан туылған қос перзенттің бірі Айтумыс жайында жоғарыда аз-кем айттық. Екінші ұрпақ Жеменей. Әлде ісімен, әлде ерлігімен, әлде адамгершілігімен, не азаматтығымен артықтау болды ма екен, біздің дәуірде Айтумыстан гөрі Жеменейміз деген ұрпақ көп.

Жеменейұлы Аталық атамыздың сақилығы, ерен мырзалығы, ерлігі елге ерекше үлгі болса керек. Сондай қастерлі қасиеттерінен бе екен Аталық атының Жомартқа айналуы. Сонау қазақ пен қалмақты сыртқы жаулардың айдап салып, өзара қырқыстыруы, іштей рулық іріткі салуды нәтижесінде өзара жанжал, ұрысты кезеңдер көп болған ғой. Сондай кезеңде ел билеген Есімхан Жомарт атамның жиып берген арғымақ аттары, азықтық малы жауынгерлерінің ерен ерлігі арқасында жеңіске жетіп, елге олжалы оралады. Дүние-мүлік, мал, адам өлшеусіз көп мөлшерде қолға түседі. Хан Жомартқа кісі шаптырып, сауға бермек болады. Сонда Жомарт атамыз: «Ақсұқсырды



құшпай берсін, Ақберенді атпай берсін, Ақсауытты кимей берсін, Ақбозатты мінбей берсін» деген ғой еш шімірікпестен. Атамыздың беделі мен берекесінен, еңселі ерлігінен, жаны жайсаң жомарттығынан сескенді ме екен, хан да оның тілегін екі етпей, қалағанын беріпті. Біраз жылдан соң Жомарт атамыз ауырып дүние салады. Тірліктен талай тарланбоз да, жабы да өткен ғой. Мәңгілік ештеңе жоқ. О заманда әйел ерден кетсе де елден кетпесе керек. Ақсұқсыр жас Алдасайға атастырылады. Алдасай аңшы кісі екен, үйдегісінен түзде көп жүреді. Бірде аңнан түн ортасы таяп, ел ұйқыда жатқанда оралады. «Ұйқыдағы адам өлімен тең» деген, жамылғысы түріліп, Ақсұқсырдың балтыры мен саны жарқырап жатса керек. Алдасай: мынаның санының жарқырауын-ай, дейді тамсанғанын жасырмай, әйеліне ерекше ықылас білдіре.

- Бұл санға бұрында да талайлар тамсанған,-дейді Ақсұқсыр да еріне еркелей, наздана қарап. Батыр аңғал, ер әңгүдік деген ғой, ішін қызғаныш оты өртеген Алдасай: Мен сенен талақпын, - дейді түтігіп.

Сонымен, елдің игі жақсылары мен ақсақалдары ру бірлігін, татулықты көздеген сыңайлы, талақ Ақсұқсырды Шылымға қосады.

Сонымен, Жомарт атамыздан бәйбішесінен Сейіт, тоқалынан Сұлтанкелді, Ақсұқсыр анамыздан Қожағұл атты үш бала өргенін өрбіте отырып, Сейіт атам ұрпағын естігенім мен түйгенім бойынша айта кетейін.

Сейіттен- /Қожамсүгірден/, /Қожағұлдан/- 2 бала: 1. Тілеу, 2. Жарас.

Тілеуден: 1. Көсе, 2. Жөке. Ал, Жарастан бір бала-Тексүгір. Көседен: 2 бала, 1 қыз болған. Балалары: 1.

Теңізбай, 2. Шөке.

Теңізбайдан- Жақсымбет /Өгізбай/, одан Сырым, Құдайберген/нен/- Артықбай/дан/: 1. Рысқұл, 2. Бабас. Рысқұлдан- Бөлекбай, одан Әнен, Бағыт, Жұмабай.

Бабастан Қалдыбай/дан/- Әбдірахман.

Ал, Жөке атамыздан: 1. Ақкүш, 2. Күшікбай.

Ақкүштен- Білеу/ден/- Батыр/дан/- Барқыт/тан/-

I. Есімқұл-одан Дәулет/тен/- Алдаберген/нен/  
Қуанышбек:

II. Аманбай/дан/ Бөлек одан Өтеғұл/дан/ Бердіғұл:

III. Тәжіден Жәлітбай

Ал енді Жарас баласы Тексүгірден 4 бала:

1. Өтеген/нен/ Жанан/нан/ Тайлан/нан/ Қармыс/тан/  
Алтыбай/дан/ Нұрберген/нен/ Кенжебек:




2. Жүйрік/тен/ Бердібек/тен/ Бекберді/ден/ Сатыбай/  
дан/ Есенияз/дан/ Сабалақ/тан/ Шақар/дан/ Әли.

3. Сейтқұл/дан/ Қанай/дан/ Қашқынбай/дан/ Бегей/ден/  
Жанбай/дан/ Қасқырбай/дан/ Елубай/дан/ Тайшыбай.

4. Қара/дан/ Ақжігіт/тен/ Барқын/нан/ Жұбатыр/дан/  
Айтуған/нан/ Батық/тан/ Ақаш/тан/ Файзолла.

Бұл әр атадан бір ұрпақтан алынып жазылды. Олар Құлсарыда, Өзенде, Ерәліде, Бесқалада, Шетпеде, Ақтауда, Шокпартоғай және басқа елді мекендерде тұрады.




Қалмырзадан- Әлібек, Асылбек

Нарымбайдан

Іздібайдан

Нұртілеуден Сыражан (1917-1997) /нан/ Балтабай (1952), Қимаден (Иманкелді), Қылышбай, Сәрсенбай (1964)

Балтабайдан Мұхтар (1977), Махамбет (1979), Мақсот (1981), Руслан (1988), Жомарт (1993)

Қимаденнен (1954) Мұхамбет (1979), Мұрат (1981), Қайрат (1983), Ғинаят (1989), Асыланбек (1994)

Қылышбайдан (1961) Омар (1986), Оспан (1989), Мұхитдин (1992)

Сәрсенбайдан Самат.

в) Қошқар атамыздан бес ауыл тарайды.  
Олар: Қабыл, Абыл, Табылған, Естілеу, Көмек.  
1. Қабылдан Мұнат, Көшкін  
а) Мұнаттан Күйкенбай /дан/ Жетібай /дан/  
б) Көшкіннен Мақаш /тан/ Тұрлан/нан/ Мақсот (1948),  
Жалғас (1950), Мұрат, Нұрлан  
Мақсоттан Жайық/тан/ Жалғасбек/тен/  
Жалғасан Атырау (1982), Саламат (1987)  
• Мұраттан (1954) Сәрсен (1986)  
Нұрланнан  
2. Абылдан Мыңтұрған/нан/ Бердібек/тен/-  
3. Табылғаннан Бектілеу, Матай  
а) Бектілеуден Жолнияз, Сартай.  
Жолнияздан Ізтұрған, Мақат  
Ізтұрғаннан Нұрлан, Ерлан (қайтыс болды).  
Нұрланнан Еркебұлан/нан/-  
Мақаттан Қайрат (1971-1994), Асхат (1973), Талғат  
(1976), Ержан (1985)  
Асхаттан  
Талғаттан  
Ержаннан  
Сартайдан Жасиін, Тәбәрік, Түйеші.  
Жасиіннен: 1. Орынбасар 2. Серік/тен/ Ахмед, Мұхамед.  
Тәбәріктен  
б) Матайдан Дүкен, Ділмағамбет.  
Дүкеннен Тайшы/дан/ Серік, Ғалымжан, Сәлімжан,  
Әлімжан, Батырхан.  
Серік (1948) /тен/ Нұржан (1972), Қуан (1979), Оңғарбай  
(1985), Нұрбақыт (1992), Нұрсұлтан (1994).  
Нұржаннан-



Куаннан-  
Оңғарбайдан-  
Нұрбақыттан-  
Нұрсұлтаннан-

2. Ғалымжан (1952) нан: Абзал, Алдаберген

Осы арада Ғалымжан Тайшы баласы 462-разъезде тұратынын, оның осында тұратын Батыр, Қажымұрат, Дөңбайдың Мақсоты мен Жайлауына, Тұрыштың, Сахидың Хасанының Орынбасарына бас көз боп жүргенін де айту керек. Алайда есіл ер 2001 жылы кенеттен дүние салды.

Абзал (1978) дан: Әнуар (1997).

Алдаберген (1993) /нан/

3. Сәлімжан (1954) /нан/

4. Әлімжан (1956) /нан/ Қайрат (1990)

5. Батырханнан (1964) Артур (1987), Рамазан (1991), Мұхтар (1993).

Тайшы ағамыз бен Хадиша жеңгемізден өрген 5 ұлдан және Рабиға есімді қыздан өрген 18 немере, 2 шөбере бар. Аға ұрпағы Атырау, Манқыстау, Алматыда тұражақ. Тайшы 8 пұт астықты еш қиналыссыз көтеріп кете береді екен. Оның әкесі Дүкен палуан бопты.

Ділмағамбеттен Таубек/тен/ Қосдаулет (1951), Есдаулет (1953), Атабай (1957), Тобанияз (1962), Толыбай (1965)

1. Қосдаулеттен Самат (1975), Азамат (1981)

Самат

Азамат

2. Есдаулеттен Болат (1979), Талғат / /, Фархат

Болаттан

Талғаттан

Фархаттан

3. Тобанияздан Арыстан (1988), Рауан (1989)

Арыстаннан

Рауаннан

4. Толыбайдан Жомарт (1992), Саид (1994)

Жомарттан

Саидтан

Таубек пен Айболған артындағы 5 ұл, 4 қыздан 32 немере бар.

Бәрі де Алматыда тұрады.

5. Естілеуден: Үмбетқали, Семғали

а) Үмбетқалидан (1897) Абат, Болат

Абаттан Жеңісгүл, Айгүл

Болаттан Қуаныш, Жасұлан, Бисенбай, Ақылбек, Жәнібек, Нұрлыбек

Қуаныштан-Данабек, Қанатбек.

Жасұланнан – Айнамкөз

Бисенбайдан

Ақылбектен

Жәнібектен

Семғалидан: 1. Бағыт, 2. Аманкелді.

1. Бағыт/тан/ Асылай,


Семғалидан Аманкелдінің әйелі Сара 1944 ж.т. Уақ руының қызы.

Аманкелді (1942-2006)ден: Думан, Дәурен, Ғазиза (1966 ері Сайлау- Адай Қырықмылтық), Алтын (1970 ері Қазі- Ысық- Айбас-Лес баласы),

Думаннан (1971ж.т. әйелі Самал- қосым Таңбаев Қасым қызы) - 1. Данабек (1996), 2. Гүлдана 3. Гүлдара, Данышпан (2007 ж).

Дәуреннен (1968ж.т. әйелі –Илан Қаратоқай Беріштің қызы) - 1. Арайлым, 2. Дарын (1994), Қадіржан (2007).

5.Көмектен: Махамбет, Өткелбай.

- 
- а) Махамбеттен Қозыбағар/дан/  
б) Өткелбайдан: Багонбай (1938), Орынғали (1942-2007), Қойлан (1944-2004), Берекет (1945), Рахат (1948)  
1.Багонбайдан: Дәурен (1967), Дархан (1970)  
Дәуреннен: Мирас (1989)  
Дарханнан-  
2.Орынғалидан Сейту (1968)ден Бейбарыс, Данияр, Мадияр, Нұрлыбек.  
3.Қойланнан Асылбек (1976) /тен/  
4.Берекеттен Ерболат (1967-1996), Ақылбек (1977), Ерлан (1983).  
Ерболаттан Диас (1990)  
Ақылбектен  
Ерланнан Арлан.  
5.Рахаттан Асқар (1973), Елдар (1977), Қамбер (1978), Саттар (1981)  
Асқардан  
Елдардан  
Қамбардан  
Саттардан

## **ҚАМЫСБАЙ**


Құдас атамыздан өрген ұрпақтың бірін Қамысбай деп атайды.

Қамысбайдан Қамас, Қоңырбай.

1.Қамастан Нәсу, Ақаш (ұрпақсыз өтті)

Нәсуден

2.Қоңырбайдан Темірбек/тен/-





## ТАЙСОЙҒАН

Құдас атамыздан өрген енді бір ұрпақ Тайсойған.

Тайсойғаннан Құлынтай/дан/ Қызылбай/дан/ Көшбай ұрпақтары Ақтөбе жақта тұрады дейді. Досан Балықбай Қызылбалин (10.03.1941 – Ақтөбеде тұрады).

Мәселен, Тайсойғаннан Бәйімбет/тен/ Бәйет/тен/ Қарынақ/тан/ Әбділда 2.Қайырбай

2. Амандықтан Қошан

3. Ысмадиярдан Мұқан

Әбділдадан 1.Бисеннен Руслан, Болат.

2.Сәрсеннен Арман

3. Алдаберген


Сонымен аталар жөніндегі жазарымды аяқтап, ел дәстүрі мен ерлеріне, ақындарына тоқталуды жөн көрдім.

## АС БЕРУ

### *ата-бабаға құрмет*

Ежелден келе жатқан Кеңес дәуірінде естен шыққан, игі дәстүрлеріміздің бірі-ас беру. Ас беру ата-баба рухына құрмет, өліні қадірлеу. “Өлі жебемей тірі байымайды” деген халқымыздың қастерлі сөзі де осы әңгіменің айғағы. Бұрынғы заманда ас беру рәсіміне алыс-жақын ауылдағы ағайын, жекжат-жұрағат тегіс шақырылған. Ас беру сәтінде өлгенге құран оқыту, бәйге ұымдастыру, жамбы, алтын қабақ ату да орын алған.

Осындай көріністер арқылы өлген адамның рухын қастерлеп, елдің еңсесін биіктету ойластырылған. Ас беру



жайында әр жылда әртүрлі басылымдарда, оның тәрбиелік мәні, өнегесі турасында ойлар, пікірлер ортаға салынып, материалдар, мақалалар жарық көріп жүр. Соның ішінде Кіші жүздегі үлкен ұлыстардың бірі-Адай халқының игі жақсыларына берілген астар жайында да сүйсіне оқып жүрміз. Әсіресе, Ойыл өңірі, Сағыз, Мұқыр, Жылыой аймағында берілген астар жайында 1991 жылғы №5/7 санында Атырау облыстық “Атырау” газетінің “Атамекен” әдеби-тарихи серігінде тым-тәуір жазылды. Мақала авторы Ө.Әлімгереев деген белгілі зерттеуші-журналист.

Өткен кезеңде ас беру саны аз болмаған. Соларды кезең-кезеңге бөлгенде 1750-1850 ж.ж. Үстірт, Жем-Сағыз, Көкжар бойында теңдесі болмаған тоғыз ас берілген. Олай дейтініміз, ол астардың әрқайсысына 750-1000-ға дейін үй тігіліп, Күллі кіші жүзге сауын айтылған. Мәселен, Жем бойындағы Ақкиізтоғай түлейінде Жанайұлы Қожаназарға берілген асты абыз ақсақалдар сүйсіне әңгімелейді.

Қожаназардың жеті баласы бар екен. Асты ортаншы баласы Таған басқарып, оған Кіші жүз ханы да шақырылды. Асқа бір мың ағаш үй тігіліп, 2 мың қой сойылған. Бес жүз ат шапқан аламан бәйгенің бас жүлдесі жүз жылқы болса, оны баласы Шонтынның көк биесі иемденіпті. Кейіннен бұл түлей жоғарыдағыдай мол және бір енді төсеніштің құрметіне есте қалып, Ақкиізтоғай атаныпты. Бұл бір кездегі Бегімбет аулының құтты қонысы болса, бүгінде көптеген рулар қатар қоныстанған, “Жаңа таң” шаруашылығының орталығы- мерейлі мекен.

Екінші ас- Оймауытта Мұңалдың Шоқысында Қарабасқа берілген астағы бәйгеге 50 түйе, 250 қой тігіліп, байрақты Табын ағайындар иемдеген.

Ал Қаракұмның Азынағұл деген жерінде Ақбота ұлы Қозыбайға берілген үшінші ас та қандай бәйге берілгені айтылмайды.

Бірақ халық аузындағы  
Ауылдың ақсақалы бай Төлеген  
Ауылы ерте көшіп, кеш жөнелген.  
Ағасы Қозыбайға ас бергенде,

Қонақты ет пен майға бес бөлеген,- деген өлең жолдарына қарағанда осал болмаған сыңайлы. Ас берген баласы Аман көрінеді. Төртінші ас Байұлына қарасты нақ ортасы деп жетімек Адай батыр Сүйінқара Үргешбайұлына арналып берілген. Онда 900 үй тігілген. Үйбасына малдан басқа бір-бір саба қымыз, шұбат үлестіріліп, оны батырдың ұлы Жалаңтөс Көтібар басқарғанға ұқсайды. Бас бәйгеге тігілген үш жүз қойды өз тумаласы Кенбайдың күрең аты алып, ол ошақ басында қалады.

Сондай-ақ Сағыз бойындағы Терісаққанда Матай Жамбозұлына берілген аста 900-дей үй тігіліп, бас бәйге тігілген бір енді 50 айыр түйені Матайдың кәрі әкесі Бокқарамен құда кете Әжібайдың ала аты иемденді.

Бірақ Дан баласына берілген ас та ерекшелігімен есте қалары ақиқат. Барақ аса бай кісі екен. Жұтағанның өзінде үш мың жылқысы қалыпты. Олардың түсі өңкей көкала екен. Бәйгеге 200 жылқы тігіліп, байрақты інісі Райдың Қырқарту деген он жеті жасар аты алыпты. Есіл жануар қарақшыдан өте бере құлап, жантәсілім болыпты.

Бұдан әрі Сағыз бойында тағы да екі ас беріледі. Оның бірі Наршөккенде Бекболат Құдайбергенұлына арналаса, екіншісі Қайнарда Тастемір Назар баласына берілді. Артынан 16 ұл өрбіген Бекболат асына әр бес үйге

қонақасыдан басқа бір-бір ту бие үлестіріп, бәйгені Жарыпшыққан бойындағы Ысық ағайындар иемденген. Ал Тастемірге берілген екінші аста бір мың киіз үй тігіліп, сойыстық үстіне үй басына бір пұт ақ ұн, бір қозы қарын сары май берілген.

Інісі Шотан батырдың шұбар аты бәйгеге тігілген 100 түйені иемденіп, байрақ ошақ басынан аспаған.

Тоғызыншы астың төсегі Үстірттің Шанқаласында атақты шешен Сейіт Есенұлына арналып берілген.

1850-1890 жылдарда аталған өңірде ұзын саны 500-300 үй тігіліп, 12 ас берілген. Солардың біразы Сағыз бойында аталып өткен.

Аққұдықта Боран Есенкелдіұлына арналып берілген ас бәрінен де ірісі деп есептелінеді. Онда бас бәйгеге 500 сом күміс ақша, бір ат, бір нар тігіліп, жүлдені Жанайдың әйгілі атбегісі Барахаттың (біреулер фархат деп те атайды) көк байталы иемденеді. Осы аста Боранның інісі Төлек Барахатқа:

Ас қайда Барахатқа той болмаса,


Торы аттай жүз қойға алған сый болмаса.

Бәйге алу кез-келгенге қиын сауда,

Қорада мыңнан-мыңнан қой болмаса- деп,  
ғайбаттайды.

Бірақ Барахаттың көк байталы мәре сызығын бірінші боп кескенде, Төлек жәбірлеп жалған айтқан тілімнің айыбы деп астындағы Құла қасқа атын күміс ер тұрманымен Барахатқа мінгізіпті деседі.

Қайнар бойында Досжан Қыдырша ұлына берілген астың да айтар сыры мол. Досжан баласы Есіркеп арқа бойына көше бермей Үстірттің ойын қоныс еткен байырғы ауылдың



бірі болса керек. Бірақ әкесіне ас беру ниетінде Кіші жүздің кіндігі Сағыз бойына барғанды жөн көреді. Бірақ асқа сауын айту бар болғаны бір ай бұрын хабарланса да бәйгеге тігілген байрақ та, қатысқан халық та мол болса керек. Қайнар бойында сол мекен әлі күнге Досжан ошақ деп аталатын көрінеді.

Ал Қосай ауылының Жем бойында Жұбан Еламанұлына берілген аста (осы күнгі мемлекет қарауындағы Жұбан тамы дәл сол кезде салынған) 400 үй тігіліп, аламан бәйгенің жүлдегеріне 50 жылқы байлаған. Сондай-ақ, Жем бойында Сарниязда Қаржау ауылының Қуандық Амандықұлына, Қайнарда Есен Бозайұлына, Қаракұмдағы Азынағұлда Бегімбет Жолболды Қонысбайұлына берілген астарды айтар болсақ бұлардан да есте қалар ерекшеліктері мол болған. Сүйінғараұлы Көтібардың торы аты басқа аттардан бұрын келіп, қаракшыны бір айналды дейді. Сонда көрермен қауым “Мына атқа бүгін қанат біткен шығар, не деген пырақ еді” деп жағаларын ұстапты. Әрине бұндай астар бұдан да көп ретте басқа жерлерде де, осы Жылыой, Қаракұм қойнауында да берілуі әбден мүмкін. Бірақ оларды зерттеу, іздестіру қажет





## АТАШЕЖІРЕ

### ОН ЕКІ АТА БАЙҰЛЫ КІМДЕР?

Кіші жүз атасы Бекарыстан – Алшын, Кеншін, Алтыарыс Әлім мен он екі ата Байұлы Алшын ұрпақтары болып саналады. Ал Жетіру жөнінде мынадай аңыз бар. Жаугершілік заманда әке-шешесі өліп, жетім қалған жеті баланы Алшын өз қамқорлығына алыпты. Сол тұста інісі Кеншін де жорықта қаза тапқан екен. Алшын ел жұртты жиып, інісіне ас беріп, әлгі жеті балаға Кеншінің барша дәулетін бөліп беріп: “Жетеуің жеті рулы ел болып, Кеншіннің орнын толтырыңыздар” деп бата жасапты. Міне, таңбалы Жетіру жайлы бірқатар шежірелерде осылай баяндалады.


Аташежіреде Алшыннан-Құдияр, одан Нәдірқожа, Сәдірқожа, Қыдырқожа деген үш ұл бала болған деседі. Нәдірқожадан алты арыс Әлім мен төрт арыс Шөмеке тарайды.

Алты арыс Әлім: Майлыбай, Ожырай, Шекті, Жаманақ, Қарасақал.

Ал, Шөмекейден: Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғыл.

Сәдірқожа аса дәулетті болғандықтан, бертін келе Байқожа, одан “Бай” атанған. Сәдірқожадан-Ата, Қалпақ, Естай, Елтай деген төрт бала туған. Атадан- Есентемір, Қалпақтан-Таз, Естайдан Беріш, Елтайдан- Адай.

Қыдырқожадан- Сұлтансиық, Бахытсиық, Қыдырсиық, Жаппас. Сұлтансиықтан- Алаша, Байбақты, Қызылқұрт, Масқар, Тана. Бақтысиықтан- Ысық, Қыдырсиықтан- Дербес, одан Шеркеш пен Шенеш.



Шенеш ерте бақилық болып, Қыдырсиықтан ұрпағының тек Шеркеші ғана аталады. Сонымен он екі ата Байұлына кіретін руларды мыналар дейміз: Есентемір, Таз, Беріш, Адай, Жаппас, Алаша, Байбақты, Қызылқұрт, Масқар, Тана, Ысық, Шеркеш. Ал, Х.Мадановтың “Кіші жүздің шежіресі” деген кітабында: “О баста он екі ата Байұлын құрағандар- Қыдырсиық, Бақтысиық, Сұлтансиық, Жаппас, Беріш, Адай, Есентемір, Алтытабан, Алтыбасар, Дуатимес, Құлақасқа” екен деп көрсетеді. Мұндағы Алтытабан, Алтыбасар, Дуатимес, Құлақасқа үш Сиыққа өкпелеп бөліне көшіп, Іле өзенінің бойын қоныстанып қалыпты деседі. Ал Сұлтансиықтан Асқар, Масқар, Алаша, Әлке, Тана туған екен деп, Асқардан- Байбақтыны; Әлкеден- Қызылқұртты өрбітеді. Берішті Қыдырқожаның 26 жасында өлген Тайқожа деген інісінің іште қалған баласы екен дейді. Адайды Орта жүзден қашып келген, Қыдырқожаны паналаған Елтай деген жігіттің баласы, Айсұлу деген қызынан туған жиені деп көрсетеді.

Есентемір Ұлы жүзден қашып, Байға келіп паналған кірме екен, Тазды Қыдырқожаның жалшысы Ерназар деген жігіт пен Моншақ есімді күннен жаратылған екен деп көрсетеді.

Он екі ата Байұлы жайлы бұдан басқаша баяндалатын шежірелер де бар. Бірақ бәрінен де сөз басында келтірілген нұсқа көңілге қонымды тәрізді. Өйткені Есентемірді Ұлы Жүздің, Елтайды Орта жүздің қашқыны етіп, Тазды жалшы мен күннен жаратылған, Беріш Тайқожаның іште қалған баласы деу, төрт бірдей Байұлының үш Сиыққа өкпелеп, Іле бойында қалып қоюы, төртеуінен “келімсек, жолбике” болып шығуы ақылға қонымсыздау. Олай болса, бүгінгі

Байұлы деп жүргендеріміз кімдер болмақ?

Алшын баласы Құдиярдан- Нәдірқожа, Сәдірқожа, Қыдырқожа туған делінеді. Ал Тайқожа деген төртінші баласы болды дегенді ешбір шежіреде кездестіре қойған жоқпыз. Адайдың шешесінің аты Айсұлу емес Ханбибі (кейде Анайы) деп аталады. Бұл Сәдірқожаның ба, әлде Қыдырқожаның ба қызы? Бай атанған Сәдірқожа ма, әлде Қыдырқожа ма? Көпшілік шежіреде осыны шатастырады. Түйіндеп айтсақ, он екі ата Байұлы Сәдірқожа мен Қыдырқожаның ұрпақтарынан құралғаны даусыз. Бұл 1997 жылы қаңтар-ақпан айларында шыққан “Адай” атты әдеби, тарихы, мәдени бұқаралық тәуелсіз газеттің 13, 14 нөмірлерінде жарияланған материал.

Осы материалды оқи отырып, көңілге мынадай ой оралды. Неге біз Нәдірқожаның ұрпақтары іспетті өз алдына ел болып есептемейміз. Сәдірқожа мен Қыдырқожаның өз балаларын атаға санамай неге немерелерін есепке алған. Егер Елтай қашқын жігіт боп, Айсұлу Қыдырқожаның қызы боп, одан Адай туса, Елтай баласы деп аталмай ма. Неге жиені деп жеңілдікке саяды. Тағы бір айтар ой Адайдың анасының аты Айсұлу емес Ханбибі-ақ болсын, бірақ ол Сәдірқожаның ба, әлде Қыдырқожаның ба қызы делінеді. Сайып келгенде ол қыз кімнен туғанда да Елтайдың оған (мұсылман шарты бойынша) үйленуге қақы жоқ емес пе. Ендеше бұл шежіренің де осал тұсы бар іспетті. Зерттеу, зерделеу қажет-ақ.




## ТҮЙІН

Мен осы шежірені жазу үстінде көкірегім қайта оянып, көзім жаңа ашылғандай болды. Көп нәрсені білмейді екенбіз, көп ізденбейді екенбіз. Ізденсек, білсек, үйренсек елімнің ішінде ірі тақырыптарға арқау болар аңыздар, сюжеттер, идеялар аз емес екен. Соның бірқатары қағазға түсіріп көрейін. Әрине, бәрін бірдей төрт аяғын тең етіп жаза да алмаспын, бірақ аталар үлгісі- бізге, кейінгі ұрпаққа өнеге болуға тиіс.

Сұлтаналы Төле баласы Шалмағамбет Дүйсеке хазіретке оқып, едәуір білімдар болыпты. Әкесі Төле баласын оқытқаны үшін Дүйсеке хазіретке келерде де, кетерде де мал-пұлын беріп, риза етіп кетеді екен. Өйткені ел жазда Жем бойын, қыста Құм өресін қоныстанады. Шалмағамбет бір үйде (үй болғанда Дүйсеке хазіреттің үйі болуы керек) жатып оқиды екен. Бірде Төле жүрейін деп тұрғанда Дүйсеке тоқтатыпты.

Дүйсеке: -Төле, балаң менен де білімдірек, алып кет, - депті. Төле: -қала берсін, деп, көшіп кетеді. Ел Маңғыстауға бет түзейді. Бірақ кейін сол Дүйсеке аулымен қоңсы болып, қыстап қалған Алдабергенді (Сұлтаналы Тұрғанбайдың әкесі) жұмсап Шалмағамбетті үйіне беріп жібереді. Шалмағамбет күндіз үйде жатып, түнде жоқ боп кетеді екен. Шалмағамбетті ертіп Дәнеш (Түлкібаев Жаңайдың атасы) Маңғыстауда екі үйір жылқысын іздеуге шығады. Сарыбай деген тау баурайында Нұрмағамбет деген кісі кездесіп, үйіне қонақ етіпті. Нұрмағамбет аса қасиетті кісі болса керек, Шалмағамбетке желкесінен үш тал шаш жұлып беріпті де, қиналсаң тұтат депті. Аса қалың кітап




беріп тұрып, адам емдейсің, депті. Бірде Дәрібайдың баласы Қырғынбай Шалмағамбетпен құрдас екен, асаны қоймай сұрапты. Теңнен алып көрсеткен екен, ертесіне аса жоқ болыпты. Нұрмағамбет Шалмағамбетті шақырып: - Шалмағамбет, мына асаның не кінәсі бар,-депті. Үш рет оқып қалпына келтіргенмен, асаның кемшілігі болыпты. Кем де болмассың, бірақ бұрынғыдай болмассың, депті Нұрмағамбет Шалмағамбетке. Шалмағамбет адам емдегенде 100 үйге дейін тігіліпті. Қайшыбай ұста сол кісіге емделіпті. Шалмағамбет өте емсек, қасиетті аруақты адам боп, өзін таныта білген талант иесі екен.

Алтыбай палуан да, інісі Ондаған аса қайратты азаматтар бопты. Төлеген ауылы Алтыбайды бағып, баптап күреске салса керек. Алтыбай Түйе палуанмен белдесіпті де жығыпты.

Пұсырман баласы Ағыс өте келісті, әдемі кісі-тін. Ерен етікші еді. Ал Естілеу баласы Семғали үлкен өнер иесі-тін. Тон, етік, жона тігетін. Сынық шыныаяқ, құманды құрсаулап кәдеге асыратын.

Бегімбет, Сұлтаналы ауылы бірге көшіп, қатар қонады екен. Кетелермен көп жауласыпты.

Қаракісі мен Қазақбай 16 жасында, құрдас екен. Қаракісінің қайың тазысы боп, түлкі алыпты. Түлкіні Қазақбайға байлапты да, түлкімді бер деп екеуі төбелесіпті. Төбелес үстінде Жанак, Жабас би ұшырасыпты да былай деп төрелігін айтыпты: Түлкі сенікі емес, байладың Қазақбайға бер депті. Алды-артын барлаған Жабас би: Түбінде қатын-балаға қырсығың тиеді-ау депті. Қаракісі жылан түс, сүп-сұр, көзі көк кісі дейді. Озбырлығы, өпремділігі аз болмапты. Бірақ билігі мен шешендігі мен



білімі де мол бопты. Қаракісіден оқыған Өтегеннің баласы Сартбек. Сартбек болыс бопты, тәуір кісі атаныпты. Кеңес өкіметі Сартбекті 1930 жылдары атқан, ұрпақ жоқ. Бір қызы бар, Сарғада дейді.

Бірде Майкөмгенде Нұрнияз ағамызбен әңгімелесіп отырып мына жайды білдім.

Шаңырақтың құты, ырыс-берекесі кіші балада болады екен. Аталарымыздың тарихына көз салып көрелікші,- деді Нұрекең. Өзімізді-ақ, алайық. Адайдың кішісі Келімбердікөп, Келімбердінің кішісі- Мұңал көп. Тіпті әріге бармай-ақ Шылымның кішісі- Өрдек, ол көп. Ақботаның кішісі- Аман, жер қайысады. Немесе, Сұлтанкелдінің кіші баласы Бегімбет, көп екені рас. Ал Бегімбеттің қос ұлының кішісі Сүйіндік болса, о да көп. Сол Сүйіндіктің үш ұлының кенжесі Құдасты алайық. Бір өзі басқа Сұлтаналы, Бегімбетпен пара-пар.

- Ол кісі әңгімесін одан әрі өрбітті: -Біз де 80-ге тақап қалдық,- дегенді қосып қойды Нұрекең.

- Адай Шәйтiм ақын айтқан екен деп бiр өлең шумағын шұбырта жөнелдi.

Сексен жас жете алмадым есебіне,  
Сенімен жолдас болам неше күнге.  
Тоқсанның өлісі не, тірісі не,  
Жатқан соң бүлдіріп-ап төсегіне.  
Жуырда мұны құдай алмайды деп,  
Қалдырма келін-бала өсегіне.

Сол айтқандай, біздің де қадіріміз кетер шақ таяу. Көкіректе шертер сыр, айтар әңгіме көп. Соны тыңдап, кейінгі ұрпаққа жеткізе білсеңдер жөн болар еді.

Сол Нұрекең ағамыздан естіген әңгімелердің нұсқауларының бірі.

Есен жаугершілікте 53 жасында опат болып, үшінші әйелі Таңсық жесір қалып, Сыр бойынан елге көшіп келіпті. Елде Кенженің де әйелі өліп, Есен баласы Сейітті әйел іздеп келуге жұмсапты. Сейіт Болаш деген қызды айттырып келіпті. Сонда Таңсық: -Мені қайтесің,-депті.


-Әй, сенде барсың ғой,- депті Кенже. Сонда Таңсық бұйда пышақты суырып алып: Алмасан әуелі сені, сосын өзімді өлтіремін,-депті. Кенже Болашпен қосып оны да алыпты. Есен Таңсықты Төртқаладан 15-16 жасында алған екен, бір қызбен қалған ғой. Жас адам шыдасын ба. Есеннің қалмақ қатыны тағы бопты.

-Нұреке Өрдек бесеу емес, алтау дейді ғой, дедім.

-Е, Есен жеңгесін алған, сосын іште бала келсе керек.

-Түрікпен байы Құтсиық Адай жұртымен бірге көшіп жүріпті,-деп бастады бір әңгімені Нұрекең- сол Құтсиық ас беріп, бас бәйгеге 100 аруана тігіпті. Өзінің қара арғымағына сенген болса керек. Бірақ бәйгіден Адай Атағозының ақ байталы келіпті. Құтсиық 100 орнына 50 аруана берем депті. Атағозы көнбеген ғой. Содан хан ордаға барып тығылып, шықпай қойыпты. Құнанорыс Айбек батыр бастаған Адайдың 6 арысы ордаға келіп, бәйгені талап еткенмен Құтсиық көнбепті. Адайлар шығып кетіп, Атағозымен ақылдасқан. Абақ батырды қайта жіберіп байдың басын наркескенмен шаптырыпты. Хан ордада Құтсиықтың басын кескенде 6 адайға түрікпендер тырп ете алмапты.

Атағозы батыр бейіті Бейнеуде, Қожаназар бай (1711ж.т.) Сисемде. Бұлар және Сырым би Бекет пірдің



құрдастары болса керек. Жалпы Адай 1490 жылдары, Жомарт атамыз 1670 жылдар шамасында туғанға ұқсайды. Мен өзім Адайдан 14 атаға келіп отырмын.

Қожантай мен Бегімбет өзара туыс адамдар. Ауыл аралас, мал қоралас, қоныстас, қатар көшетін болған. Алайда ағайын араздығы сәл нәрседен басталған. О баста Сұлтаналы Алдаберген деген кісінің бір ешкісін Қожантайлар пайдаланып, бермей кеткен ғой. Соны естіген Бегімбет Қаракісі дауға кірісіп Алдаберген бауырының малының құнын екі-үш есе қайырады.


Енді бірде Қожантай, Бегімбет, Сұлтаналы адамдары қалаға шығып базарға түседі. Дүние –көздің құрты деген, жанжалдасып қалған. Қожантай Қуандықты өлтіріп, түйенің сауырына іліп қоя бергенге ұқсайды. Сонымен ауыл арасында айықпас дау, бітпес кек басталады.

Қаракісі (Бегімбет) былай депті: -Бүгін мен өлем, не елге жау шабады, көшіндер,- депті. Ешкім иланбайды. Өзі Жем өзенінің арғы бетіне өтіп кетіпті. Ертесіне келсе Қожантайлар оның ұлы Алтайды өлтіріп кетіпті. Сонда Алтай баласы Кешубай 6 айлық бала екен. 1927 жылғы қоянда Кешубай 85-ке шығыпты. Қожантай-Бегімбет оқиғасы 1841-1842 жылдары болғанда келеді.

Сол Кешубай 1928 жылдары Ақтөбеге көшер болған. Сонда өзі көлік етіп мінген Сары атанға айтыпты дейді: - Қарашүңгілдің топырағы маған жоқ, Қаракүмнің изені саған жоқ. Хош! Хош!

Бұл кезеңде Адайларды тұрақты қоныстандыру жөнінде үкімет қаулысы болды. Адайларды Ақтөбеге ағылтып, үдере көшірді. Біз Құлсарыға келдік. Осында апамыз болатын көрістік, кейін қайттық. Құм өресіндегі Қарағай





мешіт тұсында бізді кідіртіп, кейін қайтарды. Қайтсақ ауыл көшіп кетіпті. Собал совет еді. Сұлтаналы, Бегімбет енді Бесқаланы бетке алып Молхаттан көтеріле көшті. 1937 жылы о жақтан есек арбамен әрең көшіп келдік. Көшіп келе жатып Қарақұмда бір Бегімбет (Асан болса керек) үйіне жайландық. Өрбісін: «қайт» деді. Менің әкем Қожағұл «ілгері кетем» деді. Көлқұдықта отырдық. 1000 үй шабылды. Оның ішінде жалғыз Адай емес, басқа да ел үмбеттері бар дей аламыз.

-Нұреке, Қаракісі жайлы әңгімені әлі толық аяқтаған жоқсыз ғой.

-Оның рас, інім. Қаракісі: Ертең қуындар, бүгін Қожантайдың тілегін Алла беріп тұр депті. Сонда Қосан, Қосуақ қылшылдаған жас батырлар екен Ақсақал емес, боқсақал екенсің деп өздері аттаныпты. Сол шайқаста Жүрек (Құдас), Қосан, Қосуақ, Аманжол (Сұлтаналы) өліпті. Тұр баласы Жоламанды Қожантайлар оқсатып желкеден ұрып кеткен екен, өлмей қалыпты.

Сұлтаналы Қонайдың әкесі Тастемір, Бегімбеттің Жолболдысынның ұрпағы Мәмашер Маңқыстаудан жылқы айдап келе жатса алдарынан әдемі киінген, сұлу ат мінген кісі ұшырасыпты.

Осы дәу де болса Қожантай-ау деп екеуі қуып өлтіруге ниеттеніпті. Қожантайдың аты Сапар болса керек, «Иә, Бекет», деп қашыпты. Тамағы емес желкесінен бауыздалған Сапар өлмей қалыпты. Бір жылдан соң Сапар жазылып, Тастемір мен Мәмешерге бір нар, бір ат, бір шапан сый әкеп, аман қалғаным үшін, ағалар деп амандаса келіпті.

-«Амандасқанда қарар бет те болмады-ау»- депті аталарымыз.



## БЕГІМБЕТТІҢ БАТЫРЛАРЫ

Әр кезеңнің ел қорғаған, жер қорғаған баһадүр батырлары, ержүрек ерлері болады. Олардың ерлігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, үлгі-өнегеге, ерлікке шақыру ұранына айналады. Ондай өркеуде, намысты батырлар Бегімбет-Сұлтаналы ауылдарында да аз болмаған. Бір өзін мыңға теңгерген, үзеңгелестеріне үлгі бола білген жалаңтөс, алмас қылышы мен айбалтасын асынып арыстандай ақырып жауға шапқан Асан Көшек, Қараша, Сұлтаналы Қожамбет батырды Естенұлы Бәлтек пен Тақайұлы Қосан, Қосуақ, Сатыбалдыұлы Аязбай батырлардың ерлігі әлі күнге ел есінде сақтаулы. Ұрпақтан ұрпаққа аңыз болары ақиқат.

Заманалар ілгері озып, уақыт өткен сайын ерліктің сипаты жаңарып, басқаша бағыт алады. Кешегі Ұлы Отан соғысы да қазақтың қаһармандығын сыннан өткізіп, қазақ ұландарының ерлігі мен батырлығын бүкіл әлемге паш етті. Мыңдаған жерлестеріміз, оның ішінде Бегімбеттің жүздеген жауынгерлері майдан даласында ерлікпен қаза тауып, жат жерде қала берді. Сонымен бірге соншама ағаларымыз жаралы болсада ерлік істің иесі атанып сұрапыл соғыстан еңсесі көтеріліп елге оралды. Соның ішінде ағайынды Әбді мен Сәді Дүйсенбековтердің ерлігі елге мұра, ұрпаққа ұранға айналды. Әр шаңырақтан


4-5 азамат аттанғанмен бірі де оралмағандары болды. Соның ішінде: Өмірбай мен Есқожаның Қалдыораз, Досбай, Әділ, Іздібай есімді ұрпақтарының бәрі де майып боп майдан даласында қалды. Соғысқа қатысқан әр солдатты батыр десе де болады. Соғыс кезеңінде

ерлігімен, соғыстан кейін еңбегімен ерекше көзге түскен ағайындар аз емес. Олар кезінде Кеңес Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері атанғандар. Бұл шағын тарауда солардың өмір жолдары әңгіме арқауы болды.

## ***ОЛ БЕРЛИНДІ БОМБАЛАҒАН***

*(немесе батыр Біләл Қалиев туралы үзік сыр)*


2000 жылғы жаз күндерінің бірінде үйіме сонау Маңғыстаудың ойынан, Жаңа Өзен қаласынан беймәлім қонақ келді. Таныстық. Туысымыз болып шықты. Жаңа Өзендегі “Өнер” - қазыналық мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ізбасар Түркменбайұлы Сүлейменов сынды ініміз болды. Сонау аласапыран жылдарда аумалы-төкпелі кезеңде кім қайда қоныс аудармады десеңші. Заман ағымына адасқандар, тумадан көз жазғандар қаншама? Сондай аталарымыздың бір бөлігі сол кезеңде ата қоныс Жылыойынан жылыстап Маңғыстау барып, одан әрі Түркменстанға ойысқанға ұқсайды. Мынау ініміз солардың ұрпағы екен. Осы өңірде өсіп өнген туысқан бауырларына ерекше бір қуаныш жөнінде сүйінші сұрай келіпті. Ініміздің қолында көптеген басылымдар саны. Онда жарияланған Ұлы Жеңістің 55 жылдығына арналған материалдар, өлеңдер, жырлар. Авторлары әр адамда, кейіпкері бір кісі. “Егемен Қазақстанда” Мақұлбек Рысдаулет деген журналистің “Қанатты батыр” атты мақаласы басылған. Рас, кезінде газеттен бұл материалды оқыдық, бірақ кім екеніне көңіл бөлмеген едік. Мақалада Біләл Қалиев сынды қазақ батырының белгілі және беймәлім ерлік жолы баяндалған.



Екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес Одағының батыры болған қазақ ұланы Біләл Қалиевтің есімі қазақстандық батырлар арасында жоқ, деп басталады газет материалы. Неліктен? Себебін де сол газет материалы ашатындай.

1941 жылы 7- тамызда Сталиннің бұйрығымен Германияның астанасы Берлинді Кеңес ұшқыштары тұңғыш бомбалағаны тарихтан белгілі. Оған қандасымыз Біләл Қалиевтің де экипажы қатысқан. Жау астанасына жасаған осы әуе шабуылында көрсеткен ерлігі үшін Біләл Қалиевке сол жылы тамыз айында Кеңес Одағының Батыры атағы берілген деп баяндалды газетте. Одан әрі оның Сталинград майданында ұрыс салып, сан ерлік көрсеткені, 1942 жылы 14 тамызда Липецк аспанында күші басым жаумен шайқаста қаза тапқаны айтылды.

Неліктен Біләлдің батырлық есімі әлі күнге беймәлім болып келді? Оның басты себебі- оның Түркменстанда, Красноводск қаласы маңында тұрғандығы. 1920 жылы Жылыой жерінде туылған Біләл отызыншы жылдар қарсаңында ата-аналарымен бірге Түркменстанға қоныстаныпты. Біләл Қалиев 1939 жылы Түркменстаннан әскерге алыныпты. Әскерге дейін педучилище бітірген. Әскерде ұшқыштар даярлайтын Чернигов училищесін бітіріпті. Біраз мезгіл шабуылдағыш ұшақтарда ұшып, тәжірибесін толықтырады. Ал соғыс басталарда Балтық теңізіндегі Саарема Эзель аралында орналасқан ұзақ қашықтыққа ұшатын бомбалаушы авиация құрамына алынады. 1941 жылы 7 тамызда құрамында 15-ДБ-3Ф (НЛ-4) ұшағы бар екі эскадрилья полковник Б.Н. Преображенскийдің бастауымен Берлинді бет ала ұшады. Жау астанасын бомбалайды. 1760 шақырым қашықтықты




артқа қалдырған олар аман-есен базаға қайтып оралады. Осы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Біләл Қалиевке жоғарыдағы атақ беріледі. Олар Берлинге әуе шабуылын қыркүйек айына дейін жалғастырады.

Неміс ұшқыштарының шабуылынан құлаған ұшқыштар екі күн бойы жанып жатыпты. Ізгі ниетті жергілікті халықтар, село тұрғындары алты ұшқышты түн жамылып барып жерлеп, бастарына белгі қояды. Жерленген жері Липецкінің Добрицкий ауданындағы Хворсянка селосы екен. 1985 жылы Хворсянка селосының қызыл ізшілері 1942 жылы 14 тамызда болған шайқастың куәгерлерінің айтуы мен ерлікпен қаза тапқан ұшқыштарды қайтадан салтанатты жерлеген де олардың бойларынан есімдері жазылған құжаттары табылады. Ауыр бомбалаушы ұшқыштардың ұшқыштары Қалиев, Моффе, Удовенко Кеңес Батырлары екені анықталады.

Ізшілер Түркменстанмен байланыс жасайды, бірақ еш дерек болмайды. Өйткені, ол кезде Біләлдің бауырлары Әбілдің жанұясы Таразға, Шілтеннің ошағы Қарағандыға қоныс аударып кеткен-ді.

Міне, осы кезде, яғни 1987 жылдары батырдың туысы Әбіл ұлы мен інілерін ертіп Біләлдің жерленген жерін тапқан. Осы батыр жөнінде материал “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланған соң Избасар ініміз Біләлді біледі-ау деген кісілермен хабарласыпты. Избасардың немере апасы, зейнеткер-мұғалім Күләш Бегенова былай деп еске алады:- Менің сәби шағымда екі жаста болсам керек, ағайым Біләл Қалиев ауылға келіпті. Шамасы ол кезде Батыр атағын алған болуы керек. Сәби қашанда тосын келген адамды тосырқайды ғой, жылап бармаппын.




Сол сапарда келгенінде Біләл Қалиев Батыр атағын алғанын хабарлаған, сондағы өзінің және екі орыс ұшқышының суреті бар “Правда” газетінің қиындысын, 1941 жылы өзінің жеке түскен суретін естелік деп менің анама (жеңгесіне) беріп кеткен екен. Әлі көз алдыма 1953 жылы 7 класта оқитынмын, Шілтен ағайым бауырыма іздеу саламын деп сол газет қиындысын сұрап алып кеткен. Содан соң одан әрі хабарым болмады.

-1930 жылы Красноводск қаласының Уфа стансасында Ізжан (Біләлдің жездесі) ағамыздың үйінде Біләл екеуіміз жатып оқыдық. Содан бастап өте таныс болып кеттік. Красноводск педучилищесінен 1939 жылы армия қатарына алындық. Көп уақытқа дейін хат-хабар алысып тұрдық, деп жазады маңғыстаулық Нұр Өтебаев ақсақал.

Ал халық ақыны Есенғали Бөкенбаев Рамазан досымның ерлігіне деген жырында Біләл Қалиевтің ерлік жолдарын, Батыр атануын, қаза болуын жыр жолдарымен өрнектейді, сүйсіне оқисың.

Ал енді Біләлді Бегімбет тайпасынан дейтін болсақ, ата-бабасы кім? Жинақталған шежірелік қағазымызды ақтарып отырып мына жайға кезіктім. Адайдың Келімбердісінен өретін Бұзаудан туған Жеменейдің үш баласының бірі Жомарт (оның кім болғаны тарихтан белгілі, Есімхан заманында сақилығымен аты шыққан бабамыздың Аталық аты Жомарт атанған) бабамыздан өрген Сұлтанкелді ұрпақтарының бірі Бегімбет болса, одан Шідербек, Сүйіндік атты екі ауыл тарайды. Соның ішінде Сүйіндіктің үш баласының ортаншысы Асан ауылы Біләлдің шыққан жері, Асаннан өрген төрт атаның бірі Көшектен Қамай, Жанай, Атанбай, Бурабай есімді төрт ұл туған. Осылардың



ішінде Атанбайдан Байтілеу, Байтілен, Өтеғара, Өтеғұл, Әжібай Торыбай сын-ды алты ұл бүгінде алты ауыл. Осының ішінде Өтеғұлдан Нұржаубек пен Сүлеймен туған. Демек Сүлейменнен Түркменбайдан, одан Избасар ініміз дүниеге келген. Ал Әжібай атамыздан Досмағамбет, Досқали (Қали), Беген, Қилыбай туған. Досқали о бастан Қали боп айтылып та, жазылып та кеткен. Досмағамбет атамыздан Ұлша есімді қыз болды. Оның ұрпақтары Ақбота Адай Қартмағамбеттің балалары Нұрдаулет, Бақдаулет, Асқар жиендеріміз Жылыой ауданының Сарқамысында тұрады. Қали атамыздан (Досқалидан) туған Қаржы, Әдемі, Айша есімді қыздары Ашхабадта тұрады. Майша-Нұр Өтебаевтың ағасы Изжанның жолдасы бопты. Қалекеннен (Қалидан)- Әбілғазы, Біләл (1920), Шілтен (1923), Аманкелді (1943) атты ұлдары болған. Бүгінде Аманкелдіден өзгесі өмірден озған.

Ер есімін ел болып ұлғыласақ артық болмас деп есептейміз. Батыр аға есімімен мектеп, көше аталса Біләлдай Батыр бауырымыз- бірінші болып Берлинді бомбалаған баһадүріміз ұрпақтардың есінде мәңгі қалары ақиқат. Жиырма екі жасында еңсесін биік ұстап ер атанған, жаужүрек қандасымызды қалай ұлғыласақ та артық болмас еді. Ойланайық, ағайындар!

## СОЦИАЛИСТИК ЕҢБЕК ЕРІ

Әбді Дүйсенбеков

Жылыой ауданынан оның даңқы Атырау аймағына, күллі республикаға танылды. Кезінде асыл тұқымды қаракөл қойын өсіріп, мол да сапалы өнім алуда әлденеше мәрте ауданның, облыстың чемпионы атанды. Ал ол бұндай биікке, толымды табысқа қалай қол жеткізді? Ол қаршадайынан еңбекке араласып, қандай жұмыс болса да талғамай жасай білді. Өзіне-өзі қатал талап қойып, өзгеден де еңбек ете білуді, жоғары жауапкершілікті талап етті.


Әбекең 1915 жылы Дүйсенбек есімді тақуа адамның жанұясында дүниеге келді. Төрт кластық қана білім алған Әбекең әуелі ауыл арасындағы жеңіл-желпі жұмыстарды атқарып, еңбек етудің қилы сырларына қанықты.

1935 жылы Әбекең өз еркімен «Қызыл таң» серіктестігіне мүше болып кіріп, төрт жыл бойы егін егумен, ересектер арасында сауат ашу жұмысымен жүйелі айналысты. Ол 1939 жылдың қыркүйегінен бастап 1946 жылдың қыркүйегіне дейін әскери қызметке алынып, Владивостокте тұрады. Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысып, ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, жараланса да жігері жасымай, аман-есен елге оралды.

1946 жылдың күзінде майданнан оралысымен Әбекең Ембі ауылдық Кеңесіне қарасты “Жаңа таң”, Ворошилов ұжымдық шаруашылықтарында басқарма мүшесі, сиыр фермасының меңгерушісі болады. Бұл жұмыстарды ол 1949 жылдың тамызына дейін атқарды.

Өмір ағымы жаңа бетбұрысқа бастау алып, қоғамға, шаруашылыққа білімді адамдарды қажет етті. Өмір






талабына жауап берер мамандар қажет болды. Өз қабілетін сезінген Әбді Дүйсенбеков (1944 жылдан СОКП-ы мүшесі) 1949 жылдың жазы аяғында партияның жұмсауымен осы ұжымдық шаруашылықтарында егінші, сиыр бақташысы боп, табан аудармастан он жыл еңбек етті.

Ал 1959 жылы Әбді Дүйсенбеков өз мамандығын өзгертіп, біржола қой шаруашылығына бетбұрыс жасап, аға шопандыққа бейімделді. Он сегіз жыл бойы үздіксіз шопан болған Әбекең өмір кітабын өз еңбегімен, маңдай терімен жазды. Еселі еңбегіне орай 1966 жылы ол ауданда Ленин (Орден №360252- 22.03.1966ж. –книжка Е №192718) орденімен наградталған алғашқы шопан еді. Жоғары награды оны биікке ұмтылдырды, жаңа табыстарға жеткізді. Араға бес жыл салып Әбді Дүйсенбеков КСРО елінің ең жоғарғы наградасы Орақ пен Балға алтын медалін алып Социалистік Еңбек Ері атанды, екінші Ленин орденімен марапатталды. (Орден №358862-8.04.1971-книж №543262 орақ-балға №17938 8.04.71-543262). 1978 жылы зейнеткерлікке шыққан Әбекең көмекші шопан бола жүріп, өз тәжірибесін, білігін кейінгі жастарға үйрете түседі.

Ол еңбек еткен жылдарында көпшілік-қоғамдық жұмыстарды да жүйелі атқарып, көптеген наградаларға ие болды. Ұзақ жыл аупартком мүшесі, жергілікті Кеңес депутаты болған Әбекең 1973-1975 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің де мүшесі болғаны белгілі. Ол аупартком, обком мүшесіне депутат бола жүріп ел аманатын орындауға, халық мүддесіне көп көңіл бөлуге ниет етті. Біреудің қасіретіне, біреудің қайғысына ортақтасуға Әбекең қашанда әзір-тін.




Әбекеңді ел сыйлады, қадір тұтты, еңбегі лайықты бағаланды. Жоғарыдағы ие болған наградаларымен қоса Әбекең мына наградалар мен атақтарды алған-ды.

Соның бастысы “1941-1945ж.ж. Жапонияны жеңгені үшін” (16.03.1966ж. книж А№5086339), Жеңістің 30 жылдығына 1941-1945 ж.ж. (8.05.1975ж), Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің медалі (26.01.1963-№711), (14.12.1967ж-17659), (1968, 1969, 1970, 1971ж.ж.-№88518, №156130 1781966, №35662), “Айбынды еңбегі үшін” (02.04.1970ж), Қазақ ССР ауыл шаруашылығының үздігі атағы (02.08.1974-№002795), Қазақ ССР мал шаруашылығының шебері (15.06.1969-№1), Қазақ ССР ауылшаруашылығының еңбегі сіңген қызметкері (20.09.1973ж). Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын медалі (1647-29.12.1971-№302-Н), Күміс медалі (1813-17.08.1970-№140-Н). Құрметті диплом (23.11.1968ж) Қазақстанның үздік шопаны (12.08.1970), Құрмет грамоталары, Құрмет дипломы (12.04.1970, 1969, 10.04.1970, 18.08.1970) және басқа наградалар оның абыройы мен атағын аспандатты.

Әбекеңнің ерен еңбек иесі болумен қатар үлкен жанұяның басшысы екенін айтқан жөн. Әйелі Қалима да үздіксіз еңбек еткен, Еңбек Қызыл Ту ордені мен көптеген медальдардың иесі атанған абзал жан. Әбекеңнің балалары Ерғазы мен Байғазы және басқа көптеген қыздары мен немерелері бар. Бұл күнде олар өз алдарына бір отау, еңбек тізгінін ұстаған жандар.

Бүгінде дүниеде болмағанмен Әбекең есімі ұлғылануда. Құлсарыдағы орталық көшелерінің бірі Әбді



Дүйсенбеков есімімен аталды. Сонымен бірге Ақкиізтоғай селосында музейде жасақталған.


Енді ағамыз Әбдінің ру жігін тартар болсақ: Бегімбеттің екінші баласы Сүйіндіктің үлкен ұлы Қараша болатын. Ол аса батыр, ержүрек кісі болыпты. Қарашадан Бектемір, Тастемір. Тұр атты үш ұл туады. Соның ішінде Тастемір он жеті жасында Маңғыстауда Қараман ата басында қара іске ант беріп, мезгілсіз опат болады. Айттырып қойып, енді алғалы отырған қалыңдығы жесір қалған. Содан Тастемір қалыңдығына ағасы Бектемір үйленіп, одан Оңбай, Қозыбай, Мыңбай атты үш ұл болады. Алайда ұрпақ Тастемір атына жазылады. Соның ішінде Оңбайдан тұқым болмайды. Ал Қозыбайдан Тұяқ, Қадір, Бетжуар, Шәкі туады. Алғашқы үшеуінен тұқым жоқ. Шәкіден- Беркәлі, Өмірәлі, Шоман, Бисен туады. Соның ішінде Бисеннен Дүйсенбек, Торжанбек туады. Сөйтіп Дүйсенбектен- Әбді, Сәді, Әнуарбек. Міне, біздің ер ағамыз Әбдінің шығу тегі осылай.



## СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ


*Жанбөпе Мергенбаева*

Қандайма заман, қандайма кезең болмасын елді ерлікке, еңбекке, бірлікке бастаған асыл жанды, жау жүрек, ер көңілді аналар мен арулар аз болмаған. Солардың бірқатары кешегі Ұлы Отан соғысының отты жылдарында майдан да, тылда да ерен ерлігімен ерекше көзге түсіп, шыбын жанын ішүберекке түйіп жүріп Жеңісті жақындатуға жан аямай ат салысты. Сол кезеңде тылда еңбек етіп, мал шаруашылығын, соның ішінде жылқы өсіруде өзіндік тәжірибесі, өзіндік қолтаңбасы бар осы бір әзиз жанды ана жайында жылы сезіммен айтпасқа амалың жоқ. Ол әкесінің, ағасының жылқы шаруашылығымен айналысуына байланысты жасынан ат құлағында ойнап, хас жүйріктердің талайын тақымына басып, самал желмен жарысып, сан мәрте бәйгеге ат қосып, алдымен келіп жүрді. Қыз балалығына қарамастан жасынан пысық, өжет, қуатты боп өсті. Сөйтіп жүргенде өз басына да құрық түсерін қайдан білсін. Бөлекбай екеуі ілкі кездескеннен-ақ жүздерін нұр шалып, жүректерін жалын өртеді. Біріне-бірі ұнаған екі жас махаббаттың маздақ отына жылынып, талай-талай сырларын ақтарысты. Бірін –бірі шын жүректерімен ұната білген, ынтық болған екі жас ақыры өмірге өз шаңырақтарын тікті. Жас отаудың түтіні бірден тіке ұшты. Шаттыққа толған шаңыраққа бал татыған бақ, қызық пен қуаныш орнады. Келісті де кербез, көрікті де көркем Бөлекбай жас жары Жанбөпенің көңілінен шыға білді. Екі жас бір тілек, бір ниетте тірлік түйінін тоқайластырып, жаңадан құрылған ұжымдық шаруашылықты өркендетуге, мал басын



көбейтіп, өнімін арттыруға айрықша көңіл бөлді, еңбектерімен үлес қосты.


Бұл бір қиын кезең еді. Ел ішіндегі үрей әлі толық басыла қоймаған. “Халық жауы” қатарына ілігіп кеткен ағайын-туыстың қасірет-қайғысы көңілді күпті етіп жүргенді. Біреуді біреу танымайтын, қашқақтап жүретін шақ еді. Бірақ уақыт өте келе ел басына қайғы бұлтын қалыңдатқан бұл науқан да артта қалып, аяғы бәсең тартқан-ды. Бірақ тіршіліктің тауқыметі, өмірдің қиындығы таусылған ба? Қыстан соң көктем мен жаз келетіндей өмір дөңгелегінде тынымсыз дөңгелеп, жылдарға жылдар жалғасып, өмір керуені ілгері оза берді. Сөйтіп, жүргенде жас келіншек Жанбөпенің аяғы ауырлап, жас жұбайлардың көңілін қуаныш, жүректерін шаттық биледі. Ал 1940 жылдың көктемінде жас жұбайлар шаңырағында ұл бала дүниеге келді. Жиырмадағы Жанбөпенің қуанышында шек болмады. Келген жерін қуантып, дүниеге ұл әкелді, Бөлекбайының өмір жалғасы келгеніне екі қуанды. Жас нәресте де түр-түсі, кескін-келбеті, сымбатты жағынан әкесінен аумай қалғандай. Аққұбаша, торсық шеке ұлдың қылығы да күннен-күнге қызықтырып, ата-ана көңілін ерекше бір жылы шуаққа, нұрлы сезімге бөлейтін. Сөйтіп жүргенде 1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталып, ат ауыздықпен су ішер, ер етігімен су кешер кезең келген-ді. Тарланбоз талай азаматтар антына адал болып, елін, туған жерін, Отанын- бақайшағына дейін қаруланған қаныпезер жаудан қорғауға аттанды. Солардың қатарында Жанбөпенің жаны сүйген жары жайсаң жігіт, ауылдың ардақтысы Бөлекбай да бір топ ауылдастарымен бірге бір күні алыс сапарға аттанып бара жатты. Бір жастан



жаңа асқан Сәуірбайын бауырына қысып, жылай-жылай Жанбөпе де, абзал ауыл азаматы бола білген Бөлекбайды қимаған ауылдастары да жүздерін мұң басып, көкіректеріне қайғы орнап қала берісті.

Алғашқы ауыр да, азапты түндер мен күндер, апталар мен айлар Жанбөпенің жанын қинап, жегідей жегенін айтсаңшы! Бірақ ел басына түскен ортақ қасірет жас келіншекті ширықтырып, белін бекем буғызды. Баласын баға жүріп, бұрынғыша мал өсірумен айналыса берді. Енді бір өзі екі-үш кісінің орнына еңбек етуіне тура келді. Сол, 1942 жылдың қысы ауыр басталды. Аяз күшті, қар қалың түсті. Бұл бір ердің ерін сынар сәт еді. Майдандағы асылдарын ойлаған ауылдағылар табиғат алапатымен айқаса білді. Ақ шұнақ аязда, түтеген боранда, ұйтқи жауған қар нөсерінде ауыл адамдары, малшылар ферма меңгерушілері өз жандарынан гөрі мал жағдайын көп ойлады. Бірде-бір малды шығын етпеуге күшін де, жігерін де жұмсады. Сөйтіп, арпалыса жүріп, қоғам малын көздің қарашығындай сақтады, өсірді, өндірді, басын көбейтті. Қажыр-қайратымен, ерен еңбегімен ауыл адамдары, тыл жұмысшылары майданға тікелей көмек беріп, жеңісті жақындатуға барынша күш салды. Жылжыған жылдарға ілесіп жылдар өтті. Төрт жылғы тарықтырған соғыста аяқталып, зарықтырған Жеңіс таңы да атты.


Ел қуанышында шек болмады. Бірақ Жанбөпенің аңсаған адамы, сағына күткен сүйіктісі, зарыға тосқан сыңары оралмады. Күтумен ғұмыр өтті, аңсаумен айлар артта қалды. Қуаныш күткен көңіл, жақсылық тосқан жүрек су сепкендей басылды. Ардақтысынан айрылып, қам көңіл боп жүрген Жанбөпенің жаны енді асылдың тұяғы, бауыр еті



баласын- Сәуірбайын алданыш етті. Кеудені кернеген ыза, көңілді билеген кек, жүректі жаралаған жылдар Жанбөпені бұрынғыдан да бұлқындырып, ширықтыра, ширата түсті. Бес-алтыға келіп қалған Сәуіржанын атқа мінгізіп, сыртынан сүйсіне, сүйіне қарап тұруды әдет етті. Жас бала болғанмен атқа отырысы құдды Бөлекбайынан аумайды екен. Осының өзін көңіліне медет еткен Жанбөпе бұрынғыдан да бекем бел буа, білек түре еңбекке берілді. Малшыларды жаз жайлауға, қыс қыстаққа көшіріп-қондыруда, мал басын өсіріп, алынатын өнім мөлшері мен сапасын арттыруға айрықша көңіл бөлді.

Елі үшін еңбек етіп, жылқы бағып, өсіруде үздік табыстарға жеткені үшін жылқы фермасының меңгерушісі, Ворошилов атындағы ұжымдық шаруашылық мүшесі Жанбөпе Мергенбаеваға 1948 жылғы маусым айындағы КСРО Жоғары Кеңесінің Указымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бұл оның адал еңбегіне, адамгершілігіне, адами істері үшін берілген әділ баға болатын. Кейін Қазақстанның әр түрлі Жоғары деңгейдегі жиналыс, съездерге барып, елге белгілі партияның парасатты басшылары Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Брежневпен, Н.Базановадай академикпен кездесіп, сырласқан сәттер көңілін көкке өрлетіп, сұрапыл соғыс салған жан жарасы жеңілдегендей еді. Жақсымен сырлассаң жаның жайланар деген ғой. Сол, 1956 жылы Алматыдан ораласымен Жанбөпе Мергенбаева еңбекке жаңа бір құлшыныспен, тың серпінмен кіріскен-ді. Бұл кезеңде Бөлекбайдан қалған тұяқ Сәуірбай да сымбатты жігіт, сындарлы азамат болып өсіп келе жатты. Кейін,




Сәуірбай орта мектепті тәмамдасымен Гурьев ауылшаруашылығы техникумына мал маманы бөліміне оқуға түсті. Оқи жүріп спортпен айналысты. Еркін күрестен облыстың жүлдегері атанып, әлденеше рет байрақ алды. Оның палуандығы арғы атасы Шүйішбекке тартса керек. Шүйішбек аса қайратты, алып күш иесі болғанға ұқсайды. Сонымен Сәуірбайы оқуын бітіріп, оның үстіне Кенже ауылының ғана емес күллі Адайдың, қала берді барлық Байұлының қадірлісі Қайшыбай ақсақалдың Мәриясымен көңіл жарастырып, өзінің жаны қалаған адамына үйленіп, әкесінің шаңырағын қайта тіктеп, анасын бір қуантқан-ды.

Өшкенім жанды, өлгенім тірілді, Бөлекбайымның рухы-риза, төсегін ластамадым, кеудемді жамандарға бастырмадым, одан қалған жалғыз тұяқты адал тәрбиеледім, адалдығыма, ақтығыма Алла айғақ, Құдай куә. Шараналарыңды қатарға қосып, адам еттім, енді өз аузы өзіне жетті. Ал, ағайындар қатарларыңа бір үйлерің қосылды,- деп әзиз ана Жанбөпе жылай жүріп, шашуын шаша жүріп, жұртшылықпен қуанышын бөлісті. Осы бір қуанышты күндер, қызықты сәттер де көп ұзамай көзден бұлбұл ұшты. Сәуірбай айықпас ауруға ұшырады. Жазылмады. Ана байғұс көп қиналды. Мәриямға да жеңіл болған жоқ. Анда-мында апарып емдеткенмен дауасы түспеді. Ақыры 1990 жылдар қарсаңында дүние салған Сәуірбайының қазасы ана байғұсқа жан жары Бөлекбайдың соғыстан оралмауынан да қиын соқты. Қайран ана, перзент үшін жүрегін жұлып бермес пе. Өзегін өртеген өкінішті өлім ананы тұралатып-ақ кетті.

-Ей, ана,- деді сонда келіні Мәрия.- Тағдырдың таяғы, тартар сыбағасы Сізге деген аз емес екен. Кәкем айтатын





бәріне де сабырлық сақтайық деп. Сіз жыласаңыз мен жылап, мен жыласам балалар үрпиісіп, берекетіміз кетер. Сәуірбайыңнан қалған қыз да болса перзенттер, Рүстемдей тұяқ бар, шүкіршілік етейік. Алла осылардың ғұмырын ұзақ, бақытын биік қылсын. Беліңізді буып, ағайын-тумаға араласыңыз, елді көріңіз, көңіліңізді көтеріңіз.

Япыр-ай «көргені жақсы көсемдік сөз айтады» деп еді мына келінім келіскен билігін айтты-ау. Қой болмас, бүкшиіп пештің түбінде жатқанша, еңсемді көтеріп, қайғыма ортақтасқан, басымды сүйеген асыл халқыммен қауышайын. Өлгеніне бата, тірісіне құтты болсын айту керек шығар. Елден алған атағым бар, халқым сыйлаған қадірім бар, қайнаға-қайнымның құрметі бар, қатарым айтар базына бар. Оларды тәрік етіп, өзіммен-өзім оқшауланып қалай күн көремін. Қой болмас. Сонымен зейнеткерлікке қалған Социалистік Еңбек Ері және басқа бір қатар орден, медальдардың, Құрмет Грамоталарының иесі Жанбөпе Мергенбаева ел ортасына оралды. Қайғының қара бұлтын серпи білген, қасіретті жеңе білген ананы мектеп оқушылары, оқу залдары, ауыл жастары, Бейнеу (қазір ол кісі Боранқұл кентінде тұрады) ауданы еңбеккерлері кезек-кезек кездесуге шақырып, елдің, аудан мен ауылдың, өзі еңбек еткен шаруашылықтың өсіп-өркендеуі жайында, Соғыс жылдарындағы Сұрқай заман турасында және бүгінгі кезең жөнінде көбірек сұрайды. Бүгінде жасы 84-ке қараған ананың басынан өткені де, асыл жұртына айтары да аз емес.

Сонымен, бес арыс Бегімбеттің бір атасы Сұлтанәлінің Текен аулынан Нұрлыбай, Қожамбет туады. Ал Нұрлыбайдан Себепбай/дан/ Шоқыбай/дан/: -1. Атшыбек (жоқ), 2. Алтынбек, 3. Шүйішбек, 4. Сүгірбай. Ал


Шүйішбектен: Мергенбай, Тұрғанбай, Мергенбай/дан/  
Бөлекбай/дан/ Сәуірбай/дан/ Рүстем. Міне, осы Бөлекбай  
ағамыздың асыл жары Жанбөпе апамыз ауылдағы асыл да  
ардақты жанның бірі ретінде үлкен құрметке ие.

## **СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ**

*Ләтіп Шахатов*

Расында да оның ерен еңбегі кейінгі жастарға үлгі-өнеге  
еді. Қайсар да қайратты қазақтың жігіті екенін ол жастай  
жұртшылыққа таныта білді. Ол небәрі он бес жасында, Ұлы  
Отан соғысының отты жылдарында 1944 жылы Мақат  
аймағындағы теміржол бойында жолшы-жұмысшы болып  
еңбек жолын бастады.

Иә, Ләтіп Озғанбайұлы Шахатов 1929 жылы Мақат  
ауданында өмірге келді. Әкесі Озғанбай теміржолдың  
жұмысшысы болатын. Қандағаш- Мақат теміржолын  
салысуға қатысқан. Әке жолын қуып, оның ұрпақтары да  
теміржолшы болуды ұйғарды. Жастай еңбекке араласқан  
балаң жігіт жыл өткен сайын тәжірибесін толықтырды,  
шеберлігін шындай түсті. Оның жұмысқа деген қабілетін,  
елгезектігін, іскерлігін байқаған теміржол мекемесінің  
әкімшілігі 1949 жылы жиырма жасар оны жол бригадирі  
етіп тағайындады. Бұл оған үлкен жауапкершілік, міндет  
жүктеді. Ер еңбегі қашанда ескерусіз қалмайды. Жетінші  
бесжылдық қорытындысымен Ләтіп Шахатов Еңбек  
Қызыл Ту орденімен марапатталды. Кейін де көптеген  
атақтар мен сыйлықтарға ие болған Ләтіптің жыл өткен  
сайын мерей-мәртебесі арта түсті. Соғыс жылдарында



өндірісті жетілдіру, теміржол жұмысына жаңалық ұсыныстар енгізу жедел қолға алынды. Ал өндіріске енгізілген жаңалықты меңгеру, игеру жұмысшының негізгі міндеті. Бұл орайда да Ләтіп Шахатов белсенділік таныта біледі. Оның бригадасы мүшелерінің шеберлігі шыңдалып, тәжірибесі күн сайын толыға түседі, еңбек өнімділігін артып, жұмыс сапасы жақсарды. Ол басқарған бригада үнемі жеңімпаз атанып, социалистік жарыстың алдыңғы легінен көріне біледі. Тарлан теміржолшының еңбектегі ерен жетістігі ескеріліп, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының 1976 жылғы 7 наурыздағы Указымен Ләтіп Шахатовке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді және Ленин орденімен наградталды. Сөйтіп, ол өзінің ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көріп, бақытқа бөленеді.

Ол бес арыс Бегімбеттің Құдасынан, оның Қонысбайынан, Қонысбайдың Жолболды аталығынан тарайды. Бүгін де оның және інісі Бағытжанның ұрпақтары Мақат поселкесінде тұрады.



## **БЕГІМБЕТТІҢ АҚЫНДАРЫ**

Бұл күнгі Бегімбет-Сұлтанәлі ұрпақтары арасында да шешендігімен, билігімен, ақылдылығымен, ақындығымен елге танымал абзал азаматтар аз болмаған. Өткен дәуірлер мен ғасырларда ғұмыр кешкен көптеген ақпа-төкпе ақындарымыздың алау жырларын бүгінгі ұрпақтарымыз жарасымды жалғастыра білді. Соның ішінде өмірден ертерек өткен, артында мол мұра қалдыра білген Аман Жанкеев, Нұрлан Жаңабаев, Қуаныш Ержанов, Мұхамбетияр Махауов, Аманғали Сеңгірбаев, Сыдиық Салықбаев, Есбол Алтыбаев есімдерін есте сақтау, жырларын, әңгімелерін жинақтау ләзім. Сондай-ақ бүгінгі қазақ әдебиетінің белді өкілі Айтуар Өтегеновтің еңбегін ерекше айтқан жөн. Ол ел, жер тарихы жөнінде жауһар жырларды молынан жазып келеді. Ал бүгінгі ақындарымыздың басты міндеті өз ізбасарларын дайындауды қолға алса артық болмас еді. Сондықтан ақындар мен қаламгерлер қатарын көбейтуге өз үлесімізді қоссақ- үлкен қуаныш деп білер едік. Осы шежіре кітабымызда Бегімбет-Сұлтанәлінің белгілі бір топ ақын-қаламгерлерінің шығармаларын беруді жөн көрдік.

**АЛТЫБАЕВ ЕСҚУАТ АЯНҰЛЫ** - (1954-2001ж.ж.)  
Ворошилов колхозында туды. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ өлең, мақала жазып, баспасөзбен байланысын нығайтты. Өзен қалалық газетінде істеді. Құлсары қаласында жеке кәсіпкерлікпен айналысты.



## **КҮН СӨНБЕСІН**

Өлімші қылып тепсе де қатты өңменге,  
Қол-аяқтарын кетсе де шашып жер-жерге,  
Мойымай ерлер кекпенен жауды жеңген-ді,  
Бұғалық салып Берлинге.

Қайтерсің оқтар жаңбыр боп көктен жауғасын,  
Саудаға түсер санаға толы сау басың.  
Күн көзі енді бұлтына соғыс торланбай,  
Төбемізден аумасын.

Балдақты қартқа кезіге қалсаң сәлем бер,  
Сақтаған сені аяғын қиып сол ерлер.  
Өйткені олар соғысты жеңген кемеңгер,  
Жаралы жандар демендер

## **ӨЗІҢІЗДІ ӨЗГЕДЕН ҚЫЗҒАНАМЫН**

Ой қуып кетем кезіп құз ғаламын,  
Өзінді өзге жаннан қызғанамын.  
Кел, сәулем, терейік бір көктемдегі,  
Жауқазын қызғалдағын нұр даланың.

Үзілмей махаббаттың жас гүлдері,  
Мендегі тұлпар ойлар басты ілгері.  
Іңкәр көңіл өзіңе ұмтылады,  
Теңіздей дөңбекшіген тасқын күнгі.



---

## АСТАНАДА АБАЙ ТҰР



Ақтарылып жатыр көктерден аунап арай мың,  
Ақ шуақ тандар мүсінін орап Абайдың.  
Қалаға осы сән беріп тұрған жиһаздай,  
Сүйсіне ұзақ қараймын.

Маңайына қаптап, көктемде жұпар гүл көмген,  
Ескерткішті көргенде, достым, кеудемді менің жыр керген.  
Сырласып тұр-ау, Алатау тектес ақыным,  
Келешек жайсаң күндермен  
Айқармай кірпік, ойларға шомып талай түн,  
Отырам ұзақ аққуын сүйіп ақ айдың.  
...Теңіздей дүлей тебіреніп кетем тағы да,  
Қаламын алып Абайдың.

Тыңда мені, жазира дала, сыр ұқ!  
Асау жүрек барады алас ұрып.  
Шыңға мені жетелеп жүйрік арман,  
Көк жиектен шырқаймын ән асырап.

Заңғар таулар түріп ап құлақтарын,  
Сақ-сақ күліп қол соқты бұлақтарым.  
Арай таңның құшып мен шуақтарын,  
Туған жерге кеудемнен сыр ақтардым.

Буырқанып көк өзен тасыды әні,  
Арманымдай алысқа асығады...  
Көкіректі күмбірлеп тыншытпай жүр,  
Жиырманасыншы осынау ғасыр әні!



---

## *МЕН САҒАН ҒАШЫҚПЫН*

Самалдар сипап, райхан гүлдің сабағын баяу шайқаған,  
Құшақ толы гүл ақ ару қыздар айтады ән.  
Көктем күліп көңіліңнің мынау көкжиегін түріп қайтадан,  
Он сегіздерде туындап жатты байтақ ән.

Он сегіздердің жүрегі жатты кеудемде симай бұлқынып,  
Кетер ме, әлде, тегеурінге шыдамай көкірек жыртылып.  
Шуағына майдың шомылып, жұпар атқан қырларда,  
Қызғалдақтардың сабағында тұр сыр тұнып.

Гүл қызыл шокқа шығысты көміп раушандап атқан май таңы,  
Жұдырықтай менің жүрегімде жатқан балапан жырды шайқады.  
Сырлы әуезді сандуғаштар сайрайды анау бақтарда,  
Ақ балтырлы қайыңдар да көктем жырын айтады.

Ақын жандар таппайды тағат кеудеде жыры тасып мың,  
Алыстан келер махаббатымдай көктемді тосып асықтым.  
Осынау кербез көсіліп жатқан келші менің далама,  
Ей, көктем, мен мәңгі саған ғашықпын!

## *ӘКЕ МҰРАҒЕРІ*

Алаулаған алып күн батыс көк жиекті қызыл нұрға  
малынып, көктем кешін әдеттегіден де арайландырып  
жібергендей. Ерке самал адам жанын қытықтап, ерекше  
шаттыққа бөлентті.

Ол осынау сәтті қызықтап біраз отырып қалғанын да  
сезбепті. Ойын әлі тұжырымдай алған жоқ. Сезім

күшағында үйге қарай беттеді. Кешкі мектепке оқып, еңбекке аралассам. Тынымсыз ырғалған качалкалармен сырлассам етті. “Қара алтын дариясын селдеткен мұнайшы неткен күдіретті мамандық едің!

Мақсотты осы ой біраздан бері толғандырып жүретін. Кейде “асқақ мұнаралар” басына шығып ап, қуанышы қойнына сыймай кеудесін шаттық кернеген ол, өзге достарына “мен мәртебесі биік мамандық иесі-мұнайшымын!”- деп айқай салғандай.

Ертесі күні де аласапыран ой толқындарын аралады. Үй ішіне айтайын десе “қарағым –ау, қабырғаң қатпай жатып не бар әлі” деп, ойын қолдамай тастайтындай. Кешкісін шәй үстінде тысқа шығара алмай өзін біраздан бері толғандырып жүрген бар сырды әке алдына жайып салды.

Қосекең баласының еңбекке жарап қалғанын жаңа ғана сезгендей. Қапелімде жауап бермей біраз үнсіз отырып қалды.

-Ал, оқуыңды қайтпексің?

-Еңбекпен ұштастырсам деп ойлаймын, әке.

-Иә, құлыным,- деді Қосекең тағы біраз үнсіздіктен соң әңгімесін қайта жалғап.- Талабыңа тосқауыл болып не қылайын, оң болсын!

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан,- деген Абай атаң. Мен де саған соны айтпақпын, ұлым Отаның қажет еткен жерге асыл кірпіштің бірі боп берік қалана білсең менің онан биік не арманым бар.

-Рахмет, әке, рахмет,- деді Мақсот әке алдындағы қуанышын жасыра алмай, Қосекеңнің мойнынан еркелей құшып.



Бұл 1969 жылдың көктемі еді.

Сыңсыған сансыз мұнара, сәйгүліктей тағатсыз бас шұлғыған качалкалар. Бәрі де: “Қош келдің, жаңа еңбек адамы” - деп құшақтарын айқара ашып, бас ие табынып жатқандай. Ол айналасына қызыға да сүйсіне қарайды. Еңбекке деген құштар жас жаны осынау ғанибет өмір сырларына қануға асыққандай.


Он жетіге жаңа ғана иек артқан балаң жігіт еңбекке құлшына кірісті. Әріптестеріне жастық жігерін танытты.

... Таңертеңгілік. Мұнай зерттеу бригадасының операторы болып орналасқан Мақсот скважиналар жұмысын бақылап келе жатты. Жолай №1 учасюктегі №84 скважина сальнигінен май кетіп жатқанын көрді де, дереу мастері Рәш Таубаеваға хабар берді. Сөйтіп, “қара алтын” ысырабы тоқталды.

Мұнайшылар клубында өтіп жатқан “Құлсарынефть” басқармасы коллективінің салтанатты мәжілісі. Осы салтанат үстінде мұнай зерттеу бригадасының үшінші разрядты операторы М.Ақаевқа аудандық комсомол комитетінің құрмет грамотасы табыс етілді. Бұл еңбек сүйгіш жас жігітке берілген алғашқы қарапайым ғана баға еді. Осының өзі оның қайратын бұрынғыдан да бетер тасытты. Озат оператор, комсомол мүшесі М.Ақаев өткен жылы “коммунистік еңбектің екпіндісі” атағын жеңіп алды.

-Мен еңбектегі табыстарымды ұлы Отанның 50 жылдығына арнаймын,- дейді Мақсот күн қаққан қоңырқай жүзіне қуаныш табы ойнап.

Алқызыл күн жер бетін қызыл арайға малып, таң рауандап атып келеді. Мақсот мұнараларға бағыт ап, сеніммен адымдап бара жатты.



**ЕРЖАНОВ Қуаныш** – (1946-1981 ж.ж) Қосшағылда туған. Сонда орта мектеп бітіріп, мұнайшы болды. Гурьев пединститутын бітірді. Ұзақ жыл Жылыой аудандық “Ембі” газетінде аға әдеби қызметкер радиоторабында редактор болды. “Атырау айдыны” жинағында өлеңдері жарияланды.

## **ӨКІН МЕЙЛІҢ**

Алаулап сұлу гүлдер өсіп тұр ғой,  
Құрбым-ау, мезгілінен кеш ұқтың ғой.  
Жүрегің толқиды ма, қиналасың,  
Амал не кешіктің ғой, кешіктің ғой.


Ол күндер оралмасқа кетті анық,  
Жалыным саған деген бітті жанып.  
Орынды жүректегі саған деген,  
Өзіндей бір сары қыз кетті алып.

Елесін сол күндердің, паң қыз ұғын,  
Өмірдің кінәлама сан қызығын.  
Мен сенен сарсыла іздеп таба алмадым,  
Сұлуға біткен нәзік жан қызығын.

Қайтемін, кешір деп те өтінбеймін,  
Қалыпты, ұмтылып ол күн кейін.  
Өкініп өткен күнге керегі не,  
Өкінбе. Ерік өзінде өкін мейлің.

\*\*\*

Қиын екен жалғыздық, қиын екен біртүрлі  
Сағынамын сыңғырлаған сенің, сәулем, күлкінді.  
Бірге болған күндерде біз байқамайды екенбіз,  
Қалай ғана атқызамын мынау ұзақ бір түнді.



Тәтті күннің тәттілігін, жүрмейміз-ау, елеп шын,  
Мейірімді мінезіңмен мені нұрға бөлепсің.  
Жалғыздықтан жабырқадым, келші сәулем, қасыма,  
Өзіңменен бірге отырып шәй ішкенге не жетсін.

## **ҚЫЗ ҚУУ**

Тұлпарлар тыпыршиды шабыс күткен,  
Жігіттер бәсекеге намыс тіккен.  
Жөнелді сұлу алға күлім қағып,  
Атбасын тежемей –ақ, жазықтықпен.

Алдында топ жігіттің барады ағып,  
Жанарын көк жиекке қадап алып.  
Бір жігіт жөнелді кеп қыз соңынан,  
Жетсе егер сүйетіні оған анық.

Тұяқтар сатырлатып сары даланы,  
Артында будақ-будақ шаң қалады.  
«Сүйсең сүй, бірақ жетіп ал» дегендей,  
Сұлуың жігіт жаққа сан қарады.

Жүрегін елжіретіп бір ғана арман,  
Ал жігіт жеңіс күйін шырқап алған.  
Келеді атын тежеп, ұзасын деп,  
Ассын деп анау биік қырқалардан.



---

## КОММУНИСТ



Еңбекте де, тұрмыста да майталман,  
Кездері жоқ қиындықтан тайсалған.  
Жанарынан жалын шашып тұратын  
Коммунистер -өжет жан ғой, қайсар жан.

Үлгі болып әлемдегі ұл-қызға,  
Айбынымен көтерілер шың-құзға.  
Командирі жиырмасыншы ғасырдың,  
“Восходтармен” сапар шеккен жұлдызға.

Жанартаудай жалындасам, жансам- деп,  
Қырандарша биіктерге қонсам- деп.  
Армандаймын, армандаймын дариға-ай,  
Мен кәдімгі коммунист болсам,- деп.

Көре қалсам коммунистер легін,  
Мен басымды мың мәртебе иемін.  
Коммунист- деген сөзді қашан да,  
Ұлы көсем Ленин деп білемін.

## ҚАСИЕТТІ ЖАЛАУ

(Баллада)

Мереке бүгін алаңым,  
Мереке бүгін бұл тарап.  
Жалаудан алмай жанарын,  
Балдақты бір қарт тұр қарап.  
-Балам, деп бір кез бұрылды,

Мұң шалған жүзбен қарт маған.

“Жалаулар неге ілінді,  
Білсең сен егер айт маған?!”-

Деді де өзі тоқтамай,  
Шертті сырын шалқыған:

“Бұл жалау үшін от талай  
Кеудемді менің шарпыған.

Сұрапыл сонау жылдар-ай,  
Ұрысқан ала таңменен.

Ұмытпа балам, бұл жалау,  
Боялған қызыл қанменен.

От болып талай маздаптын,  
Құлатсын қалай қыранды оқ.

Бұл жалау нелер боздақтың,  
Қолында жүрді ұран боп.

От кешіп өткен төрт жылым,  
Жалаумен ұран салғанбыз.

Жығылды барып жексұрын  
Берлинді жеңіп алғанбыз.

Толғанам кейде елжіреп,  
Еске алып қиын жылымды.

Бұл жалау алғаш желбіреп,  
Рейхстагқа сонда ілінді

Жалауым- менің тірегім,  
Ағарып бір кез солмап- ең.

Аяқтың бердім біреуін,  
Отаным үшін сонда мен

Күлімдей атып арай таң,  
Әкелді сол күн алау нұр.

Ұмытпа балам, тағы айтам,  
Қасиетті жалау бұл”.



## ҰЛЫМЫН МҰНАЙШЫНЫҢ

Қиынға қас батырдай шыдайтынмын,  
Өзімді өзгелердей сынайтынмын.

Ежелден қаны бірге “қараалтынмен”  
Ұлымын мен кәдімгі мұнайшының.

Жеті қат жер астынан сыр әперген  
Жүрекке жауқазындай жыр әкелген,  
Үйрендім өжеттікті, қайсарлықты  
Қиындыққа қайыспас жан әкемнен.

Мұнайшымын, кәдімгі қатардамын,  
Күлдіріп көк жиектен атар таңым.

Орындадым селдетші “фонтан дейтін”,  
Әкеңнің талай жылдар пәк арманын.

Сертім бұл – айтатұғын шынайы сырым,  
Кеудемде қондырамын күн айшығын.  
Биіктен жұлдыз болып жарқыраймын,  
Өйткені, мен ұлымын мұнайшының.

## ЖАТТЫҒЫ ЖОҚ

Жүректегі жалындаған арманмен,  
Әрқашан да қарсы аламын таңды әнмен.  
Қайда барсам қатар басып барамын,  
Өзбек, орыс, армиянмен.

Мен солармен бақытымды таптым көп,  
Сырласамын орыс қызбен ақ түнде,  
Бейне өзімнің қарындасым секілді,  
Екеуіміздің арамызда жаттық жоқ.



---

## *БЕЙБІТ КҮННІҢ ГҮЛДЕРІ*

Бейбіт өмір жатыр далам жай тауып,  
Қызғалдақтар қыр төсінде жайқалып.  
Көк жиектен таң да атып келеді,  
Нұр шапағын өзіменен қайта алып.

Аспан, аспан ақ айдының қаншалық,  
Қарай берем сұлулыққа тамсанып.  
Селдіреген жібек бұлттар астымен,  
Өтіп жатыр құстар зулап ән салып.

Желсіз күнде көлдер неткен мөп-мөлдір,  
Бал құрақтар тыныштықты өпкен бір,  
Адамзатқа мөлдір сезім тұнсын деп,  
Табиғат та тамылжытып төккен нұр.


Күнде осылай жатсын далам жай тауып,  
Бейбіт күннің гүлдермен жайқалып.  
Ей, адамдар тіршіліктің тірегі,  
Біздер мәңгі тыныштықты айталық.

## *МЕХАНИЗАТОР*

-Мен сені көптен көрген жоқпын ғой, достым-ау,  
Шаруаң болса егер кіре шық, біздің қос мынау.  
Доспыз ғой біз ақтаралық бір әңгіме,  
Бос белбеу болып өспедік және бос бұрау.

Айта отыр туған Қосшағыл жақтың хабарын,  
Айта отыр көрші, жағдайын туыс, ағаның,  
Айтпақшы достым айтшы өзің сонау сұлудың,  
Тапқан жоқсың ба, әлі “амалын”?

Жан досым, менің осылай келіп сыр ашты,



Әңгіме-дүкен біразға дейін ұласты.  
Шабындық, шалғын ортасындағы сырласу,  
Әкелді оның көз алдында ерке Күләшті.

## ӘНШІ

Білмеймін бақытың ба, арманың ба?  
Жоқ сенің өнер сүймеу талғамыңда.  
Мен сені Әміредей сыйлап қалам,  
Баянмен “Маралдыға” салғаныңда.

Білмеймін, жасырамын несіне мен?  
Келесің бала кезден есіп өлең.  
Шырқасаң “Саржайлауды” сар далада,  
Тұлпардай оза шауып, көсілер ең.

Төгіліп толастамай ғажап үнің,  
Дауысың естіледі таза бүтін.  
Айныма осы жолдан кім біледі,  
Әміресі боларсың қазағымның.



**ЖАҢАБАЕВ Нұрлан Қанағатұлы** – (1960-1998ж.ж.)  
Қараарна селолық кеңесінде туған. КАЗГУ-дің филфагін  
бітірді. Мұғалім.

## ***БІТПЕГЕН КҮЙ***

*(немесе Тоқсанбайдың соңғы толғанысы)*


Көптен бері кеудемнен кетпей бір күй толқиды,  
Толқиды да тұйыққа тіреледі жол қилы.  
Бар арманым сонымен бітетұғын секілді,  
Қос ішекке, шіркін-ай, түсіре алсам сол күйді.

Жан-дүнием төрінде бір суыған, бір күйіп,  
Еліктірер күй емес, елеңдеген тұр киік.  
Оны үркітпей ұстайтын тапсам қазір құдірет,  
Жарқ етердей дүние жанарына нұр құйып.

Ғажап әуен түскендей, ғажайып бір ертектен,  
Сияқты ма бақытын табиғат тым келте еткен.  
Тауымдағы тұманды тарата алмай жел де өктем,  
Оңнан туған айымды таппай тұрмын жер-көктен.

Арманда боп қалса күй, арманда боп өтермін,  
Келмейді енді басымды омыраудан көтергім.  
Татқан жанға ащы екен ажалдан да бетер мұң,  
Шың тумаса осы күй тандандырып кетер күн.

Келіп еді ақындай келер күнге тіл қатқым,  
Мәңгілікке кететін мәңгілік бір жыр тапқым.



Сәукелелі шыңдарға кетпек едім шырқап тым...  
Қылғанын-ай, мына бір қарғыс атқыр сырқаттың.

Алды-ау, сірә, бұл мені бұлтартпастай ноқталап,  
Ой кешетін болдым мен батар күнге көп қарап.  
Жылытушы ем өлкемді жүрегімнен оттар ап,  
Жетуші едім қырларға таңғы самал боп тарап.


Алаулы осы шағыммен алмас едім сан қырлы,  
Шамырқанса шабытым, сәуір едім жаңбырлы.  
Бүгін менің періштем көңілімді қалдырды,  
Өмір тектес өжет күй өзегімді талдырды.

Ғажап әуен керек қой, ғажап өмір сүргесің,  
Қанатында қалықтап самғау үшін бірге өзін.  
Домбыраң ем, туған жер, шаң баспаған пернесін,  
Бітпей қалған мына күй, тағдырым боп жүрмесін.




## **ЖАЗЫЛМАҒАН ХАТ**

*(немесе майдандағы ұлынан хабар алған  
ананың ащы толғанысы)*

Қайтейін, өзіне аян бір Алланың,  
Байланып бір үмітке тұр арманым.  
“Балаңнан хат келді, апа” деген кезде,  
Орнымнан үш ұмтылып тұра алмадым,  
Айтылмай баратқандай не тілегің,  
Артыңа қарай-қарай кетіп едің.  
Қайта-қайта сұрапсың хал-жайымды,



Қалайша қарс айрылмас көкірегім.  
Түн болған күнім менің сен кеткелі,  
Кеудемді құсалық зар мендеткелі,  
Қасқайып қасымда сен жүрсең күнім.  
Анашың уайымға көнбек пе еді.  
Көңілдің сен кеткелі көп наласы,  
Өтпейді тамағымнан жұтқан асым.  
“Жатырмын жауды қырып” депсің тағы,  
Жаудың да мен сияқты жоқ па анасы?  
Бұл жалған не боп кетті аман шақта,  
Айналардай молаға үй, балаң жатқа.  
Дұшпан ғып бір-біріне қоятындай,  
Құдайдың не өші бар адамзатта.  
Жақсыны жақсы сыртқа теппес тегі,  
Білмеймін неге сонша кетті естері,  
Мынау жер, мынау дала, аспан асты,  
Балаңның баласына жетпес пе еді,  
Құлыным, жарып шыққан өзегімді,  
Жүрекпен бір жаманат сеземін-ді.  
Көре алмай кетемін бе деген ойдан,  
Қалай алмай отырмын тезегімді.  
Момын ең жүретұғын басың бағып,  
Былқ етпес жатса-дағы астыңды алып.  
Көзге сол күйінді елестетсем.  
Кетеді кесеме ащы жасым тамып.  
Кешкенін кім тілейді баласы қан,  
Көрем деп оқ пен оттың арасынан.  
Қай ана соғыс үшін туады ұлын,  
Сұрамай неге алады-ай анасынан?  
Көрем бе деп көз тігем жолға сені,



Келер деп аруақтар қолдаса өлі.  
Қолыңнан құлыным деп бір иіскесем.  
Бұ дүниеде арманым болмас еді.  
Жалғыздың о бастан – ақ, жары құдай.  
Артына жаутандаған жарығым-ай,  
Ботасынан айрылған аруанадай,  
Боздай-боздай бүгіліп арыдым-ай.  
Дерттей боп беті қатты, түрі жылтым  
Басымнан барады өтіп бірі жылдың,  
Ертең сен арсаландап келгенінде.  
“Ah” ұрып қалмасын деп тірі жүрмін.


## **ҚҰРБЫҒА**

Күй шертілді, би билеп, ән де айтылды,  
Тамылжыта шырқады тандай түрлі,  
Әйтсе-дағы әлдене жетпей тұрды,  
Әлденеге құмар сәл қанбай тұрды,

Осы олқыны көрінген атпас тандай,  
Қайран құрбым, ғайыптан тап басқандай.  
Жыр шумағын тастап кеп жібердің сен,  
Ғажайып бір әлемге қақпа ашқандай.

Шоқ жұлдыздай жарқ етіп топ ішінен,  
Бір-ақ шықтың көңілдің өрісінен,  
Жыр жолдары жалтылдап өте берді,  
Құлындардай босанған желісінен.





Дене біткен бір суып, бір ысынып,  
Тұнжыраған қабақтар қыры сынып.  
Шыға келді әп-сәтте шырай біткен,  
Жарқыл қағып, жанардан нұр ұшырып.

Құдіретпен жан тербеп, гүлдетер өң,  
Бірде көкке самғатып, бірде төмен.  
Мың толқытып, жүз түрлі күйге салдың,  
Құрбым, сиқыр түйдің де тілге терең.




Сонсоң кенет тоқтадың, үнсіз қалдың,  
Қостаушысын күткендей мұңсыз қалпың.  
Күттің, ешкім шықпады,  
Ұқты бірақ,  
Өлең-жырсыз тірліктің құнсыз парқын.

Поэзия қызуы- үн ғаламат,  
Тұла бойды тамырмен тынды аралап.  
..Жалғыз едің сол кеште жыр оқыған,  
Кеттім бірақ, мен сені мыңға балап.

## ӘЗІЛ

Уыз дене, пәк қарас, жылы шырай...  
Бұлттан шыға келгендей жылысып Ай,  
Тойға келген қыздардың арасынан,  
Жүре бердің көзіме жылы ұшырай.

Талайлардың назарын бұрды көркін,  
Сұқ көздерден сескенбей тұрдың еркін.



Ақ жүзіңе лып өтіп ойнап шыққан,  
Жарқылындай алмастың нұрды көрдім.

Қалайтындай көңілін қалт ұққанды...  
Өте шықты бір қызу шарпып қанды.  
Жан-дүнием жарқырап сала берді,  
...Жұбайым жеңімнен сәл тартып қалды.


Кім ортайған шаттығын толықтырсын,  
Қалдым тағы айыпты болып, құрысын!  
...Жиырма бесте мен қандай болсам, Сені,  
тағдыр сондай жігітке жолықтырсын.

**ЖАНКЕЕВ Аман** – (1953-1997ж.ж.) Аманкелді ауылдық кеңесінде туған. ҚАЗГУ-дің журналистік факультетін бітірді. Совхоз комсомол комитетінің хатшысы, Аманкелді селолық Кеңесінің төрағасы болды. “Атырау айдыны” жинағында бір топ өлеңдері жарияланды.

## ***АРМЫСЫҢ, ТАҢҒЫ БОЗ ДАЛА***

Таң атты бүгін баяулап,  
Бұрынғы таңнан өзгеше.  
Айнала маған аяулы-ақ,  
Қараймын тағы кезбеше.  
Дүниенің бәрі арайлы,  
Бұлбұл үн тарап аулақтан.  
Күн көзі күліп қарайды,  
Томаға тұйық тау жақтан.  
Арайдың алтын сәнімен,





Шығыс жақ нұрға боянған  
Бозторғай құстың әнінен,  
Жер үсті түгел оянған.  
Шығарып салып ғашығын,  
Келеді қайтып бозбала.  
...Кеудемде жатыр тасып үн,  
Армысың, таңғы боз дала!

## *АҚСАҚАЛДАР*

Көрсетпей алдарыңа желөкпелік,  
Беремін сәлемімді елеп келіп.  
Қырау шалған бастарын бәйтерегім,  
Тұрады орындарың бөлектеніп.  
Жастықтарың өтті ме алаулаған,  
Қиын ғой аянышпен қарау маған.  
Шау тартқан қырансындар- қариялар,  
Кезінде көкпар тартып, аң аулаған.

Арпалысып майданда от кешкендер,  
От кешкендер өліммен беттескендер.  
Бақытымды сендермен бағалаймын,  
Он сегізде кеудесін оқ тескендер.  
Қараймын жүздеріңе құмар қанбай,  
Әжіммен сұлуланып тұрар маңдай.  
Заманның ауыр жүгің арқалаған,  
Қасқайып шыңға біткен шынарлардай.  
Сендерге арналады ғашық әнім,  
Көрейін көңілдердің тасығанын.  
Берік боп болаттардай суарылған.  
Шау тартқан кездерінде жасымағын.



## ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ІЗІМЕН

“Сұраушының сүйген асын кім берер”

Барға- ырза

Жоққа –сабыр күн көрер,

Өкінемін, өшігемін несіне,

Тірі жүрсем, маған кезек бір келер.

**М.Мақатаев**

\* \* \*

Мен емес жаны күйрек, осал адам,

Бұрауы домбыраның босамаған,

Күмбірі естіледі қоңыр күйдің,

Қарлығаш қонақтаған босағадан.

Келемін арманымды серік етіп,

Көрген жоқ басқан ізім кері кетіп.

Өлеңнің жайнатамын қызыл шоғын,

Кеудемді желпіндірем көрік етіп.

Туған дала, ұлыңмын қызың ғашық,

Жаным жаз,

Қара дауыл күзің қашық.

Өлеңнің өріміндеі жақсылардың,

Келемін әдеппенен ізін басып.

Бұйырғынды боз далам айтар әнім,


Жырламай оны қалай жай табамын.

Осынау тыншымайтын жүрегімде,

Найзағай жарқылы бір байқағаным.







Жыр жазсам алға қарай бір басқаным,  
Табиғат анамменен сырлас жаным.  
Менің сәл табысыма қуанғандай,  
Жанарын күлімдетіп тұрды аспаным.

Жайқалып көңілімнің тұрса бағы,  
Жетермін жүйріктерге қусам әлі.  
Тұяғы қызбай жүрген болар бәлкім,  
Бір күні жыр дүлділім бусанады!

## ***СЕЗІМ ПЕРНЕЛЕРІ***

### ***Сәйгүлік өлең***

Өмірдің сезбес едім қайғы-мұңын,  
Жүйіткісе, өлең атты сәйгүлігім,  
Тірлікте қоңыр торы болғанымен,  
Жырымда Мұқағали айбынымын,  
Кеудемде қонақтаса бүгін өлең,  
Қуанам, айбаттанып, іріленем.  
Қанжарын намысымның қайрағандар,  
Бір тасқын күтеді ме түбі менен?!  
Жыр-әлем, көп қыдырдым көшеңменен,  
Ниетпен сан жұмбақты шешем деген.  
Үндесіп өктем уақыт ырғағымен,  
Күйемді жүйткітейін көсемдеген!




## ӨТСЕ ЖЫЛДАР

Балалығым есен бе,  
Қалған алыс артымда?  
Отыз деген көшемде,  
Ойна мөлдір қалпында.  
Жұлдыздардың қасында,  
Қол бұлғаса арманым,  
Ер жігіттің басында,  
Айықпайтын бар ма мұң?  
Өтсе жылдар тізбегі,  
Қызық күндер есімде.  
Балалықтың іздері.  
Думан-өмір көшінде.  
Өмір бізге бергенін  
Алдым жаймен құнықпай  
...Балалығым- жөргегім,  
Жүрсең болды ұмытпай!

## ҚАЖЕТ ЕМЕС

Қажет емес,  
Жаныма күңкіл егес,  
Шуақ құйған күндерді кім тілемес,  
Өзгелерге істеген, жақсылығың,  
Бір күндері қайтпауы мүмкін емес!  
Шапағатты күндерім шуақ бергін,  
(Бұл өмірде сүріндім, құлап көрдім)  
Қасқайып қарағанда қиянатқа,  
Сан мәрте жүрегіме сұрақ бердім.



Қалайша жарқылдамай басыла алам,  
Немесе туған жерім асыл-анам.  
Адамдар сезсе болды жылуымды,  
Мен де бір күн сәулесі шашыраған!

## **ШАҒАЛА КӨҢІЛІМ ШАРЫҚТА**

### **Қыс суреті**

Табиғат сырын кім ұққан,  
Ақ қарға орап жер төсін.  
Тоңғандай дала суықтан,  
Қымтанып алды көрпесін.  
Қарға адым жерді өлшетпей,  
Көрінбей аттың құлағы.  
Аязға дәрмен көрсетпей,  
Сатырлап бұтақ сынады.

Үскірік қыстың өлеңі,  
Аспанның түсі теңіз көк.  
Күшіне аяз енеді,  
Қыраулап жауған кешкілік,  
Қиыршық қардың ұшқыны.  
Тау жаққа жаймен көшті бұлт.  
Қысқарды демде қысқы күні.  
Даланы әнмен тербетіп,  
Мойымас шопан ақпанда.  
Түтінін көкке көлбетіп,  
Қойлы ауыл жатыр қапталда.



## АҚ СҮЙЕК

Айлы түн ауыл кешінде,  
Шырқалар жүрек наз әні,  
Ақ сүйек ойыны есімде,  
Балалық шақтың базары.

Думанға бөлеп даланы,  
Ауаның тіліп тұнығын.  
Есімде мәңгі қалады,  
Ескірмей әлі жүр ұғым.

Көп жылдар өтті арада,  
Алшақтап кетті арамыз.  
Қалыпты бірақ санада,  
Қайда екен, жүйрік қара қыз?!

Танитын өзі он ұлға,  
Құрбы қыз қысқа бұрымды.  
Ақ сүйек әне, қолында,  
Көмбеге қарай жүгірді.

Сүрініп кетті байқамай,  
Үлгердім мен де шақ сүйеп.  
Бұйырмай кетті жалған-ай,  
Қыз алып қашқан ақ сүйек!




## АҚМЕШІТІМ

Аралтөбе аймағынан өтем де,  
Көз салуға жол бермеймін бөтенге,  
Құлпыратын көк кілемдей көктемде,  
Нұрын сепкен арайлы күн көктен де,  
Жайлы қоныс бола білген малшыға,  
Құлшан атам, Ақмешітке жетем мен,  
О, сонда, бір арқаланып кетем мен.  
Ақмешіт пе, бір бөлшегі елімнің,  
Қазағымның ұлан байтақ жерімнің,  
Ақмешітім- бақыт болып көріндің,  
Пір Бекеттің сенде қалған ізі бар.  
Сеніменен иесімін сенімнің,  
Сеніменен даңқтымын, керіммін.

Ақмешіт пе, ұлы Жемнің бойында,  
Бөртелерім бір жайылса тойынған,  
Бабаларым жатқан бүтін кие жер.  
Оны жырлау жүрген-ді бір ойымда,  
Жан бабамның бүтін мынау тойында,  
Шалқар шабыт шалқып-шалқып ие гөр.

Ақмешітте жатыр бабам- Мырзағұлым асылым,  
Талай-талай аңыз етер ғасырым,  
Бекетті берген өмірге.  
О, жан балам, сырым жоқ менің жасырын,  
Шалқып бір сезім көңілде.




Ақмешітім- Бекет атам өскен жер,  
Талай жұрт кеп, талай жұртым көшкен жер,  
Пір Бекеттің қаны тамып, жалаң аяқ кешкен жер.  
Мал бағып жайлау төрінде,  
Ақмешітте мына мен де өскен ем,  
Қарсы тұрып талай қиын кезеңде,  
Көңілдерден өшпеп ең.  
О, жан бабам, бір істі бастап бүгінде,  
Тұр қосып дала түріңе,  
Тындырды қайсар ұрпағың.  
Даңқың бар мәлім Қытайға, дәйім Үрімге,  
Басында шамдар жарқырап тұрар түнінде,  
Арайлап атар нұр таңың.

## ***СЕН НЕТКЕН КӨРКЕМ ЕДІҢ***

Шаттықты жасыра алмай көңілдегі,  
Жүректің қуанышы төгіледі.  
Көктемде қызғалдақтар бүр жарғанда,  
Өзіңді кездестіріп өбіп едім.

Мен сені еркем дедім,  
Сен маған еркеледің.  
Ән құйған көңіліме,  
Сен неткен көркем едің.

Сыр ұғып сенің нұрлы жанарыңнан,  
Махаббат сазына мен қанармын ба?  
Тәңірден тіледім-ау асыл еркем,  
Жеткей деп егіз жүрек арманына.



Ақ арман әнім де өзін,  
Ақ арай таңым да өзін.  
Нар берген тірлігіме,  
Салтанат, сәнім де өзін.


### ***МЕНДЕКЕШКЕ***


Құлпырған көк жусанды жатыр далам,  
Дүбірлеп өткен талай батыр бабам.  
Сен жоқсың сол далада асыл аға,  
Жүрегің жан едің – ау лапылдаған.  
Ауылдан ерте түлеп ұшып едің,  
Жаныңмен жақсылықты құшып едің.  
Таппаймыз Ақкиізден іздесек те,  
Еске алып талай адам күрсінеді  
Біреуге жыр жазбап ең жақпақ үшін,  
Ардақты азамат ең аппақ ішін.  
Ғұмырың жаралған ба жалын нұрдан,  
Мерейім- Мендекешім, мақтанышым.

### ***АРТЫҚ ЖАНДЫ ТАППАДЫМ***

Жас дәурен артта қалған күндер қайда,  
Терілмей қырда қалған гүлдер қайда?  
Аққылаң атқа мініп ай астында,  
Ән салған қалқатайлап түндер қайда?

Шаттанып кеуде керіп самал желге,  
Жеткенше асығушы ем саған мен де.  
Қалқатай, қырға шығып жүр ме екенсің,  
Кездесем болмас еді арман менде.





Кеудемнен қанат қағып арман әнім,  
Жем бойын Аққыланмен жағаладым.  
Кезсем де қанша елді, қанша жерді,  
Артық жан бір өзінмен таба алмадым.

### ***АҚ ЖЕҢЕШЕМ***

Айналайын жүзіңнен алаулаған,  
Қандай бақыт елжіреп қарау маған.  
Қызғалдақтай құлпыртып сені өсірген,  
Қасиетті қазағым, дана – ау далаң.

Айналайын жүзіңнен алаулаған,  
Перизаттан өзіңсің жан аумаған.  
Іздеп жүріп елінен сені тапқан,  
Жан жеңешем, ағамда барма-ау арман,

Жүрегінде бүр жарып арман- гүлің,  
Атушы еді алдыңнан тандар күліп.  
Жан ағамнан қалған бір ұл-қызыңмен,  
Болашаққа барасың самғап бүгін.

Бал мінезді, еліктей жан жеңеше,  
Жаның жомарт, жүрегін ақ жеңеше.  
Жастық дәурен күндерде лапылдаған,  
Болып едің ағама бақ жеңеше.





## **ҚАРАЙ БЕРЕМ КӨЗІҢЕ**

Қарай берем көзіңе, қарай берем,  
Сол көздерден әрдайым арай көрем.  
Сезесің бе сен мұны, қарағым –ай,  
Көзің жайлы жазар ем талай өлең.




Көздерің-ай, сыр айтып, шуақ шашар,  
Көңілдегі бұққан бір бұлақты ашар.  
Неткен жанар! Жаныңды от қарыған,  
Әлсіз сезім шыдамай жырақ қашар.

Айланайын көзіңнен дөңгеленген,  
Сол көздер ғой жүректі бөлмелеген.  
Сол көздердің жарқылы, шуағынан,  
Биіктерге қуат ап өрмелегем.

Айналайын сол көздер қарасынан,  
Жан тербетіп тарайды таласып ән.  
Сол көздерден бақыттың сырын ұғып,  
Сезімімді серпілтіп таң асырғам.

## **ҚҰЛСАРЫ ЖАСТАРЫНЫҢ ЖЫРЫ**

Жайқалған жасыл желек көшесінде,  
Көргенде Құлсарыны өсесің сен.  
Қуана қарсы аламыз құшақ жайып,  
Кел, құрбым, қаламызға бөтенсінбе.



Еңбекпен жазған бақыт дастанын біз,  
Сәулетті Құлсарының жастарымыз  
Өмірге шапағаты нұрын шашқан  
Халықтың асыл ісі бастауымыз.

Қиялдың көкке өрлеген арман жаңа,  
Кеудеде айтылмаған ән қалар ма.  
Айнадай жарқырайды Қамыскөлім,  
Құлсары айналады сән қалаға.




Сом білек , құрыш қайрат, асыл құрбым,  
Сан ерлік иесі боп тасыр күнің.  
Ей, достар, болашаққа, тек ұмытпа,  
Келеміз біз арқалап ғасыр жүгін.

**ЖАН ДОСЫМ**  
*(Айтқали Тілепқалиұлына)*

Даңққа бөлеп жүрген өз елінді,  
Өзгеден артық көрем мен өзінді.  
Жан досым, саған деген ықыласым,  
Өртейді сағыныш боп өзегімді.

Кең Жылыой құт мекенің, асыл өлкең,  
Талайды тамсандырып ғашық еткен.  
Жылыойда туғандардың бірісің-ай,  
Ізіннен айналайын басып өткен.

Тұрсын да жарқырап бір қияда айың,  
Сезімнің сері күшін тия алмаймын.



Өзінді аңсағанда, асыл досым,  
Өзге емес, Жылыойға да сия алмаймын.

Тілеймін досым саулық, табысыңды,  
Көрсеткін Құлагердей шабысыңды.  
Бас иіп әлем сенің өнеріңе,  
Кең Жылыой естіп жатсын дабысыңды.


### ***АЛЛА ОРДАСЫ***


Ақмешітте Алла ордасы орнады,  
Алла ұйғарса кімге бақыт қонбады.  
Бет алсам-ау Ақмешітке, япыр-ай,  
Ғайып болар ренішім, тоңғаным.

Мекенім-ай, мерейім-ай Ақмешіт,  
Ұрпақтарың жүрген шалғай жақта өсіп.  
Келіп жатыр кие жерге қастерлі,  
Құлпырады әсем гүлдер бақта өсіп.

Азаматтың мәртебесін еселеп,  
Бабаларға салынды бір кесене.  
Білім нәрін себетұғын мешіттер,  
Балғындарды оқытпақпыз нешеме.

Ақмешітім- құтты қоныс талайға,  
Болған және бола бермек абайла.  
Рухына бас иеміз пір Бекет,  
Мұсылманға бола білген шарайна.





Сонадайдан көрінеді Ақмешіт,  
Басында оның орнап жатыр бақ нәсіп.  
Елі үшін Төкен басшы іс қылды,  
Ғұмыр кешсін Алла берген бақ кешіп.




## ***СЕН ПІРІМСІҢ ЕР БЕКЕТ***

Кейде көңіл жабырқап мұңаяды,  
Заман туды қазаққа қиын ақ тым.  
Ертеңді ойлап, арманым ұлғаяды,  
Дәмі қанша тірліктің бұйыратын.

Жақсылық күй кеудеге жиылатын,  
Ойлай-ойлай барады өмір үдеп.  
Бекет Ата! Пірімсің сыйынатын,  
Сені ойласам кетеді көңіл гүлдеп.

Өзгелерден ерекше жаратылған,  
Сен жұлдыздай жарқырап көрінесің.  
Қасиетті жан бабам- дара тұлған,  
Жүрегімде жыр болып өрілесің.

Үлгі болар еліңе батырлығың,  
Әулиемсің, көріпкел, данышпансың.  
Сенің нұрың - тірлігім, ақындығым,  
Қасиетің мәңгілік қарыштасын.




Ерікті елім, көркем ғой жер де бізде,  
Бас иеді кім-кімде асылдарға.  
Жар бола гөр Пір Бекет пендеңізге,  
Жетсін-дағы атағың ғасырларға.

\*\*\*

Басшы боп Төкен,  
Тұрғызған айбар жан бабам,  
Кесене қандай көрікті.  
Ойым жоқ бөтен,  
Сәулетті мешіт- таң қалам,  
Өнерін шебер төгіпті.

Кең Жылыойда,  
Осынау сәулет мекенін,  
Талайлар келіп көріпті.  
Жігітпін жүрген сыр ойда,  
Арманға биік жетемін,  
Жазамын жырды өнікті.

Бір –біріне ұласып,  
Өтеді күндер асыға,  
Атсын да күнде таң аман,  
Жебеп жат бізді нұр шашып,  
Келдім бүгін басыңа,  
Мінәжат қылып жан бабам.



**МАХУОВ Мұхамбетияр-** (1946-1990ж.ж) Ворошилов атындағы колхозда туды. Мектеп бітіргесін ауылда механизатор болып еңбек етті. Кейін білімін жетілдіріп Боранқұл поселкелік Кеңесінің хатшысы болды. Еңбек ете жүріп ол жыр жазумен айналысты. “Атырау айдыны” жинағында бір топ өлеңдері жарияланды.

## **ӨМІР ЖОЛДАРЫ**




Өмірдің шың-құздарын жан емен жете білген,  
Талайлар кетті шығып, бұлқынып жетегімнен.  
Бірімен айтысамын, бірімен келісемін,  
Әйтеуір тоқтамастан әрі асып кетемін мен.

Өмірдің шың құздарын жан емен жете білген,  
Біреулер қия жолда тартады етегімнен.  
Ондайға қиналмадым, тегі бұл жақсы-ау дедім,  
Осындай қиындықта жол тауып кете білген.

Кездесер жақсы адамдар өмірде аз ба мынау?  
Кей кезде шалыс басып құлдилай жаздадым-ау.  
Солардың көмегімен, солардың демеуімен,  
Құламадым. Қайдасындар шуақты жаздарым-ау?

## **ҚЫЗ ҰЗАТЫЛАРДА**

Мезгілден мейірімділік тосады адам,  
Сен кеттің аттап берік босағадан.  
Жан апа! Қойып па едің “Бекежанды”,  
Күттіріп Қосабадан.  
Көңілім өзіңе айтар бірақ бұл тек,



Барасың жүрегімді шын-ақ кілттеп.  
Артыңа ерген жалғыз жарығыңа,  
Қолыңды бір-ақ сілтеп.  
Осылай жазған ба еді тағдыр басқа,  
Әке жүр бізге сырын алдырмастан.  
Аттанып кете бардың келін болып,  
Сіздер үшін мәңгілік бұл күн қызық,  
Жайраң қағып, жарқылдап жүрсің күліп.  
Көршілерді күбінтіп той қамына,  
Ананды күрсіндіріп.

## *АТА ДӘСТҮРІ*

Дәстүр бар қалған ата-кемеңгерден,  
Былай деп оқып жүрміз өлендерден,  
“Алыстан алты жасар бала келсе,  
Ақсақал өзі келіп сәлем берген”.

Жүрсе де ұлылықпен шығып аты,  
Зейін-ай, қадірлейтін, ұғынатын.  
Ұтылса ата сөзден ұтылатын,  
Жығылса ата сөзден жығылатын.

Емес бұл надандығың, балалығың,  
Баба, бұл өр кеуделі даналығың.  
Шошытпай жұмбақтаумен естіртіпсің,  
Досыңа келген болса қаралы күн.





## *АЛАУЛАҒАН КЕЗ ЕДІ*

Кездерім еді жалынға толы, ағынға,  
Кездестің жаным, бал еріндерге мас болып жүрген шағымда.  
Білмеймін бірақ, қабылдап тұрып беймаза мынау жүректі,  
Сезімім неге дір етті.  
Кездейсоқ саған, тап болған мына, бақыттан шошып тұрса егер,  
Кезім ғой менің алаулап жанған, сағыныштарға нұр себер.  
Пәктігің менен ақтығыңды таптап басқаға жүрек бұрса егер,  
Қарала мені табала мені, тағдырға тапсыр, ұрса бер  
Білмеймін бірақ ұсынып тұрып беймаза мынау жүректі,  
Сезімім неге дір етті?!

## *БӘЛКІМ, СОДАН ШЫҒАР...*

Ол кезде сен қуанышы едің, ауылда думан –тойлардың,  
Кім білген өмір жетегін.  
Теңізін кешіп кетемін.  
Сүйсем де сені, сездірмей оны өтіпті барлық шақтарым,  
Өзімді өзім алдаппын.  
Содан да шығар көз салмай маған, өзеурей күтіп жоқтапсың,  
Басқа бір жанның қабағын.  
Содан да шығар махаббаттың ащы кермегін көп тарттым,  
Тағдырдың алдым сабағын.





## АЙНАБҰЛАҚ

Сарқырай ағып көктемде,  
Басталдың ба екен бұлақтан.  
Жаныңнан талай өткенде,  
Лебізіңді ұнатқам.




“Айна бұлақ” дегенге-  
“Айдының шалқар көл десем”  
Немесе балап өзенге,  
Өзіңе келдім шөлдесем.

Өзіңе келіп сан адам,  
Шақырады екен жыр-шабыт.  
Бірақ та барлық санадан,  
Жақсы өлеңдер тұрса ағып.

Айнадай болып көңілің,  
Отырады екен жарқырап,  
Төменде өзен өмірің,  
Жатқандай еді сарқырап.

Көңілде мың-сан әншілер,  
Әуені көкте тұр тұнып.  
Шақырған шабыт Шәмшілер,  
Бұлақтай ойлар бұлқынып.

“Айна бұлақтай” қыз нұры,  
Жалт етсе көңіл ауаны  
Сыңсыған бақтар сыбдыры,  
Бейне Әбділдә ырғағы.



Өзіне келіп сан адам.  
Шақырады екен жыр-шабыт,  
Дегенмен жақсы-ақ санадан,  
Жақсы өлендер тұрса ағып.

## ӘКЕ СӨЗІ


Жігері бар, күші бар айбатты ердің,  
Айбарым бар, арқама тау бөктердім.  
Кеудемде құдыретті Әміренің,  
Тілімде әулеті бар Баубектердің.

Қайрат беріп Ұлы Отан түлегіне,  
Дұшпанның төндік қара түнегіне.  
Менің қаным құйылып орыстарға,  
Орыс қаны құйылды жүрегіме.

Тұрғанда отқа оранып түн ақ кірпік,  
Талай рет айқаста құлап тұрдық.  
Жүректерді кеудеден жұлып алып,  
Гранаттың орнына лақтырдық.

Талай сәби көрмеді әкелерін,  
Талай әке көрмеді бөпелерін.  
Менен ұшқан тұяқты басқа асырап,  
Бөбегін өзгенің мен мәпеледім.

Мен осынау елімнің байтақ әнін,  
Естіп тұрып қалайша жай табамын.  
Қайнар көзі достықтың, ынтымақтың,  
Тек қана СССР деп айта аламын.



## *АҒАҒА СЫР*

Кездескенде жолдастарым ақын дейді, мақтайды,  
Өлеңімді оқиды да сынап-мінеп жатпайды.  
Ал шынында Төлегендер жазып кеткен жырының,  
Ең болмаса жарымын да шығара алмай жүр інің.




Шындық осы жатқан өтіп бір басынан ініңнің,  
Жеткені осы, жыр жазуға менің ана-тілімнің,  
Мың сөзіме түсінбей-ақ, бір сөзіме түсінген;  
Жазсам жазам қиянатсыз адал жандар үшін мен.

## *КҮРСІНБЕ, ДОС!*

Күрсінбе, достым, күрсінбе,  
Сол бір асыл бейнені ұмыта алмай жүрсің бе?  
Тұрсың қатты қамығып, бет пішінің бір түрлі,  
Жанарыңа сағыныш па, әйтеуір бір мұң тұнды.

Келе ме әлде қиындықпен, қимастықпен ұмытқын,  
Жүрші кәні, шығайықшы, дала ғажап, тымық түн,  
Істің бәрін тағдырдан көр, сенде емес қой шын айып,  
Отырғанша мынау қапас бір бөлмеде мұңайып.

Ұйқы қайда қашар дейсің, шыдайсың ғой бір түнге,  
Болмаса әлде достарың жоқ, жалғыз өзің жүрсің бе.  
Өткен күндер ойлағанша таң асырып мұңайып,  
Қыздар әлі далада жүр, жүр далаға шығайық.



Текке босқа бас ауыртпа, мұң өзімен кетсінші,  
Талай сынақ алда жатыр, бұл әзірге өткінші.  
Бұрқ-сарқ етіп жауып алып, басылады жақсы адам,  
Бақытынды жоғалтқан ізделікші басқадан.

## ***АТЫРАУ***

Көгілдір перде, жусанды дала исіңнен,  
Рахат тауып, адамдар талай сүйсінген,  
Әжелердің ақ пейілі ме едің Атырау,  
Ұлдарын иіскеп исінген.

Төбеңнен жұмсақ, сәулесін шашса шуақ күн  
Адамға мысқыл жаттығы жоқ мынау қыраттың,  
Ана ма дерсің жұбатқан әзиз ұлдарың,  
Сезімнің сырын бұрап мың.

Көкжиектерді көмкеріп атса таң күліп,  
Атырау менің мекенім дей бер мәңгілік,  
Мұнайлы мекен, ұлыңмын деп жар салсаң,  
Қайталар саған жаңғырып.

Әз бабалардың арманы сынды аңсаған,  
Мен сенің ғажап келешегіңе де тамсанам.  
Ескерткіш дерсің болашақ үшін орнатқан,  
Мұнараларың самсаған.





---

## ДАЛА СӨЙЛЕЙДІ



Мен қазақ, қазақ болып жаралғалы,  
Қандай атақ мен жайлы таралмады.  
“Қырғыз”, “қайсақ” дегенге жобалайтын,  
Біреулер ел шығар деп аралдағы.


Ей, дүние! Ақтарылам тыңда мені-  
Баяғы шұбырынды құмдағы елді.  
Жас қазақ ұлы дауыл – Октябрьмен,  
Заводқа, көтерілген тыңға келді.

Содан бері мінеки жарты ғасыр,  
Бүкпеймін көңілім ақ, артыма сыр.  
Тас көмір, темір алтын, мұнай деген,  
Қойнауында даламның шалқып жатыр.

Бұрын да алып едім оянбаған,  
Бұл күнде көркіме көз тоя алмаған.  
Кешегі аңқау халық емеспіз біз,  
Күтетін өз бақытын “Ой, алладан”.

Күн болды Лениндей шын дана адам,  
Ақылшым ол, бауырым, туған ағам.  
Ей, заман! Білесің бе менің ұлым,  
Рейхстаг төріне ту қадаған.

Өзгеше баяғыдан көңіл күйім  
Шабыттана жырлаймын бақыт күйін.  
Космодром жанында тігулі тұр,  
Өзімнің алты қанат ақ боз үйім.



Мен қазақпын, қазақпын қайсар адам,  
Ешқандай қиындықтан тайсалмаған.  
Сәулетті болашағы адамзаттың,  
Менмін ол- мына жатқан жайсаң дала.

Кеудемде күмбірлеген бар күй ағын,  
Самғайды шырқау көкте өр-қиялым.  
СССР- ортақ атым, онбес елдің  
Бірімін, адал ұлы партияның.

**ӨТЕГЕНОВ Айтуар Оспанұлы** - 1946 жылы туған.  
Мектептен соң Жылыой ауданының “Коммунизм таңы”  
совхозында еңбек етті. Әскери қызметін өтеді. 1969  
жылдан бастап баспасөз саласында еңбек етті. Жылыой  
аудандық “Ембі”, Бейнеу аудандық “Рауан” газетінде  
жауапты хатшы, редактор боп істеді. Бейнеу аудандық  
мәслихатының хатшысы қызметін атқарды. 1976 жылы  
КазГУдің журналистика факультетін бітірді. “Тұңғыш”,  
“Ақкөйлек”, “Ақсұқсыр” жыр жинақтары жарық көрді.  
Қазақстан Журналистер, Жазушылар одағының мүшесі.  
Қазір Ақтау қаласында тұрады.

## ***МЕНИҢ КӨРШІМ***

Татулықты, сыйластықты етіп ылғи жыр-аңыз,  
Алексеймен біздер көптен бір корпуста тұрамыз.  
Бір боламыз мейрамдарда, серуен де құрамыз.  
Нанбасаңыз маңайдағы көршілерден сұраңыз.

Зандары да қатал-ақ қой, қызық қой өмірдің,  
Ол ұланы туып өскен осы майлы өңірдің.  
Сондықтан ба, дейді Алексей әзілдеп:  
“Мен қазақпын! Сосын Есентемірмін”.

Қиындықпен оның қатқан қабырғасы қайысып,  
Көрген де жоқ менің әлі бармағымда майысып,  
Көршім сөзін әзілдерін аңсап қалған шақтарда  
Деймін оған келініңізден кетпейсіз бе шай ішіп.

Болғансын ба абзал достық сыннан өтіп екшеліп,  
Іс істейміз бәріміз де шын жүректен бек сеніп.  
Аға дейміз, іні дейміз, бауыр дейміз кей сәтте,  
Ұлтымыздың кім екенін жатпастан-ақ тексеріп.

## ***АҒАМЕН СЫРЛАСУ***


- Тұлпар мініп шапқым келед, жан аға?!
- Себебі сен туып-өстің далада.
- Жұлдыз болып аққым келед, жан аға?!
- Себебі сен туып-өстің далада.
- Қырандарша қанатымды қаққым келед, жан аға?!
- Себебі сен туып-өстің далада.
- Жүрегімнің алау отын жаққым келед, жан аға?!
- Себебі сен туып-өстің далада.
- Раушан гүлдер таққым келед, жан аға
- Қызғалдақтар теріп-өстің далада.
- Ақ жанымды қонағыма жайып салам жан аға?!
- Бір сен емес бәрі де сол, туған ұлдың далада.




## ДАРИЯНЫҢ БАСТАУЫ...

Қаршүңгіл!  
Өзінде аласым жүр,  
Құпиянды ашпаған даласың бір.  
Шежіреге жүтінсек... шежіреңе,  
Дарияның бастауы боласың бұл.  
Нанайын ба, япыр-ау, нанбайын ба,  
Тандану бар тақылдақ таңдайымда.  
Бір тонна май әлі күн бермесен де,  
Бақ бар екен өлшеусіз мандайыңда.  
Жазылған жоқ сен жайлы дастан әлі.  
Қазылған жоқ жыртылып астары әрі.  
Қарт Ембінің жұмысшы тарихы да,  
Содан бері өзіңнен басталады.  
Өткен ғасыр шымырлап өзегіңнен  
Шыққан майды жақты жұрт өзегіңмен,  
Жер түбінен өңдеусіз осыны да,  
Қалай ғана ағылшын сезе білген,  
Оңай олжа өзгені шат қылады.  
Белгі- қазық әр жерге қақты дағы.  
Атырауға салынып тұңғыш бұрғы,  
Тұңғыш фонтан өзіңнен атқылады.  
Барар жері болып сан соқпақтардың,  
Қазынанды абайсыз текке ақтардың.  
Өзге жұрттың ниетін білгендей-ақ  
Ұзамай тоқтап қалдың.  
Содан соң да шырқатып қанша қырды,  
Қойныңа бойламады қанша бұрғы,





---



Сонда да (шошындың ба алпауыттан)  
Қалпыңда міз бақпадың сол сабырлы.  
Ондырмайды кетсең де тасып алып,  
Аруағы дәл түсер жасын анық.  
Сұғанақ қол шошытып, бермей жатыр,  
Бар майын бауырына басып алып,  
Жалған ба екен білмеймін, рас па екен,  
Бұл аңыз. (Кімге сірә сыр ашты екен?)  
Халқымның туған жерге махаббаты,  
Осылай Атырауын нұр асты етер.  
Әлі талай ақынға боласың жыр,  
Боласың жыр арнаңа толасың бір.  
Ұлдарың қайратты, епті қолы,  
Идіреді өзіңді,  
Қаршүңгіл!



---

**ҚАЛЫҢДЫҚ**  
(поэма)

**СӨЗ БАСЫ**

Түркмен досым Дүрді сен,  
Айтшы білсең (білгіш ең),  
Жау болмаған, біздің халық дос болған,  
Қонақасы жеген талай қостардан,  
Аяқ-қолға түскен біздің бір кісен.

Түсіміз бір күн аптабы қақтаған,  
Ісіміз бір тұлпар ұстап баптаған.  
Даламыз бір-кең көсілген иенбіз,  
Бірімізге нағашымыз, жиенбіз.

Айдап салса аттан салдық тек қана.  
Сөз сөйлетіп обаларды тындатса,  
Шертер еді-ау небір сырды қымбат сан...

Аңқау, адал қос халықтың арасын,  
Отсалумен қансыратты жарасын,  
Хорезм шах,  
Бұхар ханы  
Сұм патша.

Досым Дүрді көптен көрмей аңсаған,  
Зерттелместен жатыр тарих қаншама?!  
Бабалардың достығының күәсі,  
Бір әңгіме айтып берем мен саған.  
Тыңда досым, қажет нәрсе ол саған.






## МҰЗ АСТЫНДА КЕТКЕН КӨШ

Астамдықтан болды ма лай сезім,  
Алар деп кім ойлаған бұлай кегін.  
Мұз үстінде абайсыз суға кетті,  
Мал-жаны, бар көшімен Құдайкенің.  
(Толған ба сұм ажалдың қу өзегі,  
Дейді жұрт- “сол өңірге ну өседі”).  
Улап-шулап қалың көш батқан өзен  
Сонан соң атаныпты Шу өзені).  
Бұрын - бұрын Құдайке қандай еді,  
Аймағына ататын таңдай еді.  
Өзі батыр, өзі би, бір өзінің  
Болатұғын  
Онбес ұл,  
Төрт әйелі.

Құс тістеген ауызбен арман қайда,  
Бәрі-бәрі бұлдырап қалғандай ма?-  
Ел тірегі- азамат ай маңдайлы,  
Қас қағымда айналды сор маңдайға.  
“Төрт әйел- бірі нәзік, бірі ұяң ед,  
Он бес ұл- келешегім риям ед-  
Зарлады сақал жұлып, зарлады шал-  
Баянсыз, тұрлауы жоқ дүния”, - деп.

-Тұр аға, басың көтер елің келді,-  
Деп жылады інісі Келімберді.  
Жоқтауымен жаңғыртып кең даланы,  
Әже келді,



Қыз келді,  
Келін келді....

Ошағы өшіп, суалып ырысы бір,  
(Болар бәлкім тағдырдың бір ісі бұл).  
Жетпістен асқан кезде Құдайке шал,  
Қолына қарап қалды інісінің.


“Алға салған билеген сезімді ұдай,  
Сонау-сонау жігіттік кезім бір-ай!”-  
Күрсінеді осылай бейшара шал,  
Кешегі деп санайтын өзін Құдай.

### ***КЕЛІН ТІЛЕГІ***

“Беркітем,- деп- қотаным, кең іргемді”,  
Жорықтан оралған-ды Келімберді.  
Еріне сыр аңғарта сағынғандай,  
Баршын сұлу наздана керілген- ді...

Бәйбіше еріне тым батымды еді...  
Ләззатқа қанған соң: -Батыр – деді,  
Өз қызығың өзінде, ал қайнаға -  
Түніменен дөңбекшіп жатыр- деді.

Бәйбіше ойын солай жеткізгені,  
Әлі алда базынасы, өткізбегі...  
-Тәйт әрі, не қауқар бар кәрі шалда,  
Төрінен көрі жақын жетпістегі.



-Жоқ, Батыр, қате олай ойлағаның,  
Базына емес және де жай ғана бұл.  
Ұрпақ сүйер әлі де бұл өмірден,  
Бойында қуаты бар қайнағаның:

-Кәрілігің дауасыз ғаріп, ғаріп,  
Қаңсып қалған метедей жарқ-жарқ.  
Қайдан білдің сен өзің айтшы, кәне,-  
Деп күлді Келімберді қарқ-қарқ.

-“Қазаны басқаның  
Қайғысы басқа” - деген  
Әйел-балаң жаныңда, таспа дер ем.  
Өтпеу керек ұрпақсыз дүниеден,  
Ол бір кезде ер болған асқақ ерен.  
Батыр ойлан, өзіңнен әлі өтінем,  
Өтінемін осы үйдің әулетінен.  
Тым тереңде көп жатар көбіктеніп,  
Үміттенем  
Қайнағаның кіші дәретінен...



## ТОСЫН БАЙЛАМ


Ертесіне, ие, ертесіне,  
Сәлем бере ауылдың серкесіне  
Ақсақал, қарасақал, түбіт мұрттар,  
Отырды ақ боз үйде кең көсіле.

-Уа!- деді бір кезде қарттың бірі,  
Кетсін солай көңілдің, дерттің кірі.  
Құдайкеміз ағайын ортасында,  
Бірақ көріп жатқаны жаттың күні.

Осы елден бір қыз таңдап алғаны жөн,  
Бір атадан бір ұрпақ қалғаны жөн.  
Сол қызды ризашылықпен ата-анасы,  
Қойнына Құдайкенің салғаны жөн.

-Дұрыс!  
-Дұрыс!- шу етті отырғандар.  
Жауға талай жебе боп атылғандар  
Су түбінен талайды шығарып ап,  
Су түбіне талайды батырғандар.

-Таңда қызды!  
-Кім болмақ қалыңдығың?  
-Қай сұлуды дер едің: “жаным, гүлім”.  
Келімберді құдаға санап бермек,  
Қалың малын бүгін...



Бір күрсініп Құдайке  
Сақалын саусағымен салалады  
Саладады...  
Жанарына шық тұрып, балалады:  
-Тұстастарым, інілер, балаларым,




Келмейді бір-бірінді алалағым,  
Бір кезде болмад менен асқан ешкім,  
Ал қазір қыз таңдайтын жаста емеспін.  
Құлаған шаңырағымды көтерсендер,  
Ие бола алмастай бос та емеспін.

Рахмет бердіңдер қалауымды,  
Көтерген- деп бір кезде жалауымды,  
Бір әйелді әйтеуір жылыта алам,  
Айтсам егер іштегі алауымды.

Қайғысы жоқ бәріңіз байсыңыздар,  
Сендер үшін соқпай –ақ қойсын ызғар.  
Таңдағаным сол болсын соны алайын,  
Кәне маған қыз берер қайсыңыз бар?

Келімберді:  
-Ағам айтқан бәрің де байсыңыздар,  
Осы елдің бетке ұстары- Айсыңыздар.  
Қалың малын екі есе айдатамын,  
Қыз берер қайсыңыз бар?

Кімде қыз бар әркімге аян еді,  
Әрқайсысы өзінше Баян еді.



Құдайке “Бәленшенің қызы” - десе.  
Бәрі оны көндіруге даяр еді.

Көктем менен қосылу күз дегенің,  
Осы сәттің әркім де іздеді емін.  
Бірақ, бірақ амал не өз қолымен  
Дей алмады ешкім де «қыз беремін».

Шешілер деп кім түйген бұлай керім,  
(Қайтаруға жиналып құдай кегін).  
Қамшымен жер шұқылап кеткендерді,  
Селкі еткізді дауысы Құдайкенің:

-Жә!

Қайтемін бір қызды қимасандар,  
Бұлай болмас еді ғой сыйласандар.  
Өзім табам шығатын жолымды да,  
Қайғыма қайғы қосып қинасандар.

Жара бітпес қара су бүріккенмен,  
Мен үрікпен, ал сендер үріккенмен.  
Досым бар, аты оның Қожанәпес,  
Қыз алам сол досымнан – түрікпеннен.

Қиямет қайымдағы досым еді,  
Тар тағдыр табыстырып, қосып еді.  
Бір берсе қызын маған сол береді,  
Құда түс Келімберді  
Өтінішім осы менің!!!







## ГӨЗЕЛ СҰЛУ

Әлқисса. Келімберді Құдайке ағасының айшылық алыстағы түрікпен досына құдалар аттандырды. Бір кезде Құдайке қолға түскен Қожанәпесті кепілдікке алып, ажалына ара түсіп, астына ат мінгізіп еліне қайтарған болатын.

“Құдайке, қарызымды тірі жүрсем бір өтермін”, деген сонда досы аттанып бара жатып.


“Еліңе аман-есен жет. Үйлен. Қатының қыз туса ұлыма құда түсем” - деген Құдайке де әзілдеп.

Борыштың аты борыш. Құдалар енді түрікпен жамағайынның қызын баласына емес Құдайкенің өзіне айттыра бара жатыр. Өйткені басын әдемі бастап, аяғын қожыратып жіберген еліне өкпелі. Құдайкенің қалауы солай. “Бар болса көре алмайтын, жоқ болса бере алмайтын” ағайын осы.

Қазақ досының елінен келген қонақты Қожанәпес құрақ ұшып бір күн күтті, ешкім бұйымтайын айтпады, екі күн күтті, ешкім бұйымтайын айтпады. Үшінші күні Қожанәпес: “е-е, қонақтарым бұйымтайларың болса айта отырыңдар, Құдайке досымның отбасы аман ба?” - деді. Қонақтардың да күткені де осы сұрақ болатын. Сыр түйіні ағытылды.

Қожанәпес үнсіз отырып қалды. Өңі қуқылданып кетті. Көп отырды. Сосын “Шаруаларыңның жауабын үш күннен кейін аласыңдар” - деді де тұрып жүре берді.

Содан бір күн өтті, бұларды елеген ешкім болмады, екі күн өтті, бұларды елеген ешкім болмады, тіпті ұмытып та кеткендей, үшінші күні Қожанәпес келді: “Уа, құдалар құдай алдында берген уәдемді жұтпаймын, Құдайкенің



басына іс түскен екен, бауыр еті баламды оның түтінін түтетіп, орнын оңалтуға көндірдім. Тек бір тілегім бар. Қызым Гөзелден туған ұрпақ өз қарымына менің де қарымымды қосып атаса болғаны. Қызымның көші анау төбенің бауырында бара жатқан, ал аттаныңдар!” - деді.

## СӨЗ СОҢЫ

Солай досым,  
Жал бітеді арықтаса жалдыға,  
Кермек жұтқан көп асайды балды да,  
Арқасында қиын кезгі достықтың,  
Жүре берді сөнген ошақ.  
Қайта лаулап жанды да.

Солай досым,  
Өмір көлін кешеміз,  
Бірде қайтып, бірде қайтпай өсеміз.  
Екі ұл тапты жетпістегі әкемнен,  
Он бестегі жап-жас Гөзел шешеміз.  
Жанды талай, сөнді талай сан арман,  
Ұшқын атып, жалын атып жанардан.  
“Түрікмен Адай” аталады қазірде,  
Өнген ұрпақ, өскен ұрпақ солардан.

Солай досым,  
Түсіміз бір күн аптабы қақтаған,  
Ісіміз бір тұлпар ұстап баптаған.  
Даламыз біз –кең көсілген иенбіз,  
Бірімізге нағашымыз, жиенбіз,  
Айдап салса аттан салдық тек қана.

САЛЫҚБАЕВ Сыдық- (1937-1978ж.ж.) Аманкелді селолық кеңесінде дүниеге келді. “Коммунизм таңы”, “Қаракұм” совхоздарында механизатор болды. Қолы бос кезінде әңгіме жазумен, аудармамен айналысты.

## *БІР ТҮНГІ ҮШ КӨРІНІС*

Кешкі сағат 8. Жұмыстан келгесін әл-ауқат жинап, қарындастарымның сабақтарын пысықтатып отыр ем:

Тук. Тук... Есік қағылды.

-Кіріңіз.

Үйге киномеханик Сатан кірді. Жүзінде реніш бар.

-Қырынатын ұстараңыз бар ма?- деп сирек өскен селеудей әр жерде бір тал сақал-мұртын сипап, бесінші үй....

-Алыңыз. Ұстайтын сабы қолға әзер ілінетін мұрты сетік станогымды ұсындым.- Қуана –қуана ол кетті.

Түнгі сағат 11.30 Отанның шекарасын күзеткен сақшыдай балалардың ұйқысын бұзбас үшін газеттердегі соңғы жаңалықты ақырын оқып отыр едім. Кенет тук тук... Есік қағылды.

-Кіріңіз.

-Кеш жарық,- деп кірді толық аққұбаша келіншек, - кешіресіздер мазаланғаныма. Еріме кеудеше тігем деп инемді сындырып алғаным. Сіздің үйде бар дегесін...- деп күмілжіді.

-Ғафу етіңіз,- деді әйелім, -сол құрғырды іздеп табанымнан сарсылғаныма көп айдың жүзі болды.

Тәтті ұйқының құшағында жатқан кезіміз. Терезені қатты қаққан дыбыстан шошып ояндық. Балалар жылап, үлкендеріміз абыржып, лезде берекеміз кетті.

-Ойпырмай,- деп күбірлейді әйелім,- жақсылық болғай.

-Кімсің әй?....

-Кенесарымын.

-Жайшылық па, жарқыным?

-Баламыз тұмауратып... дәрігердің әбігерінде жүргенде шамның шынысын...-Аржағын айта алмай, бір бүйіріне кардон қағазды жамай қойған, бел омыртқасынан үзік шыныға қарай қалыпты. Әйелім үн-түнсіз қалған бір шамның тұрбасын одеялға орап құндақтап, қолына ұстатты. Рахмет айтпастан жүгіре басып ол кетті... Мен сағатқа қарадым. Түнгі үш.


Бұл оқиғалар бір түндік өткінші емес. Совхозымызда әр кеш сайын әдетке айналып барады. Бар болып тұрса, мезгілсіз бөлінген ұйқыға ренжімейміз. Ине, тарақ, жіп, шам тұрбасы, ұстара шәйнек, шыны аяқ т.б. күнбе-күн тұтынатын бұйымдарды совхоз дүкендерінен көрмегелі не заман. Осы бұйымдарды майда-шүйде деп көңіл бөлмейтін сауда орнының басшыларына өкпеміз зор.

*Алексей Глебов*

**“РЮМ, РЮМ, РЮМ...”**

*(әңгіме)*

Мылтық даусынан шошынған бір топ қарға деревня үстінен айнала ұшып жүр. Қысқы күн батуға жақын. Ермолаевка қыстағына күн батар алдындағы салқында, күн де нұрын төгіп, алқызыл түрге ендірген. Немістер орналасқан клуб мұржасынан қою қара түтін аспандата будақтайды. Саша өз үйінің шарбағына жақындағанда,



дәлізге қатқан мұздарды таяқпен қырнап жүрген анасын көрді.

-Сен қайда жоғалып кеттің?- деп күңкілдеді шешесі.- Сақтан, немістер атып тастар сені. Үйге жүр!- деп бұйырды,- Көрдің бе аспан да қарауытып барады.

Саша үнсіз дәлізге көтеріліп, пимасына жұққан ұлпа қарларды сыпырғышпен тазартып, ішке енді.

Бөлме тып-тыныш. Бір апта бұрын ұсталған снегири (суық торғай) қызыл допша бүк түсіп, тор ішінде тәтті ұйқыға бөленіпті. Саша торға жақын келіп, ақырын ысқырды. Снегирь дүр-дүр сілкініп, кеудесін көтере, “рюм”, “рюм” – деп сайрай жөнелді. Саша жаңқалтасын ақтарып, бірнеше түйір ас бұршақтың дәнін торға шашты. Снегирь тұғырынан түсіп, тағы да “рюм”, “рюм” деп әндетті.

Анасы келіп, тор алдына тұрған Сашаға:

-Снегирьді тығып қой, Хлюгель келсе тартып алады. Ол ауланы күнбе-күн тіміскілейді ғой, - деді.

-Оған не қажет болсын.


Ол тауық аулайды, -деп жауап берді Саша. Кешкілікте Саша сылдыр көже мен бір кеспек қатқан қара нанмен жүрек жалғап, пеш үстіне жата кетті.

-Саша! Сен ертең алма ағаштарын әкеп таста, қояндар кеміріп қояр емес, -деп өтінді анасы.

-Істемеймін. Бәрібір немістер оларды отынға кеседі.- Анасы ауыр күрсінді. Солдаттар клубтың екі пешінің отын сөндірмейтінін өзі де көріп жүрген.

Хлюгель таңертең келді.

Үйде Саша жалғыз еді. Ол пеш үстіне үнсіз, генерал деншигінің әр қимылын бағып жатты. Міне, ол қияр іздеп кадқаға үңілді.... Сол қолында атып алған екі тауығы бар.



Өзінің әтешін жазбай таныды, етті, айдарлы. Жазылған қанаттары қаракөк. Хлюгель тор алдына түсіріп, қызыл кеуделі құсты анығырақ көру үшін терезеге жақындатты. Саша шыдай алмады, пештен секіріп түсіп торға жармасты.

-Бермеймін... Әтешті өлтіргенің жетпей ме... Үйден шық, ұзын сирақ тырна!- деп айқайлайды.

Денщик балаға кектене қарады. Бірақ терезеден өтіп бара жатқан генералдың машинасын көріп қалып, торды тастап үйден жүгіре шықты.

Сашаның күткеніндей ол кешке құсқа қайтып келді.

Сашка құсты неміске сабырлы қалпында берді. Мамасы аң-таң.

-Тамаша әнші құс,- деді денщик, торды қолына алып. Мен оны генералға сыйлаймын.

-Өте күшті әндетеді,- деп қояды Саша.

-Сен немене генералдың қызметшісі болғың келе ме?- деп қатаң сұрады шешесі неміс кеткен соң. Сашка күліп жіберді:

-Тордағы снегирь емес және тор да ескі, көр де тұр, үйіне жетпей қаусап қалады,- деп күлді Саша. Анасы ештеңе ұқпады.

-Тағы не ойлап таптың?

-Онша ештеңе емес... Мен Хлюгельге торғай ұстап алып, төсін қызыл сырмен сырладым... Мейлі, шикылдай берсін.

-Снегирің қайда?

-Тығып тастадым, жүр көрсетейін. –Екеуі шардаққа көтерілді. Жым-жырт, өлі тыныштық. Үйдің ескі төбесінен түн шапағатына бөленген аспан көрінеді. Тор ең жоғарғы белдікке ілінген екен.

-Сақ бол, ұлым, Хлюгель сезсе, жаман болады,- деп анасы Сашаға сақтық білдірді.

-Сезбейді,- деп сендірді Саша.- мама, фашистерді қашан қуып шығар екен,- деп сұрады.

-Кім біледі, деп күрсінді анасы,- енді қашық болмас, біздің әскерлер шабуылдауда дейді ғой.

Алыстан тұншыға артиллерия гүрсілі естілді. “Рюм-рюм...рюм...” деп кенеттен тор ішінен жауап берді снегирь артиллерия үніне.

Саша күлімдеп жоғары қарады. Биікте, ақшыл-жарық шапаққа малынған аспанда алтын нүктелі жұлдыздар жымындайды. “рюм...рюм....рюм...,”-деп өзінің қысқы ұзақ әніне салды снегирь.

*Алексей Глебов*

## **ҚҰМЫРА ҚАЛАЙ СОҒЫСТЫ**

*(Әңгіме)*

Әжесінің қақпағы ашық сандықтың алдында отырып, қолындағы қыш сынықтарына ұзақ қарап таза, кестелі орамалға мұқият орап салғанын көріп, Гриша:

-Әже, ол ненің сынықтары?- деп сұрады.

-Бұл сынық құмыра. Ұрысқа қатысқан.

-Кім?- деп таңырқады Гриша.

-Құмыра,- деп әзілсіз жауап берді Әжесі.

-Құмыралар соғыспайды,- деді Гриша.

-Ал бұл соғысқан...

Әжесі Гришаға қарапайым қыш құмыраның фашистермен қалай соғысқанын әңгімелеп берді.

-Ол жазда біздің қарт құрылысқа ағаш шебері болып

кеткен еді,- деп бастады әңгімесін әжесі.

-Мен үйде Сережамен жалғыз қалдым. Ол онда 6 жасқа аяқ басқан еді. Ал күзде селомызға мотоциклді немістер басып кірді. Жауыздар егіске түскен шегірткедей қаптап кетті. Біздің пәтеріміз әрі кең, әрі жарық болғандықтан неміс генералы орналасты. Генерал төргі бөлмеге жайғасты да қарғыс атқыр Хлюгель Сережа екеуімізді суық сенеге қуып шықты.

-Хлюгель деген кім?- деп сұрады Гриша.

-Генералдың деншигі сирағы сондай ұзын, үй ішінде тырна дерсің. Өздерінің басшысы Гитлердің портретін қабырғаға іліп қойып, “Хайль Гитлер” деп айқайлап суретке қолын созып, күніне сан рет қайталайтын. Бейне жая бітіретін серіппе дерсің. Бірде сиырымды “Дальный” шабындығына айдап салып ауылға қайтып келе жатқанымда, біреу менің атым мен әкемнің атын атап шақырады. “Жасаған-ай!”- дедім ішімнен кім болуы мүмкін. Жалт қарасам, өзіміздің агроном Нил Васильевич.

-Сәлематсыз ба, Екатерина Яковлевна,- деді жақындап.

-Сәлеметсыз ба?

-Менің сізде шаруам бар еді...

-Қандай?

-Сіз бізге көмектесуіңіз керек, Екатерина Яковлевна.

-Неңдей көмек бере аламын Нил Васильевич?- деп сұрадым.

-Староста Пешка – Валет сіздерде жиі бола ма?

-Жиі. Күнде тілмашпен бірге келеді. Не үшін?

-Құлағыңызды түре жүріңіз,- деп тапсырды Нил Васильевич.

Мен онымен немістер жауыздық әрекет жасамақ болса,



күпия белгі бермек болып келістім. Үйден шығуға Нил Васильевич рұқсат етпеді. Істерімізді сезіп қалуы мүмкін.


-Әже, қандай белгі бермек болдың? Өлең айту ма?

-Е, жоқ,- деп күлімсіреді әжесі.- Ол кезде өлеңге құштар адам жоқ болатын. Тыңда. Осыдан кейін мен олардың сөздеріне құлақ түріп, әрекеттерін білуге құштарландым. Пеш жағып жүрген боламын да сөздерін тындаймын. Олар өздерінше-немісше мыңқылдайды, түсінбеймін. Тек Пашка-Валетке тілмаш арқылы бұйрық бергенде ғана бәрін ажыратам да сол бойда хабарлаймын. Мысалы, немістер деревняны тінтіп, жаралы қызыл әскерлерді атпақ болса, онда мен құмыраны мына жол жақтағы терезе алдына қоямын. Егер “Марьин” орманындағы партизандарға қарсы жорық ұйымдастырып, оны Пашка-Валет бастап баратын болса, құмыраны орманға қараған терезе алдына қоямын. Біздер Нил Васильевич екеуміз осылай жиі-жиі әңгімелесетінбіз. Ал ол не істеу керегін біледі, сенімді балаларды жиып алып біреулерін орманға, біреулерін үйлерге бөліп жібереді. Немістер қанша тіміскелесе де бірде-бір қызыл әскерді таба алмады.

-Әже, құмыраны кім сындырды?- деп сұрады Гриша тағатсыздана.

-Ұрыста сынды,- деп күрсінді әжесі. –Бірде партизандар немістің мотоциклшілер колоннасына шабуыл жасады. Естимін, түнде атыс үдей түсті. Ал біздің үйдің маңында басымырақ. Есікті ашып, үй ішіне көз салсам, терезе алды астан-кестен. Сыртта мотоциклдер от құшағына оранған. Үрейі ұшқан генерал пеш үстінде мұржаға сүйеніп отыр. Қолындағы пистолетті дір-дір етеді.

Хлюгель әр терезеден бір атып үй ішінде сенделуде.




Далада ұрыс аяқталса да ол автоматын тырылдатуда. Қарғыс атқыр барлық терезені талқан етіпті. Таңертең еденде сынып жатқан құмыраны көрдім, қатты қапаландым. Тек жаңқалары қалыпты. “Жауынгерім менің” –деп жұбаттым өзімді-өзім... Сынықтарын жиып алып таза ормалға орап жеңіс күніне деп сақтадым. Әлі сақтап келемін.

**САҚТАҒАНОВ Таубай** – 1950 ж.т. Жамбыл технологиялық институтын тәмамдаған. Жылыой ауданының бас сәулетшісі, аудан әкімнің орынбасары болып істеді. “Атырау айдыны” жинағында бір топ өлеңдері шықты. Жыр сүйер қауымға сонау 70-жылдардың басынан бастап өзінің сықақтарымен, сезім қылын тербеген лирикасымен жақсы таныс. Ол соңғы жылдары музаға да бой ұра бастапты. Бүгін біз бұл күнде 50-дің асқарына шығып отырған жерлес ақынның әнін баспесөз бетінде тұңғыш жариялап отырмыз.

### ***ЖОҒАЛҒАН МАХАББАТ***

Пәк сезіммен жанарыңның күн күлген,  
Сұлу едің, ерекше бір сүйкімді ең.  
Айырмастай болатұғын бізді ешкім,  
Айырылысып кетеміз деп кім білген.

Болған жайдың ақ-қарасы айырылмай,  
Ашуменен кетіп қалдың қайырылмай.  
Бір арамза ортамызға от салды,  
Ғашықтарға обал ғой деп қайғырмай.



Өз жүрегім өз еркіме бағынбай,  
Күйіп-жанып табар емес жаным жай.  
Сені іздеумен жылдар өтіп барады,  
Таппадым ғой, жоқ боп кеттің сағымдай.

Үміт үзген сезімдерден тот басып,  
Қай кезде де қосылмаған қос ғашық.  
Бұл ғұмырдан баз кешермін серіксіз,  
Қайта келмес махаббатпен қоштасып.




Тек бір рет жүрегімде көктеген,  
Менің үшін өмірімнің көктемі ең.  
Қош бол енді, махаббатым жоғалған,  
Қош бол енді, ақ арманым жетпеген.

## ***АРУЛАРҒА ЖЫР-ШАШУ***

Бүгін әлем ерекше нұрланады,  
Жапырағы жанымның бүр жарады.  
Келді міне, көктемім тағы айналып  
Қызғалдағын қыздарға сыйлағалы.

Алшаң басқан төрінде Құлсарының,  
Құрманғазы, Махамбет ұрпағымын.  
Мейірбанды апалар, ару қыздар  
Мерекеңе шашайын жыр шашуын.

Қандай әсем қыздар –ау қиылғаның,



Кетіпсіндер құлпырып бүгін бәрің.  
Сегізінші наурызың құтты болсын  
Аяулы, адал жанды сұлуларым.




Әрбір үйдің інжуі, асылдары,  
Біреудің қыз, біреудің асыл жары.  
Құтты болсын, бұл келген мейрамдарың  
Жан жайнатар жаңа бір ғасырдағы.

Гүлдер қаптап өсетін бөктердегі,  
Жанға жайлы самал боп ескен лебі.  
Құтты болсын бұл келген мейрамдарың.  
Махаббаттар маусымы көктемдегі.

Әдетімен қайталап әр жылдағы,  
Дала түгіл еріген тау мұздағы.  
Құтты болсын бұл келген мейрамдарың  
Қазақтың жаңа жылы наурыздағы.

Тілекшің бар біздердей біліндерші,  
Қасымызда бірлесіп жүріндерші.  
Ден сау болып, өмірде ұзақ жасап,  
Қайғы-мұңсыз жарқырап күліндерші.








## ЖЕҢІЛТЕК ҚЫЗ БЕН МАС ЖІГІТ

(сықақ)

Бір күні кеште,  
Ештеңе жоқ есте,  
Кемпір, шал отыр еді,  
Есік ашылды да сарт-сұрт етіп,  
Баласы кіріп келді қалт-құлт етіп,

-Уа, ата-анам, мен бүгін маспын  
Сонда иесі болмай әзір астың.  
Бақтарыңды келіп тұрмын ашқым,  
Келін-келін деп талай рет  
Миымды мүжідіндер,  
Соны естіп балаң қалай жүреді,  
Келін сыртта, ал кәне, жүгіріндер-  
Деді де тізесі бүгіліп кетті.  
Екі көзі еріксіз жұмылып кетті.

Тәңірін көрердей бір түрлі,  
Шал-кемпір есікке ұмтылды.  
Беті подыр, шашы үрпиген,  
Көйлегі шоп-шолақ селтиген,  
Көзі тұздай,  
Түсі мұздай,  
Аумаған құбыжықты көріп,  
Кетсе де іштей безіп,  
Сыпайлық көрсетіп жүр түрлі,  
Үйге мәпелеп кіргізді.  
Таң атып, ел де жиналды,  
Оята алмай мас баласын.  
Шал-кемпір қатты қиналды.






Халық біраз шуласқан соң,  
Бетіне суық су шашқан соң,  
Әзер дегенде тұрып.  
Мойынын бұрып,  
Қызды көрді де кенеттен  
Танғандай болып шын естен  
Жігіттің жүрегі дүрсілдеп:  
-“Ау, сен мұнда қайдан жүрсің”- деп  
Аң-таң болды.  
Қыз ашудан талқан болды  
Сөйтсек жігіт сүймепті,  
Мастықпен байқамай “жүр”- депті,  
Жеңілтек қыз желігіп,  
Қол қағуды білмепті.

## **САҒЫНЫШ**

Ләззат алып ем жаныма сенен,  
Сен десе сең боп ағылады өлең.  
Алыста жүрген ақ ару еркем,  
Мен сені аңсап сағына берем.

Жататын күзде атырап толып,  
Сарғайып жүрмін жапырақ болып.  
Күн-түні сені ойлаумен тынбай,  
Кетер ме екен шашыма ақ толып.

Сүңгіген кезде ой орманына,  
Суретінді алып қоям жаныма,  
Түсімде сені аймалап тұрып,  
Өкіндім талай оянғаныма.



Көріндің маған дара шындардай,  
Жетсем деп жүрмін тағатым қалмай.  
Ойласам сені боламын бейне,  
Сағыныштардан жаратылғандай.

## *ЕТ ӘЛЕГІ*

Дүкенге майлы,  
Жанға жайлы  
Ет түсті деп естіп қалдық.  
Біздің де тесік қой тамағымыз,  
Жетіп бардық.  
Құдай басқа салмасын,  
Іздеп-іздеп таппадық,  
Тұрар кезектің жалғасын.  
Бақсақ жұрттың бәрі де,  
Етті көріп желігіп,  
Сыйынған екен әліне,  
Жұлқысып, қырқысып  
Бір-бірін тілдеп жағы тынбайды,  
Ет дүкенді бейне бір,  
Рейхстаг тұрғандай шабуылдайды.  
Сатушы Рысты,  
Күлкісімен жымысқы,  
Екшемей бұрыс-дұрысты,  
Таразының ет жағы баспаса да,  
Оңды-солды сырғытып тұр.  
Түскен ақшаны түп-тура,  
Көмейіне қылғытып тұр.






**СИСЕНБЕРДИЕВ Әбдіқалық**- 1959 жылы Аманкелді селолық Кеңесінде туған. Гурьев пединститутының түлегі. Мұғалім, “Кең Жылыой” газетінің бас редакторы. Аудандық, облыстық Кеңес депутаты болды. Бүгінде “Құлсары” газетінің бас редакторы.

## **ҚЫСҚЫ ТҮН**

Аспан ашық,  
Жер де аппақ, бәрі аппақ,  
Ай жүзеді  
Бақтың ішін тарақтап.  
Қаңбақ әне,  
Долы желдің ермегі,  
Ық іздейді  
Ықтиярсыз далақтап,  
Арық біткен  
Көше бойлай жарысқан,  
Қыс-тентекпен  
Талай мәрте танысқан.  
Көмекейін  
Көп кешікпей кернейді үн,  
Ажары боп,  
Келер көктем алыстан.  
Қыр астында  
Қайғы басып қабағын,  
Қорқау жатыр  
Тарс айырып талағын.  
Күміс шеге  
Көк жүзінде тербейді,  
Алақанға





Алып алтын табағын.  
Сыр құйылар  
Көкірекке бұ шақта  
Сезімінді  
Ұстау қиын тұсап та,  
Салқындығын  
Сезінбесін деп мезгілдің  
Сүйгенімді  
Тарттым ыстық құшаққа.

## ***БАУЫРЫМЕН ЖОРҒАЛАУШЫ***

Еңбек жауы ежелгі,  
Қырға жетпей құлаған,  
Бөтелке ішін сезер-ді,  
Қабілетсіз бұл адам.

Көгіс тартып көз алды,  
Сөгіс алды баршадан.  
Сыра досы сыралғы,  
Күндіз-түні аңсаған.

Тік жүретін аз сәті,  
Сезбес мүлде ел қамын,  
Күлге аунау мақсаты,  
Таптап арын, талғамын.

Ащы судың ері еді,  
Күйреп бітті бар талап.  
Күнде кешке келеді,  
Бауырымен жорғалап.



## ***БІР “МЫҚТЫҒА”***

Жазушымын, ақынмын,  
деп кеудесін кереді.  
жайлап алған бәрін мін,  
су татиды өлеңі.  
Жыпылықтап жанары,  
Жарымаған ойға бай.  
Өмірден жоқ хабары,  
Өнерді қор ғып қойғаны ай.  
Оңынан туған жоқ айың,  
Ығыр қылдың бар маңды.  
Көріп жүрміз күн сайын,  
Қуыс кеуде бір жанды.

## ***АШКӨЗ БАСБУХ***

Ойға түсті сыймады,  
Қырға шықты сыймады.  
Жебірлігі, құлқыны,  
Тиын жұт деп қинады.  
Жүргенменен жалмандап  
Аспады іске ақылы  
Жұтқаны шығып желкеден  
Қуылып кетті ақыры.



---

**БІР МЫҚТЫ**  
**(сықақ)**

Жалынды, жылады, ақырында,  
Жайлы жерге тұрып алды.  
Алайда қойманың “рулін”  
Өз пайдасына бұрып алды.  
Яғни,  
ғұмыр бойы ел үстінен күнелтті,  
Бағалы бұйымдарды  
жең ұшынан жөнелтті.  
Төрт қабырғаға кілем ұстады  
Ол аз болғандай  
Жаман жарбайдың жабуын да  
Түгі құлпырған мақпалмен тыстады.  
Ауыз бен саусаққа  
алтын мен күмісті тізіпті,  
Жұрттың бәрін кенеше сорып,  
адалдық деген ауылдан қол үзіпті.  
Бірақ,  
аяқ астынан  
өзгеретін болды тұрақ.  
Бақсақ, тапқыр тергеушілер тергеуге алыпты  
Әйгілі жебірдің  
Бар кінәсін мойнына салыпты  
Сөйтіп көз жасын байғұс бір сықты,  
жұтқанын қайта құсу үшін  
Түрменің төрінен бір шықты.



## ТАЛМАЙДЫ СЕНІМ ҚАНАТЫ

-өлең-очерк-




Құм өңіріндегі малшылар арасында жүргізуші Сағын Құрмановтың есімі зор ілтипатпен аталады. Өйткені, ол күн сайын жүздеген шақырым жол жүріп, шалғай отарларға су жеткізіп жүр.

Өркені боп өнегелі өмірдің,  
Шуағына келер күннің көмілдің.  
Бұлағына шомылдық да бақыттың,  
Гүлге оранған белестерден көріндің

Сұңғыла ой тектен-текке келмеген,  
Игі дәстүр толқынында тербеген.  
Халық үшін тер төгуді ұнаттың,  
Қиял-сұңқар қанаттарын сермеген.

Арайланып бұла тандар әр атқан,  
Шұғыласын бұла жанға таратқан.  
Жас дәуреннің жалын атқан шақтарын.  
Туған елдің кәдесіне жаратқан.

Тарау жолын басарына тағдырдың,  
Сусыныңды пәк тілекпен қандырдың.  
Өзінді де, өзгені де толғантып  
Өзінді де, өзгені де жандырдың.



Тағылымы ағалардың тербетіп,  
Толқып тұрып, сен қарадың өрге тік.  
Қошаметпен құрбыларың қол қысты,  
Анық, анық кедергі жоқ ерге түк.


Ілкі қадам кетті солай басталып,  
Сенімі зор кәрі де алып, жас та алып.  
Болбырлықтың текеметін тілдің де,  
Тарттың өрге талап атты тасты алып.

Бұзып өту қиындықтың қамалын,  
Қиын болды. Таптың бірақ амалын.  
Тығырыққа тірелгенде дел-сал боп,  
Тәлімгердің іздеріне қарадың.

Жасық болу саған бөтен қылық тым,  
Сала сырын мың түсініп, мың ұқтың.  
Жол азабы алған сәтте жағадан,  
Жарық айдың жанарынан сыр ұқтың.

Ақ көйлекті сағымдарды қусаң мың,  
Шаршағаның естен шығып бусандың.  
Серіппедей сеніміңнің тұтқасын,  
Бір түбіне байлап қойдың жусанның.

Тәуір болса “темір тұлпар” күтімі,  
Қарсы алады қасқа жолдың бүтіні.  
Шалғай кетсең, шақыратын қол бұлғап,  
Маяк болып туған жердің түтіні.



Күш-жігердің қайнары боп білегі,  
Ел қамы үшін дүрс-дүрс соқты жүрегі.  
Адастырмай абыройға бөледі,  
Ата-ананың, құрбы, достың тілегі.

Семсер сенім құрсауларды сөгеді,  
Көш басында Сағын досым келеді.  
Сыры тылсым бұйрат құмдар серігі,  
Мал қамы үшін маңдай терін төгеді.

### ***ДӘРІГЕР***

Күмбір-күмбір күйге кеудең тола ма,  
Арман –асу талпынбасаң бола ма.  
Жалт-жұлт еткен дүниенің сыры көп,  
Гүлін сыйлап жатыр саған Жер-Ана.

Сыңғыр-сыңғыр күлкілердің еліне,  
Сақшы болдың, шықтың сыйлы төріне.  
Жанашыры бол жақсы мен жаңаның.  
Жамандықтан жүр әрқашан жеріне.

Былдыр-былдыр балалықтың базары,  
Бар қайғыны бір-ақ сәтте жазады.  
Кіп-кішкентай сүттен де ақ жүректер  
Нәзік қолдан жанға сая табады.

Тасып-тасып сөйлегенде нар мүсін,  
Дейсің анық: асқар таулар, армысың!  
Дерттің бәрін жояр сәтте білегің,



Арқалайсың аналардың алғысын.

Жанып-жанып көрік кеуде кетеді,  
Жігіт жанар дидарының жетегі.  
Түнің әрбір көктемдей боп өтеді.

Қиындықпен келдің талай бетпе-бет,  
Ажалменен түстің және жекпе-жек.  
Таудай талап тізгініне жармасқан.  
Тас түлекке ешқашан да жоқ бөгет.

Игі істердің болмайды ұсақ-ірісі,  
Игілігі барлық жанның тынысы.  
Игеретін таңың сенің толағай.  
Иен байлық жасау жастың бір ісі.

Таулар биік талабыңның өлшемі,  
Дала дархан көңіліңнің жоқ шегі.  
Көкшіл теңіз шамырқанған шабытың,  
Көкорай бел көтереді еңсеңді.

Қиын әлі білу ақ пен қараны,  
Тың талпыныс сан түйінді табады.  
Сезіміңнің, төзіміңнің айнасы,-  
Сырқаттардың қасы менен қабағы.

Адам жаны. Адам жаны күрделі,  
Іс тындыру оңай емес іргелі.  
Тәуекелің сөкті ажалдың іргесін.  
Ал шындығы білім, жігер бірге еді.



---

## ШАШУ



Кел, Жаңа жыл!  
Өскен елдің төріне.  
Өскен елдің екпін сыйла еріне,  
Өткен күнде бар қызығар өнеге  
Өспес жанға қара және жеріне.  
Кел, Жаңа жыл!  
Өрелі істің басы боп,  
Өрен іскер, оның анық досы көп.  
Өшпес мәңгі қолтаңбанды беріп кет,  
Өркенді елге сыйлайтыным осы деп.  
Кел, Жаңа жыл!  
Өрге сүйре, асықтыр,  
Өлкем байтақ, құрыш қолға ғашық қыр.  
Өркеніңе тау бұзатын қуат бер,  
Өректің, қалсын толып, тасып бір.  
Кел, Жаңа жыл!  
Өлкем гүлі, бауы боп,  
Өміріне атылмасын қауіп-оқ  
Өр кеудеңмен қаскүнемді қағып өт,  
Өрісі тар, шығып кетер тауы жоқ.  
Кел, Жаңа жыл!  
Өрсін қырда төрт түлік,  
Өнерлісің, тал бойыңда көп қылық,  
Өзегі бол отты-отты өлеңнің,  
Өсіре бер көңілдерді тоқ қылып.  
Кел, Жаңа жыл!  
Өбіп беттен баршаны,  
Өнегенді жердің беті аңсады,  
Өзің болшы өмірімнің бұлбұлы.  
Өзің болшы күйім, жырым, ән сазы.



**СЕНГІРБАЕВ Аманғали** (1950-1989ж.ж.) Аманкелді селолық Кеңесінде туған Ақкиізтоғай селосында әртүрлі салада еңбек етті. Аудандық “Ембі” газетінде фототілші болып істеді. Сенгірбаев - сергек сезімді, жаны ізгі көңілі таза жігіт еді. Ол қаламы қарымды, көзі көреген, көңілі жүйрік журналист ретінде аудан жұртшылығына кең танылды. Оның очерктері мен суреттемелерінен өскелең өмір лебі, зерделі замандас келбеті, адамгершіліктің ішкі ой-иірімдері парасаттылықтан сарабдал сырлары сезілуші еді. Өлеңдері ойға құрылатын.


### ***ЖАҢА ЖЫЛ КЕЛІП...***

Жаңа жыл келіп, әр үйдің қақты есігін,  
Жаңа жыл келіп, тербетті сәби бесігін.  
Жастықтың, сірә, паш етуге жалынын,  
Әр өңірге жазудан тынбай есімін.

Жаңа жыл келіп, балауса арман гүл атты,  
Жаңа жыл келіп, күн нұрын төкті шуақты.  
Асыға күткен арманды күнде менің де,  
Шабытым шалқып, жүректе тасып жыр жатты.

### ***ІЗДЕЙМІН СЕНІ***

Іздеймін сені, арманым,  
Сайраған бұлбұл бақтардан.  
Іздеймін, сені арманым,  
Арымдай таза ақ қардан.



Іздеймін сені, арманым,  
Қызғалдақ толы қырлардан.  
Іздеймін сені, арманым,  
Сезімге толы сырлардан.

Іздеймін сені, арманым,  
Арайлап атқан әр таңнан.  
Іздеймін сені, арманым,  
Көргенше сені ортадан.


## ***АРМАНМЕН СЫРЛАСУ***

Арман, арман!  
Сұлумысың айлы кеште танысқан,  
Сағымбысың бұлдыраған алыстан.  
Өткел бермес тереңбісің әлде сен,  
Жаратылған үйірімді ағыстан.

Арман, арман!  
Ғашықтысың оңашада табысқан,  
Жүйріктісің ауыздықпен алысқан.  
Күтіп-ақ тұр (оза алам ба білмеймін)  
Сан бәйгі мен жарыстар.

## ***СЕНДЕРДІ САҒЫНАМЫН***

Достар, достар мен сендерді сағынып,  
Кезіп кетем кең әлемді сабылып.  
Жанарыма жас іркілтіп, ыңғи да,  
Ақ жүрекке ұялатып ақ үміт.



Достар, достар мен сендерді сағынып,  
Отырамын кей сәттерде жабығып.  
Ар жұлдызы көкірегімде жарқ етіп,  
Ұшсам деймін сұңқарлардай ақ иық.

## *АРНАУ*

Ақкиізтоғай арулары, армысың,  
Қастерлеген махаббат пен арды шын.  
Достық, еңбек, бақыт үшін баянды.  
Жұмсап жүрген бойындағы бар күшін.


Гүл ұсынса жігіт қолын қақпандар,  
Осы гүлден өз бақытын тапқан бар.  
Осы гүлден өмірге жол басталып,  
Алдарыңнан күліп атар ақ таңдар.

Гүл-махаббат аялаңдар, сақтаңдар,  
Солдырмасын аязы мол ақпандар.  
Түн ұйқысын төртке бөліп, тербеткен  
Ана еңбегін, ана сүтін ақтаңдар.

## *СЫРҒАНАҚТА*

Ақша қар беті жарқылдап,  
Меруерт сәуле ойнайды.  
Шыңылтыр аяз қарқындап,  
Шымшуын әсте қоймайды.

Думанға бөгіп сырғанақ  
Қызығы жанды баурайды.




Тоймайды көзің бір қарап,  
Базарлы бақтан аумайды.

Суығын күннің елемей,  
Балалар қарда аунайды.  
Астында шана кемедей,  
Төбеден төмен заулайды.

Жарысады, талмайды.  
Кім чемпион саналар?!  
Жеңіске жеңіс жалғайды,  
Шанасы жүйрік балалар.  
Озуға бәрі ынгазар,  
Қалғандары ызалы,  
Осылайша бұл базар,  
Күн батқанша қызады.

### ***ЖЕТКІНШЕГІМ***

Орындалып жүрек жарды арманың,  
Нұрға толсын, жырға толсын жан-жағың.  
Елің сыйлар азамат боп ержетіп,  
Биік болсын өмірдегі талғамың.  
Қиынды сүй, жеңілдікті қалама,  
Еңбек қана ұяласын санаңа.  
Ауыздықта адалдықтың тұлпарын,  
Мандай терің тамсын туған далаңа.  
Жыға алмас аяғыңнан шалып көрген,  
Халық ұлысың- есімің Халықберген,  
Анаңның ақ тілегі, сағынышы,



Болар сені- өмірге алып келген.  
Сол ананың ақ сүтін ақтағайсың,  
Өсиетін мәңгі есте сақтағайсың.  
Қашанда дұшпаныңа қатал болып,  
Ұсынған достар қолын қақпағайсың.  
Жігерінді қайратыңа жанып ал,  
Ақырын бас, ақ-қараны танып ал.  
Биік ұста азаматтық арыңды,  
Туған жердің кәусарынан қанып ал,  
Адамдықтан аулақтатар алысқа,  
Шалағайлық шылбырына жабыспа.  
Есінде ұста: “Ерді намыс өлтірер”,  
Жігіт болсаң намысқа шап, намысқа.

## ***АҚКИІЗТОҒАЙ АРУЛАРЫ***

Ақкиізтоғай арулары, армысың,  
Қастерлеген махаббат пен арды шын.  
Достық, еңбек, бақыт үшін баянды,  
Жұмсап жүрген бойындағы бар күшін.

Гүл ұсынса жігіт қолын қақпандар,  
Осы гүлден өз бақытын тапқан бар.  
Осы гүлден өмірге жол басталып,  
Алдарыңнан күліп атар ақ таңдар.

Мұңаймандар, жүріндірші жүз күліп,  
Адастырмай жүректегі ізгі үміт.  
От шашындар жай оғындай жарқылдап,  
Нұрлы аспанды торламасын күзгі бұлт.



## НАҚЫЛ ЖОЛДАР

Ақиқатты ренжітсең,  
Ар түбіне жетеді  
Күн күлкіні ренжітсең,  
Көз жасы боп кетеді.  
Сүйгенінді ренжітсең,  
Сүйегіңнен өтеді.  
Алақанды ренжітсең,  
Жұдырық боп кетеді.

\*\*\*

Достарымнан жақсылық күтпес едім,  
Көре тұра мінімді сынамаса,  
Өміріме көңілім бітпес еді,  
Мен өлгенде біреулер жыламаса.


Ақылдыдан жақсылық күтпес едім,  
Әділ сөзді айта алмай бұландаса,  
Өміріме көңілім бітпес еді,  
Мен өлгенде біреулер қуанбаса.

Достық деген таусылмайтын қазына,  
Көктемде солып қалар гүл емес.  
Қарамайды ол сыйдың көп пен азына,  
Нағыз достар тіпті сый да тілемес.

\*\*\*

Сүймесінді сүйемін деу,  
Сезімді алдау емес пе.  
Сүйгенінді сүймедім деу,  
Өзінді алдау емес пе?

\*\*\*



Өмірді алып домбыра деп білем мен,  
Егіз туған екі шектен тұратын.  
Бірі қайғы қабағында түнерген,  
Бірі-шаттық әлдилеген мұратын.

Бұл екеуі жұп жазбайды әуелден,  
Қосып тартсаң күй қалады құлақта.  
Жаңыласың кеудендегі әуеннен.  
Сыңар шекпен тартам десең бірақ та.



## МАЗМҰНЫ

1. Бастау немесе алғы сөз .....	6
2. Ақиқатым-адамдығым .....	9
3. Адай деген ел едік .....	11
4. Аталар туралы сыр .....	23
5. Бақтыбай .....	40
6. Шақан .....	44
7. Текен .....	52
8. Құрманбай .....	53
9. Қараша .....	61
10. Асан атадан тарайтын ауылдар .....	66
11. Құдас ата ұрпағы .....	86
12. Ас беру- ата-бабаға құрмет .....	115
13. Ата шежіре .....	120
14. Түйін .....	123
15. Бегімбеттің батырлары .....	139
16. Бегімбеттің ақындары .....	147






**Қалдыоразұлы Қонаш**

**Шежіре - ел тарихы**

Баспаның директоры Клара Оралқызы  
Безендіруші Алтынай Айдашева  
Техникалық редактор Сәуле Марданова  
Редактор Лаура Нариманова  
Беттеген Елена Мелихова  
Көркемдеуші-дизайнер Сәуле Сариева  
Дизайнер Айғали Сұлтанғұбиев

Теруге 15.07.2010 ж. жіберілді. Басуға 13.09.2010 ж. қол қойылды.  
Таралымы 800 дана.

Атырау қаласы, Баймұханов көшесі, 21  
«Ағатай» баспасы  
Тел: 8(7122) 35-74-10





**Кітаптың Бас демеушісі  
Ерболат Сағытжанұлы  
ТЕЛЕУБАЕВ**

Кітаптың Бас демеушісі Ерболат Сағытжанұлы Телеубаев 1967 жылы 30 қарашада Қызылқоға ауданының Мұқыр ауылында дүниеге келген азамат.

Өмір жолын қарапайым жүргізушіден бастаған Е.С. Телеубаев сауда саласында, Теңіз кен орнында елеулі қызметтер жасап, кейін өзін жеке кәсіпкер ретінде жан - жақты таныта білді.

Орта Азия Университетін бітірген. Жанұялы, үш қыз, екі ұлдың әкесі. Қайырымды азамат өнер иелерін, шығармашыл адамдарды ардақтап, аялап, әрдайым демеп отыруды өзіне парыз санайды.



**Атырау - 2010**